

## ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУҒА ТЫҢ СЕРПІН ҚАЖЕТ



Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің геология саласына еңбек сіңірген бір топ қайраткермен – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Серікбек Дәукеевпен, «Меридиан Петролеум» ЖШС директоры Балтабек Қуандықовпен, Қ.Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтының директоры Герой Жолтаевпен және «Минералдық ресурстар академиясы» қоғамдық бірлестігінің президенті Болат Үжкеновпен кездесті.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы геология саласы жалпы жер қойнауын пайдалану ісін қарқынды дамытудың негізі екенін және ел экономикасының маңызды құрамдас бөлшегі саналатынын атап өтті.

Президенттің пікірінше, аталған салаға, әсіресе геологиялық барлау және жер қойнауын кешенді зерттеу бағытына тың серпін беру қажет. Сондықтан жуырдағы Жолдауда Үкіметке 2026 жылға қарай геологиялық және геофизикалық барлау көлемін 2,2 миллион шаршы шақырымға дейін жеткізу міндеті жүктелді.

Мемлекет басшысының айтуынша, геологиялық барлау саласына шетелдік инвесторларды, сондай-ақ капитал мен заманауи технологияларды тарту мақсатында кешенді шаралар қабылданып жатыр. Бұл ретте инвестиция үшін геология саласының ашықтығы мен мемлекет мүддесі арасындағы теңгерімді сақтау маңызды.

Сонымен қатар кездесуде геология саласының өзекті мәселелері мен аталған бағытты ынталандыруға қатысты ұсыныстар талқыланды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев отандық геология саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін ардагер ғалымдарға алғыс айтты.

## НЕСИЕ ҚАМЫТЫ БАТЫП БАРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында банктердің тұтыну несиесімен әуестеніп кеткенін, азаматтардың шектен тыс қарызға батып жатқанын айтқан еді. Президент сондай-ақ ахуалды түзеу үшін жаңадан жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін, азаматтардың қаржы сауатын арттыру өте маңызды екенін атап өткен болатын. Кеше Мәжілісте бұл тақырыпта өткен парламенттік тыңдауда осы проблема жан-жақты талқыланды.



### ТЫҢДАУЫНАН СҰРАУЫ КӨП БОЛҒАН ЖИЫН

Мәжілістің Қаржы және бюджет комитеті ұйымдастырған парламенттік тыңдау «Халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту және қаржылық сауаттылықты арттыру» тақырыбына арналды. Оған Мәжіліс пен Сенат депутаттары, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, Ұлттық банктің басшылары, «Қарызсыз қоғам» жобасының ұйымдастырушылары мен қатысушылары, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері қатысты. Жауапты органдар – Үкімет мүшелері, агенттіктер мен құзырлы мекемелердің басшылары арнайы шақырылды.

(Жалғасы 3-бетте)

### МЕЙРАМДА ДА МЕЙРАМ БАР, ТОЙЛАНУЫ БІР БӨЛЕК



Әлемде қанша халық болса, сонша түсінік пен таным, дәстүр мен салт, мереке мен мейрам бар. Мерекелер мемлекеттік, ұлттық, кәсіби сынды түрлерге бөлінгенімен, көзге таңсық көрініп, құлаққа оғаш естілетін мейрамдар да баршылық.

### МӘУЛІТ МЕРЕКЕСІ ӨТТІ



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Астана қаласы өкілдігінің ұйымдастыруымен елорда төріндегі Бейбітшілік және келісім сарайында «Ізгілік жаршысы Өз Мұхаммед» рухани мәуліт кеші өтті.

## КӨРШІМЕН ЫНТЫМАҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ



Татулық, ынтымақтастық пен бірге бейбіт даму – елдерімізді бақытты, жарқын болашаққа бастайды. Әлемдегі ахуал қалай өзгерсе де, Қазақстан мен Қытай тату көршілік, берік достық тұжырымдамасынан танбай, мұны ұрпақтан-ұрпаққа жалғап, қазақ – қытай мәңгілік стратегиялық серіктестігін өркендеті беруге тиіс. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин келіссөз қорытындысында осыған уағдаласты. Ал екіжақты ынтымақтастықтың нәтижесі көп күттірмеуі мүмкін.

Қазақстан көшбасшысының осы жолғы Бейжіңге сапарын бірқатар сарапшы «тарихи» деп бағалады. Қытай ақпарат құралдары да тарихи деген айқындауышты жиі қолданды. Бекер емес: алғаш рет, 2013 жылы қазақ жерінде, Астанада жария етілген «Бір белдеу, бір жол»

(бүгінде оны «Белдеу мен жол» деп атайды) халықаралық бастамасына быыл он жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде бастама планетамыздағы барлық дерлік континентті өзара жалғап үлгерді.

4 >>

## ИНФОБИЗНЕС: БАЙЛЫҚ БІЛІМ АРҚЫЛЫ КЕЛЕДІ



Бай болу дегенді көбіне әсіреқызылға құмарлық, дүниеқоңыздық секілді материалдық ұғым ретінде қарастыруға болмайды. Бай болу – ақыл-парасат иесі болу әрі ілім-білімге ұмтылу, жомарт болу. «Ақылды болсаң, неге бай емессің?» деген мәтелді жиі естиміз. Бірақ мұны қиынсыз тіркес деп немесе ақыл арқылы білімге ұмтылып, байлықты бағындыру деп те түсінуге болады. Дегенмен қазіргі өркениеттің даму сатысында байлық көзі ақпарат пен білімде екенін мойындау керек.

9 >>

## ЖҮЙЕ ЖҮЙЕСІЗ БОЛЫП ШЫҚТЫ

Күні кеше бұқаралық ақпарат құралдарында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры топ-менеджерлерінің миллиондаған сыйақы мен бонус алғаны туралы жаңалық шықты. Басқасы басқа, бұл жаңалық қордағы ақшасының қызығын көре алмай жүрген халықтың ашу-ызасын тудыруы заңдылық. Жағдай ушығып кетерін білген қор басшылығы ақпараттың жалған екенін жариялапты. Олардың түсіндірмесіне сенсек, қордағы басқарманың әрбір мүшесінің, оның ішінде төрағаның сыйақы мөлшері Үкімет Қаулысымен 10 ең төменгі жалақы деңгейінде шектелген. Яғни, 600 мың теңгені олар медицина қызметкерлері және Республика күні қарсаңында алған.

5 >>





## КӨГАЛДАНДЫРУ САЛАСЫНДА КЕМШІЛІК КӨП

**Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда сенаторлар Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісімді ратификациялады және депутаттық сауалдарын жолдады.**

Отырыс барысында «Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң қаралды. Халықаралық қаржы ұйымы – Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясының қызметі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің сауда-экономикалық байланыстарын арттыруға және экспорттаушы кәсіпорындардың тәуекелдерін қайта сақтандыру жолымен инвестициялар көлемін ұлғайтуға бағытталған.

«Осы Келісім арқылы Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясының мәртебесі, функциялары, басқару және оның қызметіне аудит пен ревизия жүргізу мәселелері реттеледі. Мақұлданған заң Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің тауар айналымының дамуына өз ықпалын тигізеді деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Компанияның Жарғысына сәйкес, тәуекелдерді бағалау, тәуекелдерді азайту, шығындарды реттеуге жәрдемдесу, маркетингтік зерттеулер жүргізу, қайта сақтандыру саласындағы консультациялық, зерттеу және ағартушылық қызмет және тағы басқа функциялар регламенттеледі.

Келісімнің шарттары бойынша капитал бірлестікке мүше елдердің жарналары есебінен қалыптасады.

Палата отырысында сенаторлар өздерінің депутаттық сауалдарын да жолдады.

Нұрлан Бекенов көгалдандыру саласындағы кемшіліктерді атап өтті. Сенатордың айтуынша, отырғызылған қошetterдің тек 70 пайызы ғана әрі қарай өсіп кетеді. Қалғаны солып қалады. Бұл бюджеттің тиімсіз жұмсалыуына әкелетіні анық.

Алишер Сатвалдиев Түркістан облысындағы су тапшылығына, автожолдардың сапасына, Сайрам ауданындағы электр желілеріне және басқа да мәселелерге қатысты инфрақұрылымдық проблемаларға назар аударды.

Геннадий Шиповских теміржолшылардың зейнеткерлік жасын 55 жасқа дейін төмендету және жалақыны есептеу тәртібін қайта қарау туралы ұсыныс жасады.

## ӨҢІРДЕ АЛҒА ЖЫЛЖУ БАР



**Қазір Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық ахуалын көтеру, өңірдің дамуына зор үлес қосатын инвестиция саласына қолдау көрсету, инвесторлардың жұмысын жаңдандыру үшін жағдай жасау басты назарда тұр.**

Облыс әкімінің өзі бұл мәселені жіті қадағалап, жауапты орындарға тапсырмаларын беріп отыр. Қазір өңірде бұл сала бойынша айтарлықтай алға жылжу бар. Облыстағы аудандар мен қалалардағы орта және шағын кәсіп саласын да дамыту қолға алынған.

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен Инвестициялық штабтың кезекті отырысында осы бағыт бойынша бірқатар мәселелер қаралды. Солардың бірі Сауран ауданында сүтті қайта өңдеу бойынша жаңа кәсіпорын іске қосылмақ. Зауыт жылына 4 мың тоннаға жуық сүт өнім шығаруды жоспалап отыр. Отырыста мекемені магистралды газ құбырына қосу мәселесі көтеріліп, талқыланды. Облыс басшысы жаңа жоба бастаушылар көтерген мәселелерді шешуді тапсырды. Мұнан бөлек инвесторлардың басым бөлігі инфрақұрылым тарту мәселесін ортаға салды.

Тағы бір белгілі болғаны, бұрынғы Кентау экскаватор зауытының аумағында жаңбырлатып суару қондырғыларын құрастыратын кәсіпорын салынып жатыр. Жаңа суару әдісінің арқасында тіпті, диканшылардың өз күштерімен игере алмай жүрген бос жатқан жерлерде тиімді пайдаланылатын болады. Ауыл шаруашылығы техникасы сұранысқа ие. Ай сайын 50 қондырғы жасап шығаратын зауыт алда жылына 500-ін сатуға шығаруды жоспарлап отыр.

Өйткені бұл жобада ауыл шаруашылығы саласында кенінен етек жайғалы отырған машина қызмет көрсетуде жеңіл әрі қауіпсіз. Энергия көзі ретінде дизель генераторы қолданылады. Ең бастысы – экономикалық жағынан тиімді. Айталық, жаңбырлатып суару әдісінің арқасында арықпен суарылған жерлерге қарағанда астық молырақ жиналады. Өңгіме барысында кәсіпорын басшылары газ мәселесін ортаға салды.

Әр жобаға жеке тоқталып өткен облыс басшысы, туындаған және туындауы мүмкін деген мәселелердің уақытылы шешімі үшін тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді. Әр жобаға барынша көмек көрсетілетінін, жер телімі және инфрақұрылым секілді мәселелер шешімін табатынын айтты.

– Инвестициялық жобаларды тарту жұмыстарын күшейту керек. Бұл мәселе тұрақты бақылауда.

Барлық инвестициялық жобаларды іске асыру үшін белсенді жұмыс қажет. Басым бөлігі инфрақұрылым мәселесін көтеріп отыр. Бұл жайттар жаңа жобалардың жүзеге асуына келергі болмауға тиіс. Нәтиже қазір керек. Уақыт созуға болмайды. Жұмыс орындары қазір керек, – деді Дархан Амангелдіұлы.

Облыс орталығынан шалғай жатқан Мақтаарал ауданында құс фабрикасы салынды. Жаңа кәсіпорын жылына 5 мың тонна құс етін шығаруға мүмкіндігі жетеді. Бүгінде оның құрылысы толық аяқталуға жақын. Штаб отырысында инвесторлар фабриканы табиғи газға қосу қажеттілігі туындап тұрғанын жеткізді. Облыс басшылығы мұны да назарға алып, жауапты басшыларға нақты тапсырма берді.

Сондай-ақ өңірдегі тағы бір жақсы жаңалық. Азық-түлік пен кондитерлік өнімдерді сақтайтын қойма Сауран ауданында салынды. Бұл 150 тонна өнім сақталатын қойма. Онда 100 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Су мәселесі жайлы көтерген кәсіпорын басшылығы зауыт аумағын арттыруды көздеп отырғанын айтты. Ол сондай-ақ балмұздақ шығаруды қолға алғысы келеді.

Тағы бір азамат Сауран ауданындағы мақта және мақта талшықтарын қайта өңдеу зауытын салу бойынша сөз қозғайды. Аталған инвестор электр жарығымен қамтуға қатысты қолдау қажеттігін айта, тағы бір кәсіпкердің жоспарымен осы аудандан жылына 20 мың жиһаз істейтін фабрика салынбақ. Инвестор 650 адамды тұрақты жұмыспен қамту үшін кәсіпорынды ұлғайтуды көздейді.

Отырыста Арыс қаласында салынып жатқан астықты сақтауға арналған элеватор және көлік-логистика орталығының құрылысы жобалары бойынша талқыланды.

Түлкібас ауданындағы жемістер мен көкөністерді өңдеу және консервілеу жобасы бойынша инвестор бірқатар мәселені мәлім етті. Көріз жүйесіне қатысты мәселе жауапты басшыларға тапсырылды. Сонымен қатар жеңілдетілген несиелер алу бойынша ұсыныстар айтылды.

Инвестициялық штаб отырысында облыс әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен облыста тұт кластерін құру бойынша жұмыс барысы баяндалды. Сондай-ақ аудан, қалаларда орналасқан индустриалды аймақтардың қазіргі жағдайы бойынша Келес және Мақтаарал аудандарының әкімдері есеп берді.

Тельман БЕЙСЕН,  
Түркістан облысы

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ӨНІМ – ОТАНДЫҚ БРЕНД

Бүгінде көптеген елдерде ауыл шаруашылығы саласында импортқа тәуелділік немесе ішкі нарық сұранысын өз ресурстарымен қамтамасыз ету мәселесі тұр. Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында бұл салада қолда бар мүмкіндіктерді әлі де пайдалана алмай отырғанымызды атап өтті. Сондай-ақ саланың әлеуетін пайдалана отырып, агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз қажеттігіне назар аударды.



Президент айтқандай, Қазақстанның айналасында өнім өткізетін өте үлкен нарықтар бар және онда сапалы азық-түлік өнімдері тапшы. KazAgro/KazFarm–2023 халықаралық аграрлық көрмесі аясында ТМД-ға мүше мемлекеттердің қатысуымен өткен министрлік конференциясында да азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы ынтымақтастық жайы талқыланды. Шарада Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызына тоқталды.

«Ауыл шаруашылығы өндірісін жеделдетіп әртарапандыруға, агротехнологияларды, оның ішінде су үнемдейтін технологияларды енгізуді ынталандыруға, ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуға, ауыл шаруашылығы жануарларының генетикалық әлеуетін арттыруға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді, оның ішінде қайта бөлінуі жоғары өндірісті дамытуға баса назар аударылатын болады», – деді ведомство басшысы.

Министр аграрлық секторға озық технологияларды жаңғырту және енгізу қажет екенін айтты. Ол сондай-ақ Қазақстанда «білім–ғылым–өндіріс» тиімді жүйесін қалыптастыру үшін отандық ғылымды реформалау басталғанын атап өтті.

«Сондықтан біз жаңа технологиялық шешімдерді коммерцияландырумен және өнеркәсіптік енгізумен айналысатын бірлескен агроинновация орталықтарын құру мәселесін пысықтауымыз қажет. ТМД ғалымдарының жинақталған тәжірибесін, сондай-ақ агробизнеснің табысты өкілдерінің тәжірибесін барынша тарту қажет», – деді ол.

Министрдің айтуынша, ТМД елдері климаттың өзгеруі салдарымен күресу мәселесінде күш біріктіруі керек.

«Климаттың өзгеруі су ресурстары үшін бәсекелестікті күшейту арқылы суға жаһандық сұранысты арттыратынын анық. Су тапшылығының өсуі, климаттың өзгеруі, экономикалық белсенділіктің күшеюі әлеуметтік-экономикалық проблемалардың себебі болуы мүмкін. Сондықтан бүгін біз су ресурстарын сақтауға және оларды тиімді пайдалануға ықпал ететін су саласын дамыту стратегияларымызды бірлесіп қайта қарауымыз қажет. Біз ортақ су ресурстарын басқару саласындағы табысты трансшекаралық ынтымақтастықты жалғастыруымыз керек», – деді министр.

Қазақстан құс шаруашылығы дағанының төрағасы Руслан Шариповтың айтуынша, еліміздегі құс шаруашылығы – экспорттық әлеуеті зор және өнімдері аймақтағы экологиялық таза деген отандық брендке айналып үлгерген шаруашылық. Бүгінде Қазақстан бойынша барлығы 70-ке жуық құс фабрикасы бар. Олар ет, жұмыртқа өндіреді, сондай-ақ үйрек-қаз өсіреді.

– Бұл мекемелер отандық нарыққа жылына 5 миллиардтан жұмыртқа, 293 мың тонна ет әзірлеп шығарады. Биыл да осы көрсеткішпен шамалас болған. Мәселен, 5 млрд 400 млн жұмыртқа, 350 млн тонна ет өнімдерін ұсынады деп күтілуде. Осылайша, отандық фабрикалардың жұмыртқасымен ішкі нарықтың 100 пайызын, құс еті өнімдерінің 70 пайызын өзіміз қамтамасыз етеміз.

Құс өсіру барысында өндірушілер антибиотиктер қолданбайды. ТМД аумағы бойынша ең дәмді құс еті өнімдері бізде. Сонымен қатар басқа да бұрынғы кеңес үкіметінің құрамындағы елдермен салыстырғанда бізде өндіріс барысында кез келген тұтынушының қаперінде бола бермейтін ГМО қолданылмайды. Қазір елімізде өндірілген құркетауық етінің 40 пайызын Мәскеуге экспорттап отырмыз. Көрішлес елдерде қазақстандық өнімдерді сапалы әрі экологиялық тұрғыдан таза деп бағалайды, сол себепті болар сұраныс та өте жоғары. Мұның тағы бір сыры еліміздегі құс шаруашылығында жем-шөп ретінде пайдаланылатын бидай өнімдерінің таза болуында, – дейді ол.

Руслан Исмаилұлының айтуынша, Қазақстанның солтүстік өңірлерінде дөңді-дақылдарды өсіру барысында тыңайтқыштарды да көп қолдана бермейді.

– Сондықтан біз отандық құс өнімдері экологиялық тұрғыдан ең таза деп мақтана аламыз. Осыдан болар соңғы кездері мұсылман мемлекеттерінен де қызығушылық артып келеді. Олардың басты талабы – өнімнің халал, яғни мұсылмандықтың шарттарына толық сай болуы. Ал Қазақстандағы барлық құс фабрикаларында «Халал» сертификаты бар. Бүгінде Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Ауғанстан, Иран елдері қазақстандық құс етін тұтынып отыр. Басқа елдерге экспорттауға да болар еді, бірақ құс тұмауының әсерінен көптеген елдер құс етінің импорт-экспорттына шектеу қойған. Атап айтсақ, Қытай Халық Республикасы екі ел арасындағы құс өнімдерінің тауар айналымына тоқтау салғанына 20 жылдан астам уақыт өтті. Мемлекеттердің бұл әрекеті де орынды. Себебі 2020 жылдары аймақта таралған құс тұмауының салдарынан көптеген шаруашылықтар шығынға батқан болатын. Мәселен, Петропавл қаласы маңында 7 құс фабрикасы болған, соның төртеуінде құс тұмауы тіркеліп, қарапайым тұрғындардың тауық, үйрек-



қаздарымен бірге фабрикалар 2 миллионға жуық құсынан айырылып қалды. Өйткені ауруға шалдыққан барлық құстар толығымен өртеледі. Одан кейін барлық құстарға вакцинация жасалды, міне соңғы 3 жылда ахуалы тұрақты, – дейді одақ басшысы.

Конференцияда сөйлеген сөзінде Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров экспорттық нарықтарды кеңейту жөніндегі шараларға да тоқталды. Оның ішінде ТМД елдерімен ерекше байланысты атап өтті. Министрдің айтуынша, Қазақстан ТМД елдерімен өзара сауда көлемін ұлғайтуды жалғастырады, ал бұл үшін сауда шектеулерін – ветеринариялық және фитосанитариялық кедергілерді алып тастау қажет.

Дегенмен экспортқа шығарылатын өнімнің сапасы стандартқа сай болу үшін мемлекеттік қолдау аса қажет. Руслан Шариповтың айтуынша, қазір мемлекеттік деңгейде жұмыртқаға, құркетауыққа, суда жүзетін құс өнімдеріне деген субсидия алынып тасталды, тек бройлерге деген субсидия ғана қалды. Салыстырар болсақ, мал шаруашылығында жем-шөптен бастап, еті мен сүтіне дейін үкімет субсидия береді. Бірақ мал мен құс шаруашылықтарын салыстырар болсаңыз, құсты 55-60 күн ішінде соға болады. Қазірдің өзінде 12 құс фабрикасы жабылып қалды. Сондықтан мұның соны неге апарып соқтыратынын белгісіз. Себебі шаруаларда айналымға салатын ақша жөк, жем қымбат. Мысалы, былтыр 1 тонна бидайды 180 мың теңгеге алдық. Өнімнің өзіндік құнының 70 пайызы тек жемнен құралады. Қазір жемді Ресейден алу бізге әлдеқайда тиімді, себебі бізбен салыстырғанда 50 пайызға арзан. Бірақ бүгінде теміржолмен тасымалдауға тыйым салды. Енді отандық өндірісті арттырамыз десек құс шаруашылығына арналған субсидияларды қайта қалпына келтіру қажет деп есептеймін, – дейді ол.

Кәмила ЕРКІН

# НЕСИЕ ҚАМЫТЫ БАТЫП БАРАДЫ

(Басы 1-бетте)

Нұрлан ҚОСАЙ

Жиында халықтың кредит алуын төмендету және қаржылық сауаттылығын арттыру, лудомания мен киберқылмыстың, соның ішінде интернет алаяқтықтың кесірінен азаматтардың кредитке батуы, сондай-ақ жеке сот орындаушыларының қаржы ұйымдарының пайдасына қарыздарды өндіріп беруі туралы шаралар талқыланды. Іс-шарада Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Мәдина Әбілқасымов, Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха, «Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы Елена Бахмутова, Республикалық жеке сот орындаушылары палатасы төрағасы Айдос Иманбаев, «Қазақстанның Қаржы мәдениеті» қоғамдық қоры Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Юрий Ли баяндама жасады. Ал «Қарызсыз қоғам» жобасының ұйымдастырушылары мен қатысушылары жоба туралы кеңінен мәлімет берді. Парламент қаржыгерлер ерекше сипатта өткен бұл жиыннан аңғарғанымыз, халықтың шектен тыс қарызға бату проблемасын шешу бағытында елеулі қозғалыстар бар екен. Бұл да болса Президенттің тікелей тапсырмасымен жүзеге асып жатқан шаралардың алғашқы жемісін бере бастағанын білдіреді. Оны бірінші кезекте Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қожановтың сөйлеген сөзінен байқадық.

«Өздеріңіз білесіздер, мемлекет бұл ретте қиын жағдайға тап болған азаматтарға барынша көмек қолын созып келеді. Президент 2019 жылы 500 мың азаматтың кепілсіз кредитін кешіру туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң да өз тиімділігін көрсетті. Мемлекет басшысы өз Жолдауында несие мәселесіне кеңінен тоқталып, оны шешу жолдарын қарастыру туралы тапсырма берген болатын. Соның бір жолы – «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған бұл жұмыстар жалғаса беріп отырады. Әйтсе де, жағдайды түбегейлі түзеу үшін әлі де кешенді шаралар қажет. Ол үшін ең әуелі проблеманың тамырына терең үңілуіміз керек. Мәселен, мұнда қаржы ұйымдарының да белгілі бір рөлі бар деп санаймын. Самсаған жарнама мен несие алудың жеңілдігі ақуалды ұшықтырып отыр. Ойлап қараңызшы, қазір онлайн несиенің 14-16 жастағы бала да оп-оңай рәсімдей алады. Тек смартфонды мен интернеті болса болған. Ал осынау жасөспірім қаржылай жауапкершілік дегенді біле ме? Кейіннен оның несиеден өкпе-шешпе, ата-әжесі төлеп жүреді. Оның үстіне, несиеге тәуелділік, өкінішке қарай, жалпыхалықтық сипат алған құбылысқа айналып барады. Жасыратыны жоқ, қазір банктерден шектеусіз кредит алып, қарызға белшесінен батып отырған азаматтарымыз көп. Бір басында екі және одан да көп несиеден болуы қалыпты жағдайға айналған. Халық несие қамытын киіп отыр десе де болады. Адамдардың несиеге тәуелділігі мен қаржылық сауаттылығын төмендігі үлкен әлеуметтік проблемаға айналды. Мысалы, бүгінде еліміздегі еңбекке қабілетті халықтың 84 пайызының несиесі бар екен. Бұл – шамамен 8,5 миллион адам деген сөз. Соның ішінде 1,7 миллион адам қарыздың уақытылы төлей алмай жүр. 90 күннен кешіктірілген несие көлемі 1,3 триллион теңгеден асқан. Осының бәрі жағдайдың ұшығын бара жатқанын көрсетеді. Осы тұста банктер бұрынғы кредиттері жабылған азаматтарға нәліктен несие беруді деген сұрақ туындайды», – деді Ерлан Жақанұлы.

«AMANAT» партиясының Төрағасы осы ретте бұл проблеманы шешудің бірнеше жолын ұсынып отыр. Олар – несие беру талаптарын заңнама деңгейінде қатандату, соның ішінде: төлем қабілеті төмен азаматтарға несие беруге тыйым салу, онлайн несие беруді қатандату т.б., кредит беру шарттарының қанаушылық сипатын қайта қарау, жеке тұлғаларға арналған сыйақы мөлшерлемесінің шегін төмендету және оларды коллекторлық ұйымдарға сатуға тыйым салу. Осы ретте кәсіпкерлерге қаржы беру бағытында оларды коллекторлық ұйымдардың қаржы баспанасынан айырылып, далада қалуына жол бермеу керек. Расында да, бұл заңнаманың артында қаншама миллиондаған адамның тағдыры тұр. Өйткені оңай ақшаға қол жеткізу үшін ойланбай қадам басқандар көп ретте ажырасып, ішімдікке салынып, лудоманияға ұрынып, суицидке барып жатады. Қарыз тұзағынан шығуға ұмтылған адамдардың қаржы пирамидасы немесе өзгедей де алаяқтық схемалардың құрбаны боп жатқанын көріп жүрміз. Алаяқтықтан қарапайым жұртшылық та қатты зардап шегіп жатыр. Сондықтан да нақты іске көшетін уақыт келді. Ол тек партияның ғана қолынан келмесе керек, бұл тұста Үкіметтің де атқарар рөлі зор. Ол туралы Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев айтып берді.



«Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қарыз алушылардың құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында банктер мен микроқаржылық ұйымдарды пруденциалдық реттеуді қайта қарастыратын заңнамалық түзетулерді ұсынауда. Түзетулер топтамасы халықтың шамадан тыс кредит алуын төмендетуге және борыштық жүктеменің өсуін шектеуге, алаяқтыққа қарсы іс-қимылға және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауға, банк омбудсменінің қызметін күшейтуге бағытталмақ. Проблемалық кредиттері бар қарыз алушылар үшін қарызды реструктуризациялауға көмек көрсетілетін болады. Заңнамалық деңгейде тұтынушылық кредиттер бойынша азаматтардың борыштық жүктемесін шектеу қарастырылады. Мысалы, азаматтардың мерзімі өткен кредиттерін сыйақы есептеуді шектеу, проблемалық берешегі бар қарыз алушыларға жаңа кредиттер беруге тыйым салу ұсынылады. Сондай-ақ кепілсіз онлайн кредиттеу сегментінде тәуекелдерді азайту мәселелері пысықталуда. Азаматтар өз мәселелерін банкроттыққа жүгінбей шеше алатындай етіп, сотқа дейінгі реттеу аясында құқықтарын қорғауды күшейту маңызды. Бұл тұрғыда банктік омбудсмен маңызды рөл атқаруы тиіс», – деді ол.

Қаржыгерлердің айтуынша, елімізде 90 күннен аса мерзімі өткен қарыздар деңгейі 5,2%-ды өтесе 0,5 трлн теңгені құраған. Мерзімі өткен кредитті бар қарыз алушылар саны 516 мың адам немесе қарыз алушылардың жалпы санының 7 пайызы. Микроқаржы секторында қарыздың жалпы сомасы 98 млрд теңгені құрайтын проблемалық қарыз алушылар саны – 347 мың адам. Мұндай деректі Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Төрайымы Мәдина Әбілқасымова келтірді. Қаржылық кезеңі мерзімін айтпағандықтан, бұл статистиканы жыл басынан бергі көрсеткіш деп топшылады. Өз кезегінде ҚНРДА бұл бағытта 7 басым бағытты алдына мақсат етіп қойып отыр екен. Алғашқы басымдық – банктер мен микроқаржы ұйымдары тарапынан тұтынушылық кредиттерді шамадан тыс беруді шектеу. Мәселен, кепілсіз тұтынушылық кредиттер бойынша орташа борыш жыл басынан бері 913 мың теңгеден 1 млн теңгеге дейін өскен. Тұтынушылық кредиттердің шамадан тыс өсуін азайту үшін агенттік тұтынушылық кредиттің ең жоғары сомасына заңнамалық деңгейде шектеу енгізуді ұсынады. Екінші бағыт – қарыз алушылардың кредит қабілеттілігін тиісінше бағалауды қамтамасыз ету. Қазіргі қолданылып жүрген 12 өлшемшарттан қарыз алушыда тұрақты кірісінің болуын көрсетпейтін қосымша 4 өлшемшартты алып тастау жоспарлануда. Олар: коммуналдық қызметтер шығыстары, интернет дүкенде сатып алу, мүлікін және депозитке ақша қалдығы сомасының болуы. Тағы бір талап: 21 жасқа толмаған азаматтарға кредиттер беруді шектеу үшін кредиттер ресми кірістері расталғаннан кейін ғана берілетін болады.

«Үшінші негізгі бағыт – онлайн микрокредит беру сегментінің шамадан тыс өсуін шектеу. Бүгінде онлайн микрокредиттердің көлемі 197 млрд теңгені құрайды, қарыз алушылар саны 1,09 млн адамға жетті, оның ішінде 297 мың адамның 37 млрд теңге сомаға проблемалық микрокредиттері бар. Нарықты заңнама талаптарын орындамайтын жосықсыз субъектілерден тазарту мақсатында онлайн микрокредит беретін компаниялардың ең төмен меншікті капиталына қойылатын талаптар 100 млн теңгеден 2024 жылғы 1 қантардан бастап 200 млн теңгеге дейін көтерілмек. Ең төмен меншікті капиталға қойылатын талаптарды одан әрі кезең-кезеңімен көтеру жоспарлануда. Төртінші басымдық – проблемалық берешекті қайта құрылымдау бойынша жағдайлар жасау. Бесінші бағыт – коллекторлық ұйымдардың қызметін реттеу. Нарықты жосықсыз субъектілерден тазарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізу. Банктер мен МҚҰ жеке тұлғалардың қарыздарын коллекторлық агенттіктерге айтарлықтай жеңілдікпен

саталы. Өз кезегінде коллекторлар берешекті қайта құрылымдауды жүргізбей, борыштың тұтастай сомасын өндіріп алады. Осыған байланысты Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес агенттік коллекторлық агенттіктерге азаматтардың тұтынушылық банктік кредиттері мен микрокредиттерін сатуға тыйым салуды ұсынады», – деді ол.

Осы ретте алтыншы бағыт – кәсіпкерлерге төлмеған балалары бар отбасыларды жылу беру маусымында жалғыз баспананы шығаруға тыйым салу, өндіріп алу негізінде банктердің меншігін өткен баспананы жалға беру мүмкіндігін беру, қарыз алушының шотында ең төмен жалқыдан кем болмайтын ақша қалдығын өндіріп алудан қорғау және тағы басқар, ал жетінші бағыт қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимыл екенін атай кеткен жөн. Десе де, бұл туралы Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеханың баяндамасында көңілге қонымды жайлар көп болды. ПМ бұл бағытта екі факторға назар аударып отыр. Біріншісі – киберқылмыстың, соның ішінде интернет алаяқтықтың халықтың тым көп несие алуына әсер етуі. Екіншісі – өз-өзіне қол жұмсау және азаматтардың қарыздары тәлей алмауына байланысты қылмысқа бару тенденциясының көрініс беруі. Оның айтуынша, интернет алаяқтықтың 90 пайызы шетелде отырып жасалады екен.

«Шетелдік интернет алаяқтардың» трансшекаралық қылмыстық әрекетін тергеу мен жолын кесудің қиындығы олардың орналасқан жерінде ғана емес, яғни елден тыс жерлерде, сонымен бірге олардың «хакерлік» бағдарламаларды пайдалануында. Өз кезегінде бұған қарамастан, біз олармен күресуде біраз тәжірибе жинақтап жатырмыз. «Көленке» қалу үшін алаяқтар Telegram арналардан тапқан Қазақстан азаматтарының арасынан «дропер» деп аталатын адамдарды пайдаланады. Оларға жәбірленушілердің ақшасы түсетін бірнеше банкте шоттар ашуды тапсырады, олардың белгілі бір бөлігін «дроперлер» өзіне қалдырады (10% дейін), ал қалғандарын алаяқтар көрсеткен банктік және өзге де электронды шоттарға аударады. Осылайша, ұрланған ақшаның шамамен 90%-ы елден шығарылады.

Ұрланған қаражат қозғалысын уақытылы бұғаттай алмаудың негізгі факторы – жәбірленушілердің полицияға «кеш» жүгінуі. Азаматтар алаяқтардың «құрбанына» айналғанын түсінгенше ұрланған ақша шоттардан алынып, шетелге жіберіледі. Орташа алғанда, қылмыс жасалған сәттен бастап ішкі істер органдарына жүгінуге кететін уақыт 3 күннен бірнеше айға дейін созылады. Ұзақ уақыт бойы полиция бұл мәселені жалғыз қалды деп айтуға болады. Бұл мәселенің географиялық және техникалық күрделілігі, сондай-ақ азаматтардың саналы жауапкершілігін төмен деңгейде өзіндік рөлін ойнап отыру», – деді ол.

Вице-министрдің айтуынша, киберқылмыстың заманауи сын-қатерлеріне қарсы тұру үшін биыл шілде айынан бастап барлық өңірде CyberPol мамандандырылған жедел тергеу топтары (жедел уәкілдер, тергеушілер және криминалистер) құрылған. Олар «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейді, банктермен және ұялы байланыс операторларымен тікелей өзара іс-қимыл жасайды, бұл жәбірленушілер полицияға уақытылы жүгінген кезде ақшаны жоғалту тәуекелдерін елден тыс шығару сатысында азайтуға мүмкіндік береді. Одан бөлек, Ұлттық банк базасында қаржы секторында алаяқтыққа қарсы күрес бойынша барлық мемлекеттік органды тарта отырып, алаяқтыққа қарсы Антифрод-орталық құру мәселесі шешілуде екен. Орталықтың қызметі жедел мониторинг жүргізуге, алаяқтық операциялардың белгілерін анықтауға және қажетті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Игорь Лепеха, мұның сыртында шетелдік өріп-тестерімен де тығыз жұмыстар жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Бүгінгі жиыннан түйеніміз: дәл қазір тек проблеманың ауқымы мен сипаты айқындалып отыр. Ал атқарылар жұмыс өте көп. Оған жауапты органдардың ша-

бандығы көңіл көншітпейді. Осы ретте депутаттар жиын барысында жауапты органдардың жұмысын сынға алды. Мәселен, «Банкроттық туралы» заң күшіне енгелі 68 мыңнан астам өтініш түскен болса, оның 55 мыңының банкроттық рәсіміне сәйкес келмейтін анықталған. Оның негізгі себептері: борышкерлердің мүлкінің болуы, қарыз сомасы мен төлем мерзімі бойынша сәйкессіздіктер және кредитормен борышты дұрыс реттемеуі. Нәтижесінде, бүгінде тек 8 млрд теңгеден астам борыш сомасына 5,6 мыңға жуық азамат банкрот деп танылды. Осы қолдан жасалып отырған кедергіге наразылығын білдірген депутаттар, шұғыл шаралар қабылдауды талап етті.

Бір сөзбен айтқанда, бұл парламенттік тыңдау шақырылғандар тізімі бойынша да, қатысқан қарыз бойынша да маңызды елеуір зор жиын болды. Тіпті, тыңдауы емес, сұрауы көп тыңдау болды деуге болады. Өйткені баяндама бөлімі біткен шақтағы сұрақ қоюға кезекке тұрған депутаттар саны 28-ге бір-ақ жетті. Әр сұрақтың нысанасы дәл, жүгі ауыр еді. Оған берілген жауаптардың сырғыпталуы да, нақтылығы да жауап берушілерді жауапкершіліктен босатпаса анық еді. Өйткені мұның артында халықтың әлауақты тұр. Ендеше парламенттік тыңдаудың қорытындысы бойынша Қазақстан Үкіметіне ұсынымдар әзірленетін болады.

## ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАДАН ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАҒА ДЕЙІН

Естеріңізде болса, биыл «AMANAT» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасын бастаған болатын. Қысқа уақыт ішінде өз тиімділігін көрсеткен бұл бастаманы Президент те Жолдауында ерекше атап өтіп, жалпыхалықтық бағдарламаға айналдыру керектігін айтқан еді. Қазір бұл жоба Үкіметпен, құзырлы органдармен және жергілікті әкімдіктермен бірге бүкіл ел бойынша іске асырыла бастады. Биыл «Қарызсыз қоғам» бағдарламасы арқылы 60 мың адамды оқыту жоспарланған болса, бүгінде дейін 52 мың адам білім алған. Қатысқан адамдардың 64,1 пайызы – әйел адам, 56,9 пайызы – көпбалалы отбасы өкілі, 10,7 пайызы – жұмыссыздар, 13 пайызы – 60-тан асқан зейнеткерлер. Оқыту шараларына 60 сарапшы, 18 заңгер тартылған. Сарапшылар 45 адамға банкроттыққа өтуге көмектесіп, 1 181 адамға несиеден реструктуризация жасап, 2 551 адамға депозит консультациялық көмек жасаған. Бағдарламаның өзектілігін және уақытында қолға алынған шара екенін жүртшылыққа мойындап отыр. Парламенттік тыңдау кезінде «AMANAT» партиясының Хатшысы Елдар Жұмағазиев «Қарызсыз қоғам» бағдарламасы аясында жүзеге асырылған шаралар жөнінде ақпарат берді. Оның айтуынша, негізінен қазақстандықтар несиемен той, тұрмыстық техника сияқты қажеттіліктер үшін, сондай-ақ көпбалалы отбасылар оқу жылы басталар алдында балаларды киіндіру мақсатында алады екен.

«Біз сөйлескен жағдайды қиын азаматтар «Мешіп, партия, әкімдік көмектесіп жатыр, бірақ жетпейді» деп шағым айтады. Ал өздері несиеге күн көруге мәжбүр. Қыс жақындағанда көмір алу үшін несие алады. Балалардың саны көбінен сайын үйдің ауқымы да өседі. Үйдің жанына құрылыс қосу керек, тағы-сын тағы деген сияқты. Той-салтанат, тағы да басқа шығындар бар. Тағы да қосымша айтатын нәрсе: көпбалалы отбасылар дүкеннен нан сатып алмайды екен. «Күнне он таба нан басамыз, сөйтіп балаларымызды асырап отырмыз» дейді. Біз қаржылық сауаттылық бойынша сабақ өткізу барысында олардың үнемдеу мәдениетін қалыптастырып жатырмыз. Сусын, шемішке, чипсы алғанша, ондай керексіз шығынға жұмсаған ақшаны депозитке салыңыз деп үйретеміз. Әрине, мардымсыз қаржы, бірақ теңге тыннан құралағынын түсіну керек. Мәселен, көпке үлгі боларлық кейс жайлы айтып өтсем. Бір отбасы баласы 1-сыныпқа барғанда ата-анасы депозит ашқан. Күйеуі құрылысы,

әйелі еден жуушы. Екеуі бірігіп, артық ақшасының бәрін депозитке жинай берген. Қазір бала 8-сынып оқиды, шотында 15 миллион теңге бар. Осы отбасын мысал етіп, бөріне айтып жүрміз. Одан бөлек, 2000-нан көп адамға жеке кәсіпкерлік ашуға көмектестік. Нағыз сұранысқа ие болған шарамыз – отбасының бюджетін қалыптастыру мәселесі. 15 908 тегін бизнес жоспар жасауға көмектестік. Мәселен, Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Бәйдібек ауылының тұрғыны, көпбалалы ана, жасы – 37-де. Күйеуі жұмыс істейді, жалақысы – 128 мың теңге. Мойындарында жеті кредит бар. Оның төрттеуін шамасы келіп төлеп отыр. Үшеуін төлеп отырған жоқ. Қазір біздің күшімізбен өзі шағын наубайхана ашып, табысын көбейтіп отыр», – деді Елдар Тынышбайұлы.

Келтіре берсе, халықтың қарызға батуы туралы мысал көп. Соның ең ауыры – Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданында тұратын зейнеткерлермен байланысты. Олардың атынан балалары мен немерелері несие алған. Бірі – 72, бірі 69 жастағы ата мен апаның ортақ табысы 150 700 теңге болса, қазір зейнетақысының 85 пайызы несиемен жабуға кетіп отыр. Тағы бір мысал – БҚО Бөрлі ауданындағы 22 жастағы студент қыз. Әке-шешесіне айтпай, «оқуға төлеймін» деп 2,5 млн теңге қарыз алған, бірақ оқудан шығып кеткен. Айлық төлемі – 285 мың. Ал өзінің тауып отырғаны – бар бәланы 70 мың теңге. Соған байланысты «Қарызсыз қоғам» өкілдері банктермен келісіп, төлемдерін 80 мыңға төмендетіп берген. Парламенттегі жанынға «Қарызсыз қоғам» жобасының қатысушысы, Түркістан облысы Түлкібас ауданының тұрғыны, төрт баланың анасы Мөлдір Тұрысбекова да арнайы келіп қатысты. Ол өзінің басынан өткен оқиғаны бөлісіп, жобасының өзіне пайдасы зор болғанын айтып берді. Көпбалалы ананың төрт несиесі бар екен.

Осы ретте Елдар Жұмағазиев жобаға қатысқандардың 63,1 пайызы банк несиесі жайлы ақпарат білмейтінін, 69 пайызының ертеңге күнелетіп ақшасы жоқ екенін айтып отыр. Азаматтар алған жалақысын алғашқы аптада-ақ сауып тастайды. Сондай-ақ оқудан өткен азаматтардың 38 пайызының мойнында екі-үш кредит бар. 13 пайызының 10-нан аса несиесі бар.

«Бұдан шығатын қорытынды: азаматтарда үнемдеу мәдениеті жоқ, қаржылық сауаттылық деңгейі төмен. Бізге сыныпқа келген халықтың 80 пайызы «табысты қалай көтеру керек, соның жолдарын айтсаңыздар» дейді. Дұрыс емес дағдылар адамдардың табысын көтеруге кедергі болып тұр. Сондықтан да халықты жаппай сауаттандыру үшін қаражат бөлінуі тиіс деп есептейміз. Соған байланысты «Ауыл аманаты» бағдарламасының мәртебесі өсіп жатыр. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімдіктер осы бағдарлама шегерінде несие алу үшін тұрақты негізде кенестер беретін болады. Біз, мәселен, биыл 60 мың адамды оқытсақ, келесі жылы бұл көрсеткішті он есе арттырып, 750 мың адамды оқытамыз деп жоспарлап отырмыз. Оның ішінде мектеп, колледж, университет оқушылары және 200 мыңнан аса ауыл тұрғыны бар. «AMANAT» партиясының жанынан Call-center ашылды. Тек кабинеттермен шектелмей, бүкіл халыққа қызмет ететін онлайн платформаны іске қосамыз», – деді Елдар Жұмағазиев.

Бұл ретте Үкімет те мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп қажетті жұмыстар жүргізуде. Атап айтқанда, арнайы Жол картасы әзірленіп, бекітілген. Ол 6 негізгі бағыт бойынша 25 іс-шараны қамтиды. Сондай-ақ бірігіп іс-қимыл жасау үшін мемлекеттік органдар мен «AMANAT» партиясы арасында Ынтымақтастық туралы меморандум жасалған.

«Жол картасының әрбір бағыты бойынша жұмысты үйлестіру үшін әкімдіктерде жауапты лауазымды тұлғалар бекітілді. Республикалық маңызды бар 3 қалада және еліміздің 17 өңірінде халықпен тікелей жұмыс істейтін өңірлік Жобалық кеңселер құрылуға. Жобалық кеңселердің негізгі міндеті – кредиттер бойынша мерзімі өткен берешекті реттеу, қаржылық алаяқтықтан қорғау, сондай-ақ азаматтардың банкроттық мәселелерін шешуге, жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу және бизнесті қолдау шараларын ұйымдастыру. Әкімдіктер жобалық офицерлердің жұмысы үшін қажетті ғимараттар мен материалдық-техникалық базаларды бөлетін болады», – деді Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев.

Жобаның тағы бір маңызды бағыты – азаматтардың, оқушылар мен студенттердің қаржылық сауаттылығын арттыру. Өйткені елімізде жастардың 85%-ы смартфон, басқа да гаджеттерге әуес. Соған байланысты жиі несиеге ұрынады. Сол себепті бүгінде жоғары оқу орындарының студенттері үшін қаржылық сауаттылық курстарын енгізу пысықталуда. Оқушылар үшін арнайы курс құрылду. Ол үшін әдістемелер мен оқу құралдары дайындалатын болады. Нәтижесінде, осы бағыт шеңберінде 550 мың оқушы мен студенттерді оқыту жоспарлануда.

Татулық, ынтымақтастық пен бірге бейбіт даму – елдерімізді бақытты, жарқын болашаққа бастайды. Әлемдегі ахуал қалай өзгерсе де, Қазақстан мен Қытай тату көршілік, берік достық тұжырымдамасынан танбай, мұны ұрпақтан-ұрпаққа жалғап, қазақ – қытай мәңгілік стратегиялық серіктестігін өркендете беруге тиіс. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин келіссөз қорытындысында осыған уағдаласты. Ал екіжақты ынтымақтастық нәтижесі көп күттірмейді мүмкін.

Қазақстан көшбасшысының осы жолғы Бейжіңге сапарын бірқатар сарапшы «тарихи» деп бағалады. Қытай ақпарат құралдары да тарихи деген айқындауышты жиі қолданды. Бекер емес: алғаш рет, 2013 жылы қазақ жерінде, Астанада жария етілген «Бір белдеу, бір жол» (бүгінде оны «Белдеу мен жол» деп атайды) халықаралық бастамасына биыл он жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде бастама планетамыздағы барлық дерлік континентті өзара жалғап үлгерді.

ҚХР Төрағасының бытырғы қыркүйек айында елімізге сапары аясында ынтымақтастықтың жаңа «алтын 30 жылдығы» басталғаны жарияланған болатын. Қазақстан лидерінің осы сапары нәтижесінде өзара байланыстардың одан әрі нығаюына тың серпін берілді.

Екі елдің сауда-саттығы қарқынды өрістетіп жатыр. Қытай тарапынан жалпы көлемі 21 миллиард доллар инвестиция салынатын 52 бірлескен жоба жүзеге асырылуда. Бір ғана мысал жеткілікті: SINOPEC компаниясы Қазақстанда полиэтилен өндірісі жобасына толыққанды серіктес ретінде қатысады. Республикамыз мұнай-газ химиясына қатысты әлемдік деңгейдегі мұндай ауқымды жобаны бұған дейін жүзеге асырмаған. Жобаның жалпы құны – 7,7 миллиард доллар. Компания зауыт құрылысын 2024 жылдың екінші жартысында бастауды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ дәл осы компания Атырау мұнай өңдеу зауытының базасында тағы бір стратегиялық жобаны жүзеге асыруға – терефталат қышқылы мен полиэтилен-терефталат өндірісі кешенін салуға ниетті.

2024 жыл Қытайда «Қазақстан туризмі жылы» болып жарияланды. Бұл осы сала үшін мол мүмкіндіктерге жол ашады. Өзара мәдени-гуманитарлық байланыстар үшін қолайлы жағдай жасалуда. Осы сапарының аясында Мемлекет басшысы Бейжіңде, өзі білім алған Бейжің Тіл және мәдениет университетінің аумағында қазақ ғұламасы Әбу Насыр әл-Фарабиіңе қойылған бюстті салтанатты түрде ашты.

К.Тоқаев мемлекетаралық қарым-қатынастарды мүлдем жаңа деңгейге шығару үшін Қазақстанның да, Қытайдың да орасан зор әлеуеті бар деп санайды. Сол себепті ол ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинді 2024 жылы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды. Демек, ынтымақтастық ырысы тек артуы тиіс.

Екі ел басшысының келіссөздері қорытындысында 5 құжатқа қол қойылды. Қазақстан мен ҚХР әлемнен оқшауланған Ресейді айналып өтетін «Транскаспий халықаралық көлік бағытын, оның ішінде Қытай – Еуропа қатынасындағы контейнерлік пойыздар үшін дамыту жөніндегі келісім» бекітті. Екі елдің үкіметтері Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту жөніндегі тағы бір келісімге келді. «Тачэн – Аягөз» теміржолын бірлесіп салуға мәмілелесті. Рапсты экспорттау кезіндегі фитосанитариялық талаптар туралы хаттама бекітілді.

Сапар аясында жалпы құны 16,54 миллиард доллар болатын 30 коммерциялық құжатқа, соның ішінде инвестициялық, сауда келісімдеріне, өндіріс технологиясын беру, кредит желісін ашу және тағы да басқа бағыттарды қамтитын келісім-шарттарға қол қойылды.

#### ӨРКЕНДЕУ ӨРІСІ ЖОЛДАРМЕН КЕНЕЙДІ

Қазақстан көшбасшысы Бейжіңге ресми сапарының екінші күні Жоғары деңгейдегі «Бір белдеу, бір жол» халық-

## КӨРШІМЕН ЫНТЫМАҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ



аралық ынтымақтастығының III форумына қатысты. Тоқаевтың бағалауынша, қазіргі геосаяси жағдайда «Бір белдеу, бір жол» бастамасы қажетті халықаралық жобаға және ынтымақтастықтың ірі платформасына айналды.

Қазақстан көршісінің осы жаһандық бастамасын ілгерілетуге алғашқы күннен белсенді атсалысып келеді. Тура 10 жыл бұрын Астанада сөйлеген сөзінде Си Цзиньпин дәл осы бастаманы бірлесіп жүзеге асыруға шақырған еді. Қазақ елінің қолдауынсыз, оның жүзеге аспайтынын білдіріп, еліміздің маңызды рөліне назар аудартты. Қазақстанның қызу қолдау көрсетуі арқасында «Белдеу мен жол» жаһандық мегажобаға, ал Қазақстан халықаралық транзиттің басты бір буынына айналды. Нәтижесінде, транзиттен мол табыс тауып отыр.

Мемлекет басшысы осы халықаралық бастама аясындағы Қазақстанның жетістіктері жөнінде де айтты.

—Бүгінде Қытайдан Еуропаға жасалатын жерүсті транзиттік тасымалдың 85 пайызға жуығы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Көлік-транзит саласының дамуына баса мән бере отырып, соңғы 15 жылда бұл осы мақсаттарға 35 миллиард доллардан астам қаражат бөлінді. Ляньюньгандағы қазақ – қытай логистикалық орталығы, «Корғас» құрғақ порты, Батыс Еуропа – Батыс Қытай транзиттік магистралі, Қытайдан Иранға баратын теміржол дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар іске қосылды. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз, — деді К.Тоқаев.

Оның айтуынша, еліміз үш жыл ішінде 1 300 шақырым жаңа теміржол жол салуды, Қытаймен шекарада үшінші теміржол өткізу пунктін ашуды, «Бакты» және «Қалжат» жаңа құрғақ порттарын тұрғызуды жоспарлап отыр. Бұл Қазақстанның ірі экономикалық жобалары Қытайдың жаһандық бастамасымен ұштасатынын анық көрсетеді.

Батыстың Ресейге санкция салып, оқшаулау аясында Қазақстан мен Қытай оны орағытып өтетін Транскаспий бағытын бірлесіп дамытуда. Ол жөнінде үкіметаралық екі келісімге қол қойылды. Күш-жігерді тиімдірек үйлестіру үшін Қазақстан лидері ірі стратегиялық порттардың, логистикалық орталықтардың және пошта хабтарының серіктестік желісін құруды ұсынды. Сонымен қатар кемелер мен контейнерлердің бірлескен өндірісін жолға қоюға мүдделі.

К.Тоқаевтың мәлімдеуінше, Қазақстан жолаушылар мен жүктерді тұрақты тасымалдау ісін қамтамасыз етіп, әлемнің жетекші әуекомпаниялары үшін сенімді әуе көпірі, ыңғайлы аялақ болуға дайын.

Мысалы, осы бастама аясында Батыс Қытай – Батыс Еуропа транзиттік

магистралі Батыс әлемі мен Азия-Тынық мұхит аймағы арасындағы қашықтықты еселеп қыскартты. Бұл маршруттың 2 787 шақырымы Қазақстан территориясы арқылы өтеді. Бүгінде Қытайдың Еуропаға жөнелтетін экспортының 85 пайызы қазақ елі арқылы жөнелтіледі. Сарапшылар тіпті Қытайдың бұл жөнінен Қазақстанға тәуелді болып қалғанын қаперге салады. Бейжіңнің Қазақстанда тұрақтылық пен бейбітшілік мәңгілік орнағанын және сақталып тұрғанын қалауды да осыдан. Мұны мысалға, байырғы замандарда Ұлы Жібек жолымен әлемнің әр түкпіріне өткен керуендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, содан дәулет жиган ғұн, көк түрік бабаларымыздың айбынды, айдынды істерімен салыстыруға болады.

Яғни, бұл тіпті әлемдік алпауыт саналған Кенес Одағының қолынан келмеген іс еді. Біздің Ұлы далада жок жерден алып магистралды жолдар, жаңа теміржол стансалары мен жол тораптары пайда болды.

Батыс пен Шығыс арасында үздіксіз ағылған жүк ағынының басым бөлігі Қазақстан мен ҚХР арасындағы Достық — Алашанькоу халықаралық өтпесі арқылы өтеді. Қытайдың Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Чжан Сяо бір мысал келтірді. Алашанькоу теміржол порты 2012 жылы ғана пайда болыпты. «Белдеу мен жол» бастамасының құрылысындағы маңызды торап қызметін атқарған ол бүгінде ірі қала-портқа айналды. Қытай – Еуропа арасындағы теміржол жүк тасымалының артуына орай Алашанькоу арқылы жалпы жиынтығы 111 маршрут салынды.

#### ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ КЕНЕЙТУ- ДІН МІНДЕТТЕРІ ҚАНДЫ?

Осының алдында шығыс көршіге сапарлап, Бейжің, Үрімші, Шэньчжэнь, Цзинань сияқты мегаполистері мен өнеркәсіп орталықтарын аралап қайтқан Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин екі елдің ынтымақтастығын дамыту өрісін өтте кенекенін байқайлапты. Ол үшін не істеу керек?

Біріншіден, логистиканы өрістеткен жөн. Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара тауар айналым 2022 жыл қорытындысында 31 миллиард долларға жетті. Был одан да жоғары болады. Бұдан бұрын екі ел осы көрсеткішті 40 миллиард долларға жеткізуге уағдаласқан. Бұл межелі асу келесі жылы алынуы мүмкін.

С.Жұманғариннің айтуынша, өзара тауар айналымды ары қарай арттыру үшін «кедергісіз логистика» керек. Көлік пен логистикалық қызметтер жүйесі озық дамыған елдердің арасындағыдай биік деңгейге жетуі қажет. Бұл үшін екі ел Сианнің құрғақ портында логистикалық

терминал салуға келісті. Ол іске қосылған соң Қазақстанның тек Шыңжаң – Ұйғыр автономды ауданымен ғана емес, бүкіл дерлік Қытаймен логистикасы түзіледі.

Екіншіден, қос көрші бірлесіп, өңдеу саласын дамытуға керек. Қытай тарапы бұған инвестиция салуға мүдделі. Мәселен, бұдан бұрын қазақстандық үкіметтік делегация шикізат өндіріп, металдарды өндеумен айналысатын Amer International Group конгломератының басшылығымен кездескен екен. Оның басқарма төрағасы Ван Вэньниннің айтуынша, кәсіпорында енгізілген өңдеу технологиялары арқасында шикізаттың құны бастапқыда 10 есе, содан соң терең өрі жан-жақты өңдеу арқылы 100 есе өсті. Ал кейбір тауар бойынша шикізаттың бастапқы құны 1000 есеге дейін артатын көрінеді.

Қазақстандық вице-премьердің сендіруінше, ҚХР осы технологияларын бізбен бөлісуге, инвестициялық серіктестік құрып, өз кәсіпорындарында қазақстандық мамандарды оқытуға дайын. Мысты өңдеу бойынша бірлескен кәсіпорын құру жобасы талқыланды.

Үшіншіден, өзара ынтымақтастыққа серпін беретін тағы бір сала – агроөнеркәсіптік кешен. Бұл секторды өркендету мәселесіне былығы Жолдауында Мемлекет басшысы жеке тоқталып, баса мән бергені белгілі. Біздің Үкімет қытайлық бизнеске ауыл шаруашылығында инвестиция салу үшін кез келген бағытты таңдап, жоба ұсынуға шақырды. Өз кезегінде Қазақстан оны қолдайтын болады.

Жұңғо елінің кәсіпорындары Қазақстанда тұқым шаруашылығын, органикалық тыңайтқыштар өндірісін, ауыл шаруашылығы техникаларын құрастыруды, ауыл шаруашылығында қолданылатын инновацияларды, интернет-банкінг пен логистиканы дамытуға қызығушылық танытып отырған көрінеді.

Қытай миллиардер, миллионерлер саны жөнінен әлемде алғашқы орында. Орта табы да өте көп. Олар жергілікті емес, шетелдік экологиялық таза өнімдерді тұтынады. Серік Жұманғарин ҚХР азаматтары қазақстандық балды, балмұздақты, макарондарды, сусынды, сұйық майды, казак ұнынан жасалған өнімдерді, кондитерлік тағамдарды, етті ықыласпен сатып алып, сүйсіне жейтінін жеткізді.

Осы және басқа қазақстандық жеңіс астың, тауарлардың бәрін Alibaba, Биылдан бастап JD.com алаңдары арқылы сатып алып, тапсырыс бере алады. Бүгінде қазақстандық өнімдерді қытайлық маркетплейстер арқылы тек Қытай тұрғындары

ғана емес, сонымен қатар Германия, Марокко, Гонконг, Сауд Арабиясы және басқа елдердің тұтынушылары да ала бастады.

Айтқандай, Бейжіңде Қасым-Жомарт Тоқаев YTO Express Co. Ltd компаниясының басқарма төрағасы Юй Хуэйцзюнь қабылдады. Президент Қазақстанның 2030 жылға қарай электронды сауда үлесін жалпы сауда-саттық нарығының 20 пайызына дейін жеткізуді жоспарлап отырғанын мәлімдеді. Ол қытайлық компания басшысымен электронды коммерция, көлік және логистика салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастық перспективаларын талқылады.

Қытайдың тез жеткізуге маманданған ең ірі логистикалық операторларының бірі саналатын бұл компания қазақстандық нарыққа кіріп, Орталық Азиядағы бас кенесіні Қазақстанда ашуды жоспарлап отыр. Бұл уағдаластық «Қазпошта» мен YTO Express Group арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою аясында бекітілді. Кәсіпорын еліміздің бірқатар өңірінде «А» санатына жататын жоғары технологиялық мультимодальды орталықтар салуды жоспарлап отыр. Мұндай инфрақұрылым тауарды жедел өңдеп, оны Еуропа одағы, Еуразиялық экономикалық одақ және Орталық Азия елдеріне шығаруға оңтайлы жағдай жасайды. Ал интеллектуалды IT шешімдерді енгізу логистика процесін толықтай автоматтандыруға мүмкіндік беріп, электронды коммерция тауарларының кеденнен жылдам өтуін қамтамасыз етеді.

#### ЖҮК АҒЫНЫ КЕПТЕЛІСКЕ ТІРЕЛМЕУІ КЕРЕК

Президент жанындағы КСЗИ бас сарапшысы Әділ Кәуекеннің айтуынша, қазіргі заманның Жібек жолы саналатын «Белдеу мен жол» бастамасын ілгерілетуіне бірлескен күш-жігер Еуропа мен Азияның өзара байланысы үшін маңызды нәтиже беруде. Мысалы, көлік инфрақұрылымын дамыту арқасында Қытай-Еуроодақ арасындағы Қазақстан арқылы контейнерлік тасымалдар 104 есеге жуық өсті.

«Мысалы, «Белдеу мен жол» жұмыс істеген он жыл ішінде ғана Қазақстан мен Қытай арасында теміржол арқылы 6,5 миллионнан астам контейнер тасымалданды. Бұл ретте Қазақстан арқылы Қытай – Еуропа-Қытай бағытында контейнерлік тасымалдау көлемі 100 естен астам, яғни 2013 жылғы 7,6 мың контейнерден 2022 жылғы 790 мың контейнерге дейін өсті. Қазақстан халықаралық биік стандарттарға сәйкес өзінің көлік инфрақұрылымын дамытуға мүдделі. Бұл жаңа мүмкіндіктерге жол ашады: ұлан-байтақ даламызды, әрбір облысымыз бен қаламызды заманауи бағыттармен қамтып, қазақстандық өнімдердің әлемдік нарықтарға шығуы үшін қолайлы маршруттар түзеді», — деді Әділ Кәуекен.

Сарапшы Қазақстан мен Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасын ары қарай дамыту перспективасына тоқталды. Кос көршінің арасын біраз жерде тау бөліп жатыр. Сондықтан географиялық факторларға байланысты ҚХР-мен шекаралық сауда тек бірнеше нақты аумақ арқылы жүзеге асырылады. Олардың ішінде ауқымдысы әрі танымалы – «Достық» шекаралық өткелі. Автомобиль және теміржол магистралдары қатар өтетін бұл жерде жиі көлік кептелісі болып, жүк ағыны шөлмектен мойнындай тар жерге тығындалады.

Ендіше Қытай мен Қазақстан арасында келешегі бар жобалардың бірі – «Достықтағы» көлік кластерін кенейту, сондай-ақ осы учаске арқылы өтетін тауарларды интернационализациялау (тауарлардың трансшекаралық қозғалысын арттырып, елдер арасындағы экономикалық байланыстарды өрістетуді). Бұл бағыттағы алғашқы қадамдардың бірі – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік дәлізін салу және Корғасқа дейінгі теміржолды өткізу болмақ.

Бүгінде «Бакты – Чагучак» шекара өткеліне дейін жаңа теміржол жолын іске қосу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл тар жерлерді кенейтудің және трансконтиненталды сауданы дамытудың жаңа нүктелерін құрудың тағы бір маңызды факторы болады.

Елдос СЕНБАЙ

## ВАНДАЛИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ

Осындай ұранмен «АМАНАТ» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшелері Қазақстанның тарихи, мәдени және табиғи мұрасын вандализмнен сақтауға бағытталған республикалық ауқымды акцияны бастады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың екінші отырысындағы ел дамуына қатысты ой-толғамында атап өткендей, ел мен жерге деген жанашырлық – «адал азамат» тұлғасының ең асыл қасиеттерінің бірі.

Алайда соңғы кезде вандализм, әсіресе қорықтар, табиғи саябақтар мен киелі орындарда орын алған келенсіз оқиғалар туралы хабарламалар жиілеп кетті. Сондықтан тарихи ескерткіштерді сақтау мәселесіне қоғам назарын аудару, сондай-ақ туған жердің табиғаты мен тарихына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру үшін «Жастар Рухы» жастар қанаты ұлттық қазынаны қорғауға арналған акцияны

бастады. Атап айтқанда, белсенділер еліміз бойынша ескерткіштерді, онымен іргелес аумақты тазартып, ретке келтіреді. Жастар осы іспен қатар туған өлкенің тарихын, дәстүрін бен әдет-ғұрыптарымызды зерделеуге мүмкіндік алады.

Бүгінде 50-ден астам ерікті «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде орналасқан «Жұмақас» жартасын тазалауға кірісіп кетті. Бұл жарта – тарихи ескерткіш қана емес, сонымен қатар мәдени мұра. Акцияға волонтерлерге әдістемелік және басқа да жалпы көмбе көрсететін Ұлттық парк пен облыстық мәдени мұраны қорғау орталығының мамандары қатысады.

«АМАНАТ» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты төрағасының орынбасары Акерке Ескендірованың айтуынша, бұл акция – азаматтық жауапкершіліктің көрінісі ғана емес, жастардың халық игілігін қорғауға қосқан үлесі.

«Осынау игі акция қазақстандықтарды ортақ құндылықтар төңірегінде топтастырады деген сенімдеміз. Қазақстан азаматы ретінде Мемлекет басшысының идеясын қолдауды

маңызды деп санаймыз. Сондай-ақ еліміздің басты мерекесі – Республика күні қарсаңында мәдени және табиғи мұрамызды бағалайтын, оның болашағына бей-жай қарамайтын азаматтарды, қоғамдық ұйымдарды бізге қосылуға шақырамыз», — деді ол.

Акерке Ескендірова аталған акцияның қоғамда экологиялық мәдениетті нығайтуға бағытталғанын атап өтті. Өткен жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен «АМАНАТ» партиясының XXII съезінде Тазалық экологиялық тәрбие жобасы басталған еді. Жастар қанатының белсенділері мен жастары жоба аясында ел аумағы бойынша мыңға жуық экологиялық акция өткізіп, оған 80 мыңнан астам адам қатысты.

«Жастар Рухы» белсендісі Жасұлан Рахымов вандализммен тек күш біріктіре отырып күресуге болады деп есептейді.

«Осындай жерге келетін кейбір адамдардың әрекеті көңілге қаяу түсіреді. Адамдардың демалуға келетіні түсінікті, бірақ бұл табиғатқа тағылық жасап, оны қалай болса солай бүлдіруге болады деген



сөз емес қой. Ондай әрекетке барған адамдар өз ісі үшін уялып қана қоймай, жасаған әрекеті үшін заң алдында жауап беруі, айыппұл төлеуі тиіс. Ата-бабамыздан мұра болып қалған кең байтақ даланың әрбір бөлшегін таза ұстауымыз керек», — деді ол. Болашақ ұрпақтың игілігі үшін табиғатты сақтау «АМАНАТ» сайлауалды бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі екенін атап өткен жөн. Сондай-ақ құжатта табиғат қорғау іс-шараларының сапалы іске

асырылуына тұрақты партиялық бақылау жүргізу көзделген.

Ескерткіштерді қалпына келтіру және тазартуға арналған акция еліміздің басқа өңірлерінде де жалғасады. Күні ертең «Жастар Рухы» белсенділері сарапшылармен және қоғам белсенділерімен бірге еліміздегі барлық ұлттық паркке, «Ақжайнар» петроглифтік кешеніне, «Тамғалы-Тас» шатқалына және басқа да нысандарға барады.

Берік БЕК

Күні кеше бұқаралық ақпарат құралдарында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры топ-менеджерлерінің миллиондаған сыйақы мен бонус алғаны туралы жаңалық шықты. Басқасы басқа, бұл жаңалық қордағы ақшасының қызығын көре алмай жүрген халықтың ашу-ызасын тудыруы заңдылық. Жағдай ушығып кетерін білген қор басшылығы ақпараттың жалған екенін жариялапты. Олардың түсіндірмесіне сенсек, қордағы басқарманың әрбір мүшесінің, оның ішінде төрағаның сыйақы мөлшері Үкімет Қаулысымен 10 ең төменгі жалақы деңгейінде шектелген. Яғни, 600 мың теңгені олар медицина қызметкерлері және Республика күні қарсаңында алған. Қордың жылдық есебінде көрсетілген 93,8 млн теңге – осы басқарма мүшелерінің бір жылдық жалақысы, демалыс және ем-шара жәрдемақыларына жұмсалған. Сондай-ақ қордың Басқарма төрағасы таза қолға 1,39 млн теңге жалақы алады. Жөн екен. Десек те, 600 мыңдап сыйақы алатын қор жұмыс істемей тұрған жүйеден кейін жүйесіз жұқарған халыққа келгенде қаражаттың шекті шкаласын белгілеп, дәрігердің әрбір уақытын үнемдеп жатқандарын айтып ақталады. Ал әрбір минутты алтыннан қымбат науқастың өмірі үшін бас қатырмайтын қордың «қызығы» мұнымен бітсе жақсы...

Жадыра МҮСІЛІМ

Жақында Мәжілістің жалпы отырысында да өзге министрлерге қарағанда елдің бас дәрігеріне бағытталған сұрақ көп болды. Сол кезде депутаттардың дені дәрігерге жетемін дегенше жан тапсырып, медициналық мекеменің есігін көргенше мәңгілік мүгедек болып жатқан науқастардың көбейгенін айтып ашынды. Бұл сауалды бұған дейін де депутаттар Үкімет басшысы мен министрлікке талай рет жолдаған. Алайда мәселенің шешімін іздеуден гөрі ақ халаттылар мен қаражаттың жетіспеушілігін айтып ақталған жауаптан ары аспай отырмыз. Әйтпегенде МӘМС жүйесіндегі міндетті әлеуметтік сақтандыру мен кепілдендірілген әлеуметтік көмектің де қолжетімсіз екенін айтып жатқалы қашан. Шыны керек, ай сайын төлейтін жарнасын іздеп шарқ ұрғандардың қасында кепілдендірілген тегін қызметті ала алмай сандалған науқастардың жағдайын айтудың өзі қиын. Мәселен, Алматы қаласының тұрғыны, зейнет жасындағы Бекболат Әбсеметовтің басы ауырып жүргеніне жарты жылдың жүзі болған. Бейінді мамандары қат тұрғылықты жердегі медициналық ұйымның жолдамасын күтпей бір қабылдауы 30 мың тұратын жекеменшік клиникаға барған. Науқастың жағдайын ауыр деп бағалаған ондағы дәрігерлер дереу операция жасауға кеңес берген. Осы уақытта дерті дендеген науқасты ота залына жіберуі тиіс мемлекеттік мекемедегі дәрігерлер зейнеткерге жолдамалармен қатар беріп, әр есікті күзеттіріп қойған. Қазір басының ауруы асқынған зейнеткердің миындағы қан тамыры күннен күнге қысылып, екі көзі айқасып кетіпті. Соған қарамастан бейінді мамандардың кеңесін тыңдау үшін жолдаманың соңынан жүгіріп, екі ортада аяқ добына айналып келеді екен. Жартылай жекеменшік медициналық мекемедегі дәрігерлердің әрекетсіздігін жергілікті жердегі Денсаулық сақтау басқармасы мен жауапты министрлікке жеткізгенімен, жағдай өзгермеді. Олардың жұмысына бақылауды қаражат беріп



Елар КАБА (photos.ru)

# ЖҮЙЕ ЖҮЙЕСІЗ БОЛЫП ШЫҚТЫ

отырған сақтандыру қоры жүргізеді. Бір қызығы, қор басшылығына науқастың өмірінен гөрі дәрігердің кәсіби қызметіне дақ түспегені маңызды секілді. Себебі халықтың арызы бойынша ескерту берілсе, келесі жекеменшік медициналық клиниканың есігі ашық.

## ҚОРДЫҢ КҮНІ ҚОРҒА ҚАРАП ТҮР

Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетовтің сөзінше, жүйедегі бюрократия қаржыландыру жүйесімен де байланысты болып тұр. Мәселен, емханалар іс жүзінде ай сайын квота арқылы қаражат алады. Осыны ескере отырып, ай сайынғы қаржыландырудан бас тарту керек. Көрсетілген қызмет фактісі бойынша қаражат төленуге тиіс. Пациенттерге медициналық ұйымды таңдау еркін беріп түсініспеушілікті болдырмау үшін тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі

Сондай-ақ зейнеткерлер, балалар сияқты 15 әлеуметтік санат үшін МӘМС-ке бюджеттен төлейтін жарналарын қысқартып тастады. Мысалы, занның 26-бабына сәйкес, бюджеттен бұл жарна орташа жалақы бойынша есептеліп, қорға аударылуы керек болса, іс жүзінде Қаржы министрлігі оны медициналық жалақы мөлшері есебінен төлеп жатыр. Заңға қайшы шікі шешімнің кесірінен Қаржы министрлігі келер жылдың өзінде 275 млрд теңгені МӘМС қорына, яғни азаматтардың емделуіне аудармай отыр. Бұл жағдай үш жылдан бері жалғасып келе жатқанын есепке алсақ, МӘМС-ке 600 миллиардтан астам қаражат бюджеттен түспей тұр», — дейді.

Бұл ғана емес, медицина қызметкерлерінің жалақысын көтеру үшін де министрліктің күні қордағы қаражатқа қараған. Ол да МӘМС-і қазакстандықтардың еміне тікелей жұмсалуды тиіс жүздеген

## САЛҒЫРТ ҚАБЫЛДАНҒАН СЫЗЫҚТЫҚ ШКАЛА

Биылдан бастап барлық медициналық қызметке шектік шкала енгізілді. Оған сәйкес, әр медициналық ұйымға шектік квота беріледі. Айлық пен сыйақыға келгенде қордың жағдайына бас ауыртпайтын мұндай әдісті амалдың жоғынан қаражатты үнемдеу мақсатында қолданысқа енгізіпті. Оны айтамыз, шектік шкаланы шұғыл медициналық көмекке де теліп қойдық. Осылайша, ауруханалар травматологияға жедел түскен науқастарды да бекітілген квотаға сәйкес алуы тиіс. Егер науқас бекітілген шкаладан артып кетсе, ауру адамды ешкім қабылдамайды деген сөз.

«Интертвич Медицинский Ассистанс» ЖШС-нің Бас директоры Ерік Байжүнісов МӘМС жүйесі әлемнің білікті сарапшыларының кеңестеріне сүйеніп жасалғанын айтады. Бірақ қордың кейбір міндеттерін орындауға қаражат жетіспей қалған. Бұл туралы сарапшылар да алдын ала ескерткен. Өкінішке қарай, ол уақытта айтқанға құлақ салмадық. Осылай деген ол: «Қалай десек те МӘМС жүйесі енгізілгеннен кейін салаға бұрынғымен салыстырғанда екі есе көп қаржы жиналды. Соның арқасында қыруар қаржы тұратын технологияларды кенінен дамыта бастадық. Бұл технологиялар үнемі қаржы бөлуі қажет етеді. Тенге құнсызданған сайын дәрі-дәрмек пен құрал-саймандардың барлығы қамбаттады. Осының барлығы қаржы тапшылығын туындатты. Медицина саласына қыруар қаржы бөлініп жатыр десек те, басқа мемлекеттермен салыстырғанда біздің бөлген ақша жеткіліксіз, — дейді. Сол себепті бүгінде кепілдендірілген көмекке науқастардың қолы жете алмай келеді екен. Маманның айтуынша, сақтандыру қағидаларын халық тұрмашы денсаулық сақтау саласында қызмет етіп жүргендердің өздері де түсінбей жүр. «Бүгінде бөлінген әр тиын емдеген науқастың диагнозына қарай беріледі. Неғұрлым күрделі науқасты



*Былтыр Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 9 айдың ішінде 24 011, биыл 19 711 шағым мен өтініш келіп түскен.*

мен медициналық сақтандыру пакеттерін нақтылауды ұсыну қажет. Осылай деген ол: «Қазакстандықтардың ай сайынғы жалақысынан МӘМС-ке төлейтін жарнасының ставкасы 2 пайыз деңгейде сақталады. Ал мемлекеттің төлейтін жарнасы бастапқы ставкаларға қарағанда 3 есеге азайтылды. Осы шешімге байланысты МӘМС қорына, яғни азаматтардың еміне, бюджет есебінен жүздеген миллиард теңге түспеген. Бюджеттегі қаражаттың жеткіліксіздігіне байланысты шұғыл шешімдерді қабылдау үшін МӘМС қорында жиналған 700 млрдқа жуық қаражат пандемиямен күрес үшін жұмсалып кеткен.

миллиард теңге. Салдарынан МӘМС қорына кем дегенде 1 трлн теңгеге жуық қаражат түспеді. Бұған қоса, 1 трлн теңгеге жуық қаражат алғашқы қойылған мақсаттардан тыс, мысалы пандемиямен күреске, әлде ГОБМП, бюджет арқылы төленуі керек бағыттарға жұмсалған. Осылайша, денсаулық сақтау саласындағы шығындардың қаржылық ауыртпалығы азаматтардың қалтасына түсіп отыр. Сауатсыз шешім қордың да қаржылық тұрақсыздығына әкелген. Дәрігердің сыйақысы мен айлығын өсіріп жатқанда, қазакстандықтардың өз қалтасынан емделуге жұмсайтын қаражаты күннен күнге көбейіп барады.

# MIRAS ТҮРКІСТАННЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫН ТҮТЕНДЕУДЕ

«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы Miras азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі қоғамдық кеңесі өңірдегі құндылықтарды дәріптеп, өзекті мәселені қарайды. Аты айтып тұрғандай, мұнда бас қосқан кеңес мүшелері мәдениет пен өнерді дамытуға арналған мәселелер төңірегінде көтерілген өзекті жайттарды ортаға салып талқылайды.

Бүгінде Түркістан облысындағы Miras қоғамдық кеңесінің 22 мүшесі бар. «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары, облыстық мәслихат депутаты Қалыйма Жантөреқызы төрағалық ететін кеңеске өңірге танымал Бекжігіт Сердәлі, Бекарыс Шойбеков, Жанахмет Ағыбаев және басқа да зиялы қауым өкілдері, мәслихат депутаттары, мәдениет саласының майталмандары, профессорлар және ғылым кандидаттары енген.

Бүгінде қоғамдық кеңес өңірдегі өнерді дамыту аясындағы жұмыстарға белсене араласып, бірқатар мәселенің шешілуіне түрткі болды.

Жыл басынан бері «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы Miras қоғамдық кеңесінің 4 отырысы өткен. Биылғы жылдың алғашқы отырысында қоғамдық кеңестің жана құрамы таныстырылып, кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар «Тұраннан шыққан тұлғалар»: Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл, Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жылдық мерейтойын облыс көлемінде атап өтудің дайындық жұмыстары мен өткізу барысы талқыға салынды. Кеңес мүшелері тарапынан ұсыныс-тілектер айтылып, мерейтой қарсаңында аталып өтетін іс-шаралар туралы шешімдер анықталды. Осынау шешімнің орындалуы, MIRAS азаматтық қоғамы мен мәдениетті дамыту

жөніндегі қоғамдық кеңестің бақылауына алынды.

Екінші отырыста мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметке орналасу кезінде мемлекеттік тіл – қазақ тілін жетік білуі және қазақ тіліне құрметпен қарауды айқындайтын заңнамалық нормативтік-құқықтық норманы «Мемлекеттік тіл» туралы заңына енгізу жайы талқыланды. Сондай-ақ кеңес мүшелері ауылдағы клубтар мен мәдениет үйлерінің, кітапхана мен үйірме жұмыстарын жақсарту бойынша ойларын ортаға салды.

Жиын барысында облыстық Мәдениет және туризм, Адам әлеуетті дамыту, облыстық Денешынықтыру және спорт, Сәулет және қала құрылысы басқармаларының, Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ректорының есептері тыңдалды. Қоғамдық кеңес отырысының қорытындысымен тиісті шешімдер қабылданды.



Қоғамдық кеңестің кезекті үшінші отырысы Конституция күні мерекесіне арналған «Ата Заң – азат елдің ар-намысы» тақырыбы аясында өрбіді. Жиында Ата Занды құрметтеу, азаматтарға отансүйгіштікті, ұлтжандылықты насихаттау бойынша әлеуметтік желіде кенінен ақпарат жариялау мәселесі сөз болды. Кеңес мүшелері айтулы күннің тарихына шолу жасап, өзара пікір алмасты. Сонымен бірге қоғамдық кеңестің келесі отырыстарында қоғамды толғандыратын

емдесең, соғұрлым көбірек ақша табасың. Ол үшін білікті мамандарды жинау керек. Оларға қажетті жалақы беруін керек сияқты көптеген талаптар бар. Оны орындамасаң, қаржысыз қаласың немесе қарызға батасың. Нарық деген — осы. Бейінді мамандарға қол жеткізе алмағандықтың негізгі себебі — осы. Сыздықтық шкалаға келсек, бұл шара тек стационарлық мекемелерге ғана қолданылуы керек. Ол — дүниежүзілік тәжірибе. Ал сыздықтық шкаланың амбулаториялық жүйеде қолданылуы — үлкен қателік. Біз қазір науқастардың стационарға ғана емес, емханаларға да баратын мүмкіндіктерін шектеп тастадық», — дейді Ерік Әбенұлы.

Былтыр Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 9 айдың ішінде 24 011, биыл 19 711 шағым мен өтініш келіп түскен. Оның ішінде жекеменшік медициналық мекемелердің сапасыз көрсетілген медициналық көмегіне, медициналық көмектен бас тартуға қатысты және оны ұзақ күтуге байланысты шағым саны 5 188, ал былтыр 6 098-ы құрады. Арызшағымның басым бөлігі медициналық көмек көрсетуге қатысты болып отыр. Бұл арқылы қор өкілдері медициналық ұйымдағы қызметтің сапасына қатысты арыз азайғанын айтқысы келеді.

## ТҮЙТКІЛДІҢ ТҮЙІНІН КІМ ТАРҚАТАДЫ?

Алайда депутат Нартай Сәрсенғалиев «Қазақ салсақ, бізде барлығы жақсы» деп отыр. Бірақ іс жүзінде МӘМС-ке қатысты түйткілдің түйіні тарқайтын емес. Әлемде медициналық сақтандыру жүйесін жемісті жүзеге асып жатқан елдер бар. Біздің елге келгенде жүйе жүйесіз болып шықты. Осылай деген ол: «Өйткені бізде жүйені жылдам қабылдады. Түсіндіру жұмысы да мардымды жүргізілген жоқ. Салдарынан тар бейінді мамандардың болмауы үлкен мәселеге айналды. Ревматолог, невропатолог мамандарының жетіспеушігін халық жиі айтады. Жұрт жеке клиникаларға барып емделуге мәжбүр. Бірақ ондағы бағаларды естігенде адам ауруын ұмытып қалатын жағдайға жеті», — дейді. Ал өңірге жіберген мамандарды жергілікті әкімдер құшақ жая қарсы алуға дайын емес. Қалада электронды қағаз толтырумен уақыт өлтіретін қазіргі жүйедегі жалғыз жәбірленуші — халық. «Мысалы, жылдар бойы кезегі келіп бітпейтін кейбір аппараттар жекеменшік клиникаларда қолжетімді. Осындайда МӘМС жүйесін жекеменшік клиникаға ақша түссін деп жасап қойған секілді болып көрінеді. Себебі қолдан жасалған қиындықтан қиналған халық айналып келіп жекеменшік клиникаға барады ғой. Олай болса, ақыры жеке клиникаға жібереді екен. Онда бағаны реттеуге жұмыс істейік. Сөйтсек, министрлік мемлекеттік ауруханалардағы ақылы қызметкердің құнына 20 пайыздан асырмауға кепілдік бергенімен, жекеменшік клиникаларға құзыры жүрмейді. Сонда жұрттың жағдайын жасап бере алмай отырып олардың баға саясатына араласа алмаймыз. Соны білетін олар да халықтың қалтасын қағып жатыр», — дейді депутат.

Осындай олқы тұсы көп жүйеге осы күні елдегі 3,3 миллион адам тіркелмеген. Оның арасында жұмыссыз да бар, ай сайын айлық алатын 800 мыңдай адам да кіріп отыр. Жарнаға аударатын жалақысы жоқтарды қойшы, тұрақты айлығын қорға беруге құлықсыздықтың себебі де осы, жүйенің жұмыс істемеуінде жатыр. Өкінішке қарай, «ақша енді пациенттің артынан жүреді» деп сендірген МӘМС іс жүзінде келгенде пациентті ақшаның артынан жүгіртіп қойды. Тіпті, дерті дендеген науқастар бұрынғы күнге зар болғаннан ай сайын ұстайтын ақшамызды өзімізге беріп, медициналық мақсатта қолданатын карта аштырып берсе деп күнді-түні тілейтін болды.

Назгул НАЗАРБЕК,  
Түркістан облысы

**Қ**азір мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде әкімшілік реформаларды қарқынды жүзеге асыру жөнінде шаралар қолданып келеді. Мемлекеттік функциялар жүйесінде мемлекеттік қызметтер көрсету маңызды орын алатыны белгілі. Бүгінде әлем елдері мемлекеттік басқару саласында екі модельге сүйенеді. Бірі – мансаптық, екіншісі – позициялық. 2016 жылы қабылданған заң аясында Қазақстандағы мемлекеттік қызмет толық мансаптық модельге негізделген еді. Бұл туралы күні кеше Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде БАҚ және қоғам өкілдері үшін ұйымдастырылған баспасөз турында айтылып, онда агенттік төрағасы Дархан Жазықбай мемлекеттік қызметке орналасу процестерін жеңілдету, талантты және креативті мамандарды тарту, бюрократиядан арылу бойынша қабылданатын жатқан шараларға тоқталды.

Анарис АҚЫЛМАН

«Бұрын мемлекеттік аппаратқа жұмысқа кіру «жабық қаста» сияқты болды. Яғни, жоғары лауазымды иелену үшін төменгі лауазымнан бастап жұмысқа орналасу керек. Ал қазір біз осы екі модельді тең қарастыра отырып, қазақстандық модельді қалыптастырып жатырмыз. Қос модельдің де үздік тұстарын өзімізге енгізіп жатырмыз», – дейді Дархан Жазықбай.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік қызмет саласына білікті өрі талантты жастарды тарту міндетін қойғаны белгілі. Осыған байланысты агенттік грант негізінде оқыған, GPA көрсеткіші 3.33 деңгейінен жоғары жастарға мүмкіндік ұсынды. Яғни, олар аудандық немесе ауылдық аппараттарда төменгі лауазымдарға конкурстық іріктеусіз, тікелей тағайындалады.

Жалпы, бүгінде ел бойынша 82 528 мемлекеттік қызметші сан салада еңбек етіп жүр. Олардың 56,8 пайызы – әйелдер.

«Биыл «Мемлекеттік қызмет туралы» заңнамаға біраз өзгеріс енгізілді. Қызметкерді басқа өңірге ротациялау кезінде тұрғын үй төлемдерін енгізу, нақты жобаларды іске асыру үшін келісімшарт бойынша жұмыскерлер тарту мүмкіндігі пайда болды. Өңірлік мемлекеттік органдардың кадрлық тапшылығын жою бойынша өңірлік резервтер құрылады. Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысы мемлекеттік қызметке кіру мен шығуды онтайландыру бойынша тапсырма берген еді. Агенттік тиісті шараларды кезек-кезеңімен іске асырып келе жатыр. Біріншісі – агенттік келісімімен «Б» корпусын жоғары лауазымдарға конкурстық, тікелей тағайындау қарастырылған. Бұл жеке сектордан білікті және салалық тәжірибесі бар мамандарды тартуға мүмкіндік береді. Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін агенттіктен осындай 188 тағайындау келісілді», – деп баяндады агенттік төрағасының орынбасары Азамат Жолманов.

Былтыр Мемлекет басшысы агенттіктің алдына үлкен міндеттер қойғанын



## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ АДАЛДЫҚ – МІНДЕТ

атап өткен Дархан Жазықбай осыған сәйкес қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету, меритократия қағидаларын ұстану, агенттікті толық HR-институтқа айналдыру, сонымен қатар адамға бағдарланған сервистік аппарат құру міндеті тұрған жеткізді. Агенттік төрағасы бұл тапсырмаларға сай, нақты жұмыс қолға алынғанын айтты. Мәселен, былтырдан бері ведомство 4 заңға өзгеріс енгізген.

«Агенттік былтырдан бері 4 заңға өзгерістер енгізді. Оның ішінде мемлекеттік қызметке кіру және мемлекеттік қызмет көрсету заңдары бар. Сонымен қатар Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске өзгеріс енгіздік. Агенттік мемлекеттік қызмет туралы заңға бақылау жасап, оның орындалуын қадағалайды. Осы заң бойынша біз мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет көрсету саласының сапасына толыққанды бақылау жүргіземіз. Оны бағалаймыз», – дейді төраға.

Тағы бір жаңашылдық – мемлекеттік қызметшілерді бағалау жүйесі өзгерді. Мәселен, қатарынан екі рет төмен баға алған жұмыскердің лауазымы төмендейді немесе жұмыстан шығарылады. Ал төрт рет жақсы нәтиже көрсеткендері жоғарылайды.

Сонымен қатар баспасөз туры кезінде БАҚ өкілдеріне мемлекеттік қызметке іріктеуді онлайн жүргізуге бағытталған «Е-қызмет» сыртқы порталдың жұмысы көрсетілді. Қатысушылар прокторинг жүйесінің қалай жұмыс істейтінін және талапқа сай келмейтін фактілердің анықталу процесімен танысты.

Бұған қоса, агенттік өкілдері Президенттік жастар кадрлық резервіне іріктеудің бірінші кезең қорытындысын жариялады. Айта кетейік, 1 қыркүйекте



“

*Жалпы, бүгінде ел бойынша 82 528 мемлекеттік қызметші сан салада еңбек етіп жүр. Олардың 56,8 пайызы – әйелдер.*

резервке кезекті іріктеу басталды. Талапқа сәйкес, оған жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және 5 жыл жалпы жұмыс тәжірибесі бар, мемлекеттік тілді В1 деңгейінен төмен емес меңгерген Қазақстан азаматы қатыса алады. Іріктеу қорытындысы бойынша 50 кандидат резервке алынады.

Жобаның pkrezerv.gov.kz сайтында құжаттарды қабылдауға берілген өтініш негізінде бір айда 30 мыңнан астам адам тіркелді. Оның ішінде 6 404 қатысушы «Мәтіндік ақпаратпен жұмыс

істеу қабілетін бағалау» тестілеуіне жіберілді. Кейін бірнеше кезеңнен сүрінбей өтіп, «Құзыреттерді бағалау» сатысына 244 үміткер жетті. Енді олар 19-24 қазан аралығында өз бақтарын сынап көреді.

Баспасөз туры аясында осы Президенттік жастар кадрлық резервіне енген азаматтарға арнап берілген кабинеттер таныстырылды. Мұнда олар мемлекеттік қызмет саласын жетілдіруге қатысты өз ойларын ортаға салып, ұсыныстарын әзірлейді.

«Бұл – біз үшін үлкен мүмкіндік. Егер жиналыс жасау керек болса, біз осы жерге келіп, өз сұрақтарымызды ақылдасамыз. Президенттік жастар кадрлық резерві өз тарапынан ұсыныстар әзірлеп, мемлекеттік орган басшысына оны енгізе алады. Осындай қосымша мүмкіндіктеріміз бар», – делі Президенттік жастар кадрлық резервінің өкілі Бибігүл Құрманова.

Агенттік төрағасы Дархан Жазықбай білікті кадрларды даярлау, қызметшілердің білімін жетілдіру үнемі басты назарда екенін атап өтті. Оның сөзінше, кәсіби мамандар дегін қалыптастыру жолында Мемлекеттік басқару академиясы әлемдік стандарттарға сай білім беруде.

«Академия тек оқытумен ғана шектелмейді. Сонымен қатар біз мемлекеттік органдарға, оның ішінде Президент Әкімшілігіне, Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне арнайы қолданбалы зерттеу жүргізіп, талдау жазбаларын дайындаймыз. Академияның әрбір өңірде фи-

лиалы бар. Олар тікелей жергілікті атқарушы органдармен байланыста. Бізде 11 бағдарлама жұмыс істейді. Оның 8-і магистратура болса, үшеуі – докторантура. Академияның бағдарламалары тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ шетелдерде аккредиттелген. Жақында ғана Еуропалық аккредиттеу орталығының рұқсатымен біздің төрт бағдарламыз 2033 жылға дейін іске қосылды», – деп жұмыстардың нәтижесіне тоқталды Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры Ерлан Әбіл.

Ал әдеп мәселелеріне тоқталған агенттік төрағасының орынбасары Салаут Мүксімов жыл басынан бері 90-нан астам маман мемлекеттік қызметтің атына кір келтіргенін айтты.

«Биыл 9 айдың қорытындысы бойынша, әдеп кеңестерінде мемлекеттік қызметшілерге қатысты 300-ден астам тәртіптік істер қаралған. Оның ішінде 92-сі мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылықтар жасағаны үшін түрлі жауапкершілікке тартылды. Ал Әдеп жөніндегі кодекстің нормаларын бұзған деген айыппен 73 мемлекеттік қызметші жауапқа тартылған. Әр іске байланысты өзіндік тергеу жүргізіледі. Жалпы, мемлекеттік қызмет саласында бақылау жүргізіледі», – деп түйінделі Салаут Мүксімов.

Жиын соңында журналистер Агенттік төрағасына мемлекеттік қызметті дамытуға қатысты бірқатар сұрақтар қойып, пікірлері мен ұсыныстарын айтты.

Дархан Жазықбай мемлекеттік басқарудың «адамға бағдарланған» моделін қалыптастыру үшін мемлекеттік органдардың БАҚ өкілдері және азаматтық қоғаммен сындарлы диалогінің маңыздылығын атап өтіп, қатысушыларды одан әрі белсенді ынтымақтастыққа шақырды.

## «ЕЛ ЖҮРЕГІ – ЕЛОРДА» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Астанада оқушылар арасында «Ел жүрегі – Елорда» шығармалар байқауының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау кеші өтті. Бір айға созылған шығармашылық байқау Республика күні мерекесі мен Астананың 25 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылды. 7-11 сынып оқушылары арасында «Мектеп және медиасауаттылық» жобасы аясында өткен байқау «Елорда Ақпарат» медиасеріктестігі мен Астана қаласы Ішкі саясат басқармасы және Білім басқармасының бірлесуімен жүзеге асты.

Байқауға жазу өнерінен қабілет-қарымы бар жас қаламгерлердің 230-ға жуық шығармасы келіп түскен. Оларды бағалау кезінде шығарманың мазмұны, креатив ойлауы мен тілдің көркемдігі ескерілді. Жүзден жуық шыққан 10 оқушы марапаттар мен сыйлықтарға ие болды.

Байқау қорытындысы бойынша ын-таландыру сыйлығына ие болған С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы Агерке Казимоваға, Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының 6-сынып оқушысы Дінмұхаммед Айтжанға, Қаныш Сәтпаев атындағы Vinom school мектебінің 6-сынып оқушысы Максат Қуанышқа соңғы үлгідегі құлақпақ табыс етілді.

Үшінші орынға Жұмабек Тәшенев атындағы №10 мектеп-гимназияның 8-сынып оқушысы Аружан Жандосова,

№30 мектеп-гимназиясының 7-сынып оқушысы Хусейнмухаммедали Чалышқан, Ә.Бөкейханов атындағы Vinom мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы Айкерім Ерланның шығармалары лайық деп танылып, сыйлыққа Смарт-кол сағат берілді.

Екінші орынның иегері болып Қаныш Сәтпаев атындағы Vinom School мектебінің 7-сынып оқушысы Кәусар Жазыбай мен Ақшан Әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейінің 7-сынып оқушысы Жігер Берікқалиев марапатталды. Еңбектерімен жеңіс тұғырынан көрінген оқушыларға ұялы смартфон телефондары табысталды.

Бірінші орынға М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясының 7-сынып оқушысы Әмина Уәлиханнның шығармасы лайық болды. Жеңімпаз планшетпен марапатталды.

Ал Бас жүлдені қанжығасына байлаған Қаныш Сәтпаев атындағы Vinom School мектебінің 8-сынып оқушысы Кәусар Шалқар «Балдәурен» балалар лагеріне жолдама алды. Сонымен қатар кіл мықтының ішінен анықталған шын мықтының барлығының ата-анасы да алғысхаттармен марапатталды.

Іс-шара барысында жеңімпаздарды марапаттауға шыққан белгілі қаламгер, «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы Еркін Қыдыр байқау қатысушыларына, журналистиканың мәнін түсіндірді.

– Бүгінгі іс-шараның мақсаты – балалардың отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оқушылардың журналистикаға қызығушылығын ояту. Журналистика – қасиетті мамандық. Өйткені журналистер – қоғамның санитарлары, елдің сөзін сөйлеушілер, елдің мұнын жет-



кізушілер. Кешегі Қызыл империяның кезінде де журналист айтар сөзін айтқан, бүгін де өзінің ойын жеткізіп жүр. Сондықтан шәкірттерге әрқашан талпыныстарың, ізденістерің баянды болсын деп тілейміз. Елдің үміті де сендерсіңдер. Әрқашан таңдаған мамандықтарыңмен, алған білімдеріңмен елге қызмет етіңдер, – деп тілек білдірді.

Талапқа сай, байқау әділетті өту үшін қатысушылар өздерін шығарма авторы ретінде көрсетпеген, яғни өздерін өзге

есіммен таныстырған. Бас жүлде иегері Кәусар өзін «Нұр» деп атады. Оның себепін «Менің әжем – журналистика маманы. Есімі – Шұғыла. Соған байланысты өзімді Нұр деп таныстырдым» деп түсіндірді.

Еске салайық, Астана қаласының 25 жылдығына орай алғаш рет ұйымдастырылған бұл байқау болашақ журналистерге қолдау білдіріп, бағыт-бағдар беру мақсатында өтті.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

# МОРТЫҚТЫ КЕЛІП АЛҒАНЫ...

Елордадан таяқ тастам ғана қашықта жатқан Целиноград ауданына қарасты Мортық ауылындағы ағайынның жылдан астам уақыт бойы ішкені ірің, жегені желім болып тұр. Дәл түбіндегі ауылмен аттас көлдің жекеменшік иесіне аукцион арқылы сатылып кетуіне наразы болған жұрт жылдан астам уақыт бойы ауыл әкімдігінен бастап, Үкімет басшысына дейін хат жазып, әділдік іздеуде. Алайда ауылдың бар малы мен бау-бақшасын суару мақсатында пайдаланылып келген жалғыз табиғи су көзі енді ауылдың емес, жекеменшік иесінің қолына өтіп кеткен. Түйткілді жағдай еліміздің тиісті заңнамасына да қайшы келетінін айтқан тұрғындардың үжі өкінішке қарай жүзеге асар емес...

Целиноград ауданына қарасты Мортық ауылы аудан орталығы Ақмол ауылынан небары 25 шақырым ғана қашықта орналасқан. Ауылдың дәл түбіндегі ауылмен аттас — Мортық көлі өрістегі мал мен бау-бақшаны сумен қамтитын жалғыз су көзі. Бар күнкөрісі осы көлмен тығыз байланысты жергілікті тұрғындар Мортықтың маңындағы жайылымға малын бағып, отын оттап, қойын құрттап келген.

## КӨЛ БАР-ЖОҒЫ 757 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ САТЫЛҒАН

Алайда өткен жылдың соңында болған «сауда» ауыл жұрты үшін үлкен соққы болған. Желтоқсан айының тоғызында Мортық көлі аукцион арқылы конкурсқа қойылып сатылып кеткен. Жеңімпаз бар-жоғы 757 257 теңге төлеп көлді тұтастай жекеменшігіне айналдырып ала қойыпты. Бірақ ауыл халқы тіршілігінің басты көзі болған көлдің аукцион арқылы сатылып кеткенін осы жылдың сәуірінде бір-ақ білген.

—Көлдің сатылып кеткенін арада төрт ай өткенде ғана білдік. Ақмола облысының Табиғи ресурстар басқармасының ресми жауабына қарағанда, конкурс GOSREESTR порталында өткен жылдың 9 желтоқсанында өтіп кеткен. Жеңімпаз «Жүсіпов Серік Төлеутайұлы» ЖК аукцион арқылы көлді азантай ғана ақшаға сатып алған. Конкурсның ұйымдастырушысы — «Есіл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» екен. Бірақ бұл сауда жергілікті тұрғындар мен қауымдастықтың еш келісімінсіз жүзеге асырылған болып шықты. Сондықтан барлық құзырлы органдарға мәселені көтеріп, тиісті шешім шығарылуын талап етудеміз, — дейді ауылдың белсенді тұрғыны Талғат Құсдәулетов.

Ауыл тұрғындары алдымен Целиноград аудандық мәслихатына жүгінген. Болған жағдайға назар аударып мәселені толықтай зерттеген мәслихат депутаттары халықтың шағымы жөн деп тауып, Парламент Мәжілісінің депутаттарынан бастап, Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың, Экология министрі Ерлан Нысанбаевтың атына хат жазған. Төлқұжат жасау жауапкершілігі конкурсты ұйымдастырушы Есіл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясына жүктеліпті. Ұсынылған құжаттар бойынша, су қоймасының төлқұжаты В.Вернадский атындағы үкіметтік емес экологиялық қор жасалған. Целиноград аудандық мәслихаты да көлді сату заңсыз өткен деп санайтынын жеткізді.

—Аккредиттеу туралы куәлікке сәйкес сараптамалық қорытынды мен су қоймасын тексеру актілерін беруді негіз деп санаймыз. Яғни, аккредиттеу туралы куәлік балық шаруашылығы су қоймасы төлқұжатын беруге және тексеруді жүзеге асыруға құқық бермейді. Есіл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы аталған Мортық көлінде су қоймасына төлқұжат беру және тексеріс жүргізуге құқық бермейтін ұйымның құжаттарын тіркеген. Мұнымен қоса тиісті нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын бұзылғанын көріп отырмыз. Сондықтан Мортық көлі аукционның күшін жою қажет деп санаймыз, — дейді Целиноград аудандық мәслихатының төрайымы Ләззат Қонарбаева.

Мәслихат төрайымының айтуынша, су қоймаларын тапсыру мәселесі қазір ауданның басқа ауылдарының да халқы толғандыра бастаған. Өйткені осы оқиғадан кейін мәслихаттың поштасына өзге ауылдардан да толассыз хаттар түсе бастапты.

— Мәслихат өкілдік орган ретінде халықтың арызында көрсетілгендей,



нормативтік-құқықтық актілер талаптары бұзылғандықтан аталған мәселеден қалыс қала алмайды. Сондықтан аукционның өтуін жарамсыз деп танудан бөлек, аталған мәселе бойынша заңнамалық нормативтік-құқықтық актілерге тез арада өзгерістер енгізу қажет деп санаймыз. Халықтың арасында әлеуметтік шиеленістің алдын алу үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылдың 19 наурызындағы №18-04/245 бұйрығына өзгерістер енгізу қажет. Сондай-ақ аң аулайтын жерлер мен балық шаруашылығы су қоймаларын бекіту жөніндегі барлық конкурстарға тексерістерді ауылдардың жергілікті қауымдастық өкілдері мен мәслихат депутаттарының қатысуымен өткізу қажет деп санаймыз. Егер тұрғындардың бұл шағымы тиісті түрде қаралып, заңның орындалуы қамтамасыз етілмесе бұл халықтың толқуын тудырады. Құзырлы министрлік пен Үкіметтен даулы мәселені шешу үшін арнайы жұмыс тобын құрып оның құрамында жергілікті ауылдық округ өкілдері қатысатын болуы керек. Тексерісті түрлі деңгейдегі депутаттық корпусстар мен

шысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына да хат жазған. Тұрғындар сонымен қатар Экология министрлігінің 2022 жылдың 24 мамырындағы бұйрығына сәйкес бұл жерде жемқорлықтың болу ықтималдығын да жасырмады.

## ҚОР ЖЕКЕМЕНШІККЕ САТЫЛҒАН ЖОҚ

Біз мәселені одан әрі анықтау мақсатында Экология министрлігіне жүгіндік. Министрлік Ақмола облысы Целиноград ауданы Мортық ауылының көлі сатылмағанын, тек балық шаруашылығын жүргізу құқығы ғана берілгенін мәлім етті.

—Мортық көлі жекеменшікке сатылған жоқ, балық шаруашылығын жүргізу құқығына ғана берілді. Мортық ауылының жергілікті тұрғындары талап еткендей, конкурс қағидасымен су айдынын бекіту кезінде жергілікті қоғаммен келісу рәсімдері қарастырылмаған. Сонымен қатар, 2023 жылдың 31 мамырында Мортық көлін бекіту бойынша аудандық мәслихат депутаттары, Ақмола облысының табиғи ресурстар және таби-

“

*Ауылдың дәл түбіндегі ауылмен аттас — Мортық көлі өрістегі мал мен бау-бақшаны сумен қамтитын жалғыз су көзі. Бар күнкөрісі осы көлмен тығыз байланысты жергілікті тұрғындар Мортықтың маңындағы жайылымға малын бағып, отын оттап, қойын құрттап келген.*

құқық қорғау органдары және жергілікті қауымдастық өкілдерінің қатысуымен өткізілгенін сұраймыз, — деп толықтырды Ләззат Қонарбаева.

Ауылдың жергілікті қауымдастық төрағасы Талғат Құсдәулетов көлдің аукцион арқылы сатылып кетуіне кереғар болатын тағы бір заңсыздықтың бетін ашқан.

## ҚҰЖАТ БЕРГЕН ҚОРДЫҢ ЕШҚАНДАЙ ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ

Маған ұсынылған деректерге қарағанда су қоймасының төлқұжаты Вернадский атындағы үкіметтік емес экологиялық қормен жасалған. Бірақ Ресейдің астанасы Мәскеу қаласындағы Вернадский қорының бас директоры О.Пляминаның ресми хатында қор Қазақстанның емес, Ресейдің үкіметтік емес қоры екені, ал Қазақстанда тіпті филиалы яки өкілдігі де құрылмаған болып шықты. Сонымен қатар аталған экологиялық қор заңнамаға сәйкес су шаруашылығы қоймасы төлқұжатын беруге тіпті аукцион жүргізуге ешбір құқығы да болмағаны анықталды. Бұл заңнамалық құжаттарда да көрсетілген. Ұсынылған деректер бойынша Мортық көлінің төлқұжаты мен тексеру актісін Ақмола облысының табиғи ресурстар басқармасына «Астана Финанс Групп» ЖШС-мен берген. Бұл компания да ресми мәліметтер бойынша су нысандарына ғылыми негіздеме беруге ешқандай қатысы болмай шықты. Өйткені компания жекеменшік күзет қызметімен айналысады. Тиісінше Ақмола облысының көлдерге аукцион өткізуге байланысты қалай заңдастырғаны түсініксіз болып тұр. Сондықтан Ақмола облысы көлдеріне аукцион өткізумен байланысты барлық мәселелер бойынша тексерістер мен жауапкершілікке тарту бойынша барлық шараларды қабылдау қажет деп санаймыз, — дейді Талғат Құсдәулетов.

Осы жылдың 4 қазанында Мортық ауылының тұрғындары жиын өткізіп қорытындысы бойынша Мемлекет бас-

қатты пайдалануды реттеу басқармасының өкілі, Инспекция басшысы Н.Қауашев Мортық ауылына барып тұрғындармен кездесіп, түсіндіру жұмысын өткізді. Кездесуде су айдынын жалға алушы Жүсіпов Серік Төлетайұлыда қатысты. Бүгінде аталған Су айдыны қоршалмаған, жалға алушымен жергілікті тұрғындардың малдарын суаруға ешқандай тыйым салу орнатылмаған және орнату мүмкін емес. Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» заңына сәйкес балық шаруашылығы су айдынын және (немесе) учаскесін бекітіп беру балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) учаскесіне жатқызылған су объектісінде немесе оның бір бөлігінде балық шаруашылығын жүргізу құқығын бүкіл су объектісін пайдалану құқығынсыз беру, осыған байланысты балық шаруашылығының субъектісі балық ресурстарын өсіру және сату бөлігінде ғана пайдалануға құқылы. Жалға алушы жергілікті тұрғындарға қармақпен әуесқой балық аулауға ешқандай шектеу қойып отырған жоқ. Көлді пайдаланушы шартын міндеттерін орындап отыр. Бүгінде балық шаруашылығын жүргізу шартын бұзу үшін негіз жоқ, — делінген Экология министрлігінің ресми хабарламасында.

## P.S.

**Сонымен, әзірге даулы мәселенің соңғы нүктесі қойылған жоқ. Тиісті құжатты мекемелер заңнаманың сақталуын қамтамасыз етіп, тиісті шаралар қабылдауы қажет деген ойдамыз. Бұл орайда расында да арнайы тексеріс жүргізіліп, заңның солқылдақтығын теріс жолда пайдалану мүмкіндіктері бар нормативтік-құқықтық актілер оң бағытта өзгерістер енгізуді де қарастырған жөн сияқты...**

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы



**Бурахан ДАҚАН,**  
*Тауекел қоғамдық ұйымының жетекшісі:*

## ЕЛГЕ КЕЛЕМ ДЕЙТІНДЕР КӨП

«Біле білгенге солтүстікке көш дегеніңіз – ғасырлық маңызға ие дүние. Бұған атүсті қарауға болмайды» деп бұл бағыттағы көшті жандандыру үшін үгіт-насихат жұмысын қарқынды жүргізіп жүрген қоғам белсендісі Бурахан Дақан Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының жоғарғы кеңесіне мүше болған еді. Жақында ол аталмыш халықаралық ұйымның делегация құрамында Моңғолиядағы қазақтармен жүздесіп қайтты. Елге оралған Бурахан мырзадан осы сапары жайлы сұрап-білген едік.

— Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы ұйымдастырған делегациясы құрамында болып, сол ұжыммен Моңғолияға барып келдім. Бес күнге созылған сапарымның басты мақсаты — ондағы қандастарды еліміздің солтүстік өңіріне қоныс аударуға шақыру, оларға еліміздегі көші-қон және басқа да заңдарды түсіндіру, құжат рәсімдеу, тұрмыс барысы, жұмыспен қамту және өзге де мәселе бойынша сауалдарына жауап беру, казак диаспораларымен байланыс орнату болды, — дейді Бурахан мырза.

Бурахан Моңғолиядағы қазақтарға теріскейге көшудің артықшылықтары мен кемшін тұстарын түсіндіре барып, бірқатар ұсыныс айтқан.

— Бұған дейін елге көшуге ниетті қандастар нақты бір өңірге шақырылған жоқ. Оларға атақонысқа қайту, Қазақстанға келгенде берілетін мүмкіндіктер және басқасы жөнінде біршама рет айтылды. Ал мен мұндай қандастарды бірден солтүстік өңірге қоныстандыру туралы бастама көтеріп жүрмін және осы турасында Моңғолиядағы қандас қауымға айта бардым. Баян-Өлгей мен оның маңындағы аудандардың халқымен жүздестік, солтүстікке көштің бүгінгі жағдайы, мұндағы тұрмыс-тіршілік, жақсы мүмкіндіктер мен тап болатын кедергілер жайлы кеңірек ақпарат беруге тырыстым. Баян-Өлгейде жүргенімде казак-моңғол мектебіне барып, 10-11 сынып балаларымен кездестім. Қазақстан—Моңғолия картасын сызып тұрып, климатын, уақыт белдеуіне дейін көрсеттім, солтүстіктің жаппау табиғатын, өзен-суларын тамсана айтып бердім, — деп атап өтті ол.

Қандастардың атажұртқа оралу ниетін біліп қайтқан Бурахан келер жылы көш анағұрлым қарқынды жүреді деген ойын білдірді.

— Елге көшуге ниетті жаңулар аз емес, келер жылы көш анағұрлым қарқынды жүреді деген ойдамын. Атажұртқа оралуға ниетті жұрттың көшін жеңілдету қашан да өзекті мәселе. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының тарапынан Мәжілістегі депутаттарға арнайы ұсыныстар жолдап жатырмыз. Делегация құрамында Мәжіліс депутаты Анас Ахатұлының көмекшісі болды, сапар барысында жинақталған ұсыныстарды Анас мырзаға жеткізеді деп ойлаймын. Моңғолия сапары кезінде бірнеше мәселені көзбен көрдік, құлақ шалды. Жақында Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы өз есебін жариялайды, сол жерден таныса аласыздар. Әзірге ашып ештеңе айта алмаймын, — деді қоғам белсендісі.

Сондай-ақ Бурахан солтүстікке қоныстанған қандас ағайындарға арнап бейімдеу орталықтарын ашу туралы бастама көтеріп жүр. Айтуынша, оны пилоттық жоба ретінде екі елді мекеннен бастап көріп, қандастарды кемінде бір жыл Солтүстік Қазақстанда өмір сүруге бейімдегіміз деген.

Қоғам белсендісінің пікірінше, Қазақстан—Моңғолия арасында түрлі мақсатта — қонаққа, жұмыс барысы, білім алуға барып келіп жатқан қазақтар өте көп және олардың ары-бергі сапарына еш кедергі жоқ. Көбіне көп көштің проблемасы елге жеткеннен кейін туады, тұрмыс-тіршіліктегі мәселе, азаматтық алу проблемасы және тағы басқалары.

Шын мәнінде, елге оралуға ниетті қандастардың басым көпшілігі азаматтық алу мәселесінің жылдам әрі оңтайлы шешілетініне күдікпен қарамайды. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңда шешелден келген және Қазақстан аумағында заңды негізде тұрақты тұратын қандастардың Қазақстан азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алуға құқы бары көрсетілген. Заңның 16-1 бабына сәйкес, қандастардың азаматтық алу туралы материалдары өтініш берілген күннен бастап үш ай ішінде қаралуы тиіс. Ал Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті әзірлеген көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасында «Қазақстан азаматтығын алу үшін қоныс аударушыларды және қандастарды қабылдаудың аймақтық квоталары аясында Үкімет айқындаған өңірлерде тұрақты тұруды міндетті шартымен «қандас мәртебесін беру тәртібін қайта қарау қажет» деп жазылған. Аталмыш комитет биылдан бастап «қандас» мәртебесі шешелдегі қазақтарға өзі тұрып жатқан елден көшіп келмей тұрып берілуі мүмкін деген еді.

— Азаматтық алу мәселесінде түрлі тараптың олқылықтары бар. Бұл тұста қандастар Моңғолиядан тиісті құжаттарды рәсімдеу келуі қажет, ол туралы сапар барысында біршама ақпарат беруге тырыстық. Елімізде азаматтық алу мәселесін оңтайландыру ісі жыл сайын талқылаудан өтіп, жетілдіріліп жатыр. Десе де, әлі де шешімін табуға сұранып тұрған тетіктер бар, — дейді Бурахан Дақан.

Тауекел қоғамдық ұйымының жетекшісі теріскей көшіне серпін беретін бірден-бір тетік елімізде нақты осы мәселемен айналысатын консультативті-кеңесші орган немесе мемлекеттік мекеме құру екенін осы уақытқа дейін айттып жүр. Айтуынша, оның жұмысына Президенттің өзі немесе Премьер-Министр деңгейіндегі лауазы иелері жетекшілік етсе, шаруа оналар еді. Сәйкесінше, жергілікті жерде осы органның уәкілетті органдары ашылып, оның жұмысын облыс немесе аудан әкімінің орынбасары тікелей бақылауға алса, біз күткен қозғалыс пайда болуы мүмкін.

— Бүгінде біз солтүстікке көш тиімді болуы үшін Солтүстік Қазақстан облысына керек мамандықтарды зерттеп, бос жұмыс орындарына талдау жасап жүрміз. Мәселен, белгілі бір өңірде дәрігерлер тапшы болса, біздің аймаққа келетін отбасыларды сол жерге жайғастырып, бірден жұмыспен қамтуға тырысамыз. Десе де, өз күшімен көшіп келетіндер бар, олар мамандар тапшы ауданға емес, басқа бір өзі унатқан ауылға тұрақтағысы келеді әрі ол дәрігер емес, бастауыш сынып мұғалімі болуы мүмкін. Сондай жағдайда қиындық туындап қалады. Солтүстікке келген отбасыларды кері қайтарғымыз келмейді, барынша ұстап қалуға тырысамыз. Десе де, орныға алмай, қайтып кетіп жатқандары да бар. Бір кездері «Еңбек» бағдарламасы жұмыс істеді, сондай бір жоба керек деп ойлаймын. Өйткені қоныс аударуға ниетті жандардың көп мәселесі әлі күнтіртібінен түскен жоқ — тұрғын үй, жұмыс табу және жерсену ісіне әлі де көмек қажет, — дейді Бурахан Дақан.

Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,  
Ел, тегі қайдан алмақ кемеңгерді?!

Илияс Жансүгірұлы



(Көрнекті әдебиет сыншысы, жазушы-ғалым Құлбек Ергөбек жайында)  
Қазақтың тәрбие институты ата, әке, бала үштігінен тұратыны белгілі. Тәрбие институты – атап, әлдеқандай етіп отырғанымыз болмаса, қазақтың әр шаңырағында кездесетін, әр қазақ баласын қалыптастырған тәрбие жосығы. Бүгінде 70-тің жотасына шығып отырған Құлбек Ергөбектің ғұмырнамалық жазбаларын оқысаңыз, алты жаста әкесі қайтыс болып, жетім өскенін аңғарасыз. Ал осы азаматтың жазған шығармашылығын оқысаңыз, жетім өскен «көргенсіз» балаға сірә да ұқсамайды.

Үлкенді-кішілі шығармаларында «Мұхтар Әуезов айтқандай», «Сәбит Мұқанов жазғандай...», «Бейсекен шешілгендей...» деп сөз бастайтынын көресіз. Солай сөз бастаған соң әрі қарай белгілі ғой, түрлі тағдыр кешіп өтіп бара жатқан ақсақалдың айтқан әңгімесі жазбасына тамызық болады. Тамызық қана болмайды-ау, Құлбектің жазбаларына қасиет дарытады, байтақ мазмұн үстейді, құнарына айналады. Осының сыры неде?

Атасын былай қойғанда, әкесінен алты жасында айырылған бала қазақтың қарияларына жиі жолығып, ұзақ-ұзақ әңгімелеспесе, қазақтың қария сөздерін оқып өлспесе, Құлбек Ергөбек шығармалары бұл биігіне жетпес еді. Әкесін алып жап-жас баланы тағдыр бір қысса, бозбала шағында профессор Бейсембай Кенжебайұлына жолықтырып кеңіс олжаға кезіктірген. Бәрі де кездейсоқ басталады.

...Бірінші курстың студенті Құлбек Ергөбек жоғары курс студенттері қатысып, баяндама жасайтын студенттердің ғылыми қоғамына кездейсоқ тап болады. Жоғары курс студенттері жасаған баяндамаларды тыңдайды. Қоғам отырысын сол кездегі филология саласының жалғыз жалқы профессоры Бейсембай Кенжебайұлы басқарып отырады: «Баяндамашылардан сон талқылау басталады. «Баяндама жасай білгенде, бір-біріне сын айтып, бірінді-бірін ұштай жетілдіре білдіңдер. Қане, жарыссөзге кім шығады?...» Жоғары курс. Алдымен қатарластары сөйлейді. Бір-біріннің жетістігін айтады, көңіліне қарай түсіп, кемшілігін де сыздықтатады... Бір кезде бірінші курстың сары баласы қолын шошайтады...

Жоғары курс студенттері жасаған баяндамалардың жетістігін жиып тастап, көзге ұрып тұрған кемшіліктерін сана-малап сарнап қоя береді. Шама-сы, жас та болса талапты студенттің ойы орнықты, сөзі ширақ... Жиналысты басқарып отырған профессор Бейсембай Кенжебайұлы жинақтау сөзінде жоғары курстың студенттері еңбегін тиісінше бағалай отырып, «біріннің кемшілігінді бірін көрмеу достық емес, көрген кемшіліктерді көре, біле тұра айтапты тіпті достық емес, бірінді-бірін бұлай алмайсыңдар. Мына бірінші курстың баласы көргенді Сендер көрмеді емессіңдер ғой, бірақ айтпадыңдар... Бірінші курстың баласы айтты. Соны өздерің көріп, өздерің айтсаңдар сіңімді болатын еді... Ғылым сында шыңдалып өсуге тиіс...»

Міне, осы сәттен бастап балаң Құлбекті қазақтың қадірлі ғалымы Бейсембай Кенжебайұлы «Қазақ әдебиеті» кафедрасына шақырып ұзақ-ұзақ әңгімелеседі. Осы сәттен бастап үйіне ертіп апарып, шай-суын ішкізіп, дастарқан үстінде сыр шертіседі. Сол сәттен бастап Құлбекті Алматыдағы ұлттық кітапханаға (бүгінгі «Сирек қолжазбалар қорына» ертіп апарып, бөлімнің басшысы Сәуле Мұсатайқызы Ақынжановаға таныстырады, таныстырып табыстайды: «Қарағым Сәуле, сенімді бала. Арабша таниды. Ана «жабық» қорларға дейін жібер, таныса берсін...»

Бүгінгі сарабал әдебиет сыншысы, көрнекті жазушы Құлбек Ергөбектің әдебиетке алғашқы қаламы осылай басталған еді. Оның «Заманқапа», «Қайырымсыз уақыттың қайсар ұланы...» секілді кітаптары – тікелей әкесіндегі қамқор болған ұстазы Бейсембай Кенжебайұлы әңгімелерінен құнар тартып, туған шығармалар.

1971 жылы сары күзде қыдыр болып жолыққан Бейсембай Кенжебайұлы жас балаға ой салса керек.

Жазғы демалысқа ауылына келгенде қарап жүрмей, өзі туып-өскен Отырар ауданы қарияларын жағалайды. Күш атасы Қажымұқан, қиып түсер қырғи тілді ақын Айтбай Белгібайұлы, Қызыл жырау, Ергөбек Құттыбайұлы жайында көз көрген қариялардан айтқызып, естелік әңгімелерін жазып алады. Ол кезде бірде еленіп, бірде ескерілмей осы аудан аумағында өмір сүрген айтулы өнерпаздарды көзбен көрген, өнерін тамашалаған, сырлас қатар тіршілік кешкен қариялар әлі бар. Сәлем бере барып, шайды бірге іше отырып әңгімелерін жазып алған да отырған. Не деген ғанибет?! Не деген ұқыптылық?! Сарғайып

архивтерде жатқан қарапайым естеліктерді жинақтап, бір композицияға құрып «Қажымұқанның хаты, күш атасы жылытың дерек, жана әңгімелер» деген атпен «Егемен Қазақстан» (№193-194, 22 тамыз, 1992) газеті бетінде көлдей материал жариялап келіп жібереді. Жұртта қалған журнал суретті қоса жариялайды. Жұрт қызыға оқыпты. Бас редактор Шерхан Мұртаза лездемеде «Жазсаңдар, осылай жазбайсыңдар ма?» депті ұжымға қарап.

Әкесіндей әзіз Бейсембай Кенжебайұлының толымды тәрбиесі оны журналистік мамандыққа да алып келді. Ол журналист болып бастады өзінің шығармашылық жолын.

Қазақ түркологиясының бастауында тұрған, қазақ жазба әдебиетінің, өзге де бірсыпыра түрік халқының жазба әдебиетінің тарихын ғасырлар теренінен бастауға мұрындық болған профессор Бейсембай Кенжебаевтай Арыс тұлғасынан студенттік шақтан толымды тәрбие алып өскен Құлбек Ергөбек Алматыда «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Ақиқат», «ҚР Ғылым академиясы хабарлары» сынды қазақ баспасөзінде қалам ұштаған, Қазақ телерадио корпорациясында сұхбат жанрына шыңдалған журналист. Тіпті, жана ашылған «Ана тілі» газетінің бас редакторы болып беки тұрып, жолын Жарылқап Бейсенбайұлына ұсынғаны да бар. Журналистік ізденіс оны сан алуан тақырыпқа бастады. Еліміздің ішіндегі, тысындағы алуан-алуан тұлғалармен

көрсетіліп жүр. Бәукеңнің сұхбаты бар да, сұхбат алып отырған журналист Құлбек телелентадан қысқарып қыркылып қалыпты бірақ.

Ойланып қарайықшы, аты аталған азаматтар кімдер еді? Әр саланың биігі, ұлы тұлғалар. Ең бастысы, Құлбек Ергөбек оларды іздеп барған сәтте өмірдің сан тарау жолынан өтіп, мол тәжірибе жинаған карт кісілер емес пе еді? Солай. Оларды іздегіріп табу, орайын келтіріп, арнайы іздеп бару, сөйлесуге көндіру, бәрі де машақат жұмыс емес пе?! Солай! Бүгінгі танымал көрнекті жазушы, сарабалдың сынысы Құлбек Ергөбектің өсу, қалыптасу жолы осындай тұлғалармен әңгімелесіп, сұхбаттасып, сыр алысып, сыр берісулен сабақталды. Былай қарағанда белгілі бір тұлғаны іздеу, табу, барып сөйлесу қиын да шаруа емес секілді. Бірақ КСРО аталатын алып коммунистік елдің бір қиырында оқып жүрген, әйтпесе қызметін жана бастаған жас азаматтың әлемдік тұлғаларды сыртынан танып, сыртынан зерттеп біліп, алдына тартар сұрақтарды ойында жұптап, сосын арнайы сапарға шығуы қаламгерлік қайырлы сәт, жүйелі шығармашылық!

Айталық, 1973 жылы қайтыс болған жазушының 1928 жылы «Қызыл профессор институтында» сабақ берген ұстазы тірі болар-ау деген ой 90-жылдары кісінің ойына келер ме, сірә?! Сәбит Мұқанов музейінің өзін қалап, экспозициялау мақсатында ізденісте жүрген Құлбек әйгілі достоевскийтанушы В.Кирпотиннің 1928 жылдың шамасында аталған инсти-

“

Әкесіндегі әзіз Бейсембай Кенжебайұлының толымды тәрбиесі оны журналистік мамандыққа да алып келді. Ол журналист болып бастады өзінің шығармашылық жолын.

жолықтырды. Сөз өнерінің Ш.Айтматов, Ә.Кекілбайұлы, М.Кәрім, А.Якубов, В.Шкловский, В.Кирпотин, Т.Сыдықбеков, Д.Гранин, И.Андроников, С.Михалков, С.Алексеев, Т.Сыдықбеков, С.Құдаш, Р.Гаташ, ғажайып өнерпаздар: «би падишалары» Г.Уланова, Шара, М.Есенбаев, театр тарландары Г.Товстоногов, З.Бикбулатова, Ф.Шәріпова, С.Кожамқұлов, К.Балыров, түрік тарихын жаңаша тарихи-географиялық аспектіде жаңғырта зерттеп, жаңаша «трактовок» жасаған реформатор тарихшылар Л.Гумилев, Д.Альмен, туған әдебиет корифейлері С.Мұқанов, Ф.Мүсірепов, Б.Момышұлы, Ә.Тәжібаев, С.Мәуленов, Ә.Кекілбайұлы, М.Әлімбаев, М.Макаевпен жүздесіп, әңгімелесуі, сұхбат алып, ағымдағы баспасөзде жариялауы өз алдына бір жүйе қызық журналистік шығармашылық. Ол сұхбаттар Қазақ теледидарының алтын қорында сақтаулы. Бауыржан Момышұлымен жүргізген сұхбаты әлеуметтік желіде желдей есіп

тұтта сабақ бергенін оқып қалады. Әрі қарай түптеп ізденеді. Өмірін, шығармашылығын талдап, саралап оқиды. Оқу, тану оны сапарға бастайды. 91 жастағы профессор В.Кирпотинмен сұхбат «Қазақ әдебиеті» газеті бетінде «Мен Сізді ұстазым деп білемін...» (№17(1835), 25 сәуір, 1986) деген атпен жарық көрді. Бұл енді ізденімпаздық.

Бірде ұстазы Бейсекен әлем таныған әйгілі Шыңғыс Айтматовтың әкесі Төрөкүлмен Мәскеуде И.Сталин атындағы Күншығыс еңбекшілері коммунистік университетінде бірге оқығанын әңгімелейді. Осы бір сөз арасындағы әңгіме оны ізденіске бастайды. Ол жалма-жан Шыңғыс туған Шекер айылына аттанады. Күрділей ағып жатқан Күркіреу өзеніне орнатқан Айтмат диірменінің қиранды тасын табады. Шыңғыс Айтматовтың Шекердегі музейіне алдырады. Музей экспозициясына өзінің Шыңғыс есімді кішкентай ұлының суретін де тапсырады. Өйткені Айтматов атынан есім берілген

ұлдың бірі еді ол да. Әпкесі Қарақыз, оқытқан мұғалімі Инкамал апай, сатқын саналатын Смайыл, сыныптасы Сұлтамұрат... бәрімен кездеседі. Әңгімелеседі. Материал. Жиналған материалды қорытып «Қырғызстан маданияты» (№24, 12 шілде, 1980; №18 (797), 29 сәуір, 1983 ж.) газетасына дүркін-дүркін мақала, эссе жазады. Журналистік ілкімділік тіпті Шыңғыс Айтматовпен ағалы-інілі сыйластыққа алып барады. Айтматов жайында тұтас кітап жазады. Ол әлемнің бірсыпыра тіліне аударылады. Айтматовтақырыбы – Құлбек Ергөбек шығармашылығында сәтімен табылған, сәтімен жазылған, онтайымен ашылған бір тақырып. Қазақ айтматовтануында, тіпті әлемдік айтматовтануда Құлбек Ергөбектің деректі әдебиеттану кітабы айрықша орын алады.

Құлбек Ергөбек Бейсембай Кенже-

Құлбек Ергөбек – бір қазақтың қайраткер қаламгері ғана емес, күллі түрік халықтары әдебиеті, маданиятына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан жалпы түріктік тұлға. Оны біздің чоң Чыңғыз Айтматовтың: «Ты был и остаешься талантливым ученым, чутко улавливающим цену слова, красоту стилиа, качества, которыми, к сожалению владеют далеко не все литераторы. Еще одно твоё замечательное качество, вызывающее всеобщее уважение, так это ты никогда не замыкался одной лишь родной литературой, а выступал как тонкий знаток и арбитр всех литератур нашей Центральной Азии!» (Брюссель, 2003), – деп бағалайтыны да сондықтан.

Құлбек аға бәріміз рухани астана санайтын Түркістан қаласында Орталық Азия халықтары үшін түркология ғылымының қайнар бастауында тұрған ұлы оқымысты Бейсембай Кенжебайұлына арнап «Түріктану» музейін экспозициялап ашты. «Б.Кенжебайұлы атындағы түріктану музейі» – ұлы ұстазы рухын асқақататып, түрік халықтарының туыстығын жарлай айтып тұрған дүниедегі тұңғыш музей! Түркістанға құп жарасатын мәдениет ошағы!

Құлбек аға сол Түркістанда Алтайдан Тываға дейінгі 24 түрік тіліндегі 59 мың кітепті жинап, «Түріктілде халықтар кітапханасын» ашты. Дүние жүзіндегі тұңғыш салалық кітепхана. Түркістанға құп жарасатын мәдениет ошағы! Болмысы бөлек кітепханаға Қырғыз елінен, Ұлттық кітапханадан 4 мың қырғыз тіліндегі кітеп жинақтап, сыйлағаным үшін мақтанамын.

Құлбек аға тағы да сол рухани ортақ шаһарымыз – Түркістанда «Түрік халықтары өнер галериясын» ашты. Онда түрік халықтарының небір тамаша суретшілері картиналары выставка жасалады.

Құлбек аға түрік халықтары мәдениеті, әдебиеті мәселесін бірнәғай қарастыратын «Түрікстан жинағы» 7 томдық кітабын жазып, жарыққа шығарды. 7 кітепке түркілік мәдениет және қоғам қайраткері Н.Зейбек, башқұрт ақыны, РФ Дума депутаты Гульфия Юнусова, өзбек жазушысы, екі мәрте Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Насыр Фазылов, бір кітепке саха академигі Николай Васильев, бір кітепке мен алғысөз жаздым. Бәрі де Құлбек ағаның Шыңғыс Айтматов айтқандай, бір қазақ әдебиетімен шектеліп қалмай, жалпы түрік халықтары әдебиетінің білігіне айналығаны таң-тамаша қалып, сүйсініп жазады. Онда біздің Ш. Айтматов, Т.Сыдықбеков, А.Ақматалиев сияқты әдебиет және ғылым тұлғалары жайында тамаша тебіреністері орын алыпты. Мен де алғысөзді қуанып, сүйсініп жаздым.

Олай болса, «Адамзаттың Айтматовы» атанған жазушы Шыңғыс Айтматов сенімі алдамағаны, чон жазушы сенімі ақталғаны! Ал Айтматов сенімі түрік халықтары сенімі десек қателеспесізі.

Сөйтіп, біздің Құлбек аға Ергөбек өзінің жолын қазақ әдебиетінің В.Белинский қатарлы әдебиет сыншысы (критигі) болып бастап, талантты, еңбекқорлығы, эрудициясы арқасында күллі түрік халықтары көрнекті әдебиеттанушысына, көрнекті мәдениеттанушысына айналып 70 жасқа толып отыр. 70 жаш – жердің аяғы емес, Аға! Жасаның! Алда да бір қазақ халқы ғана емес, күллі түрік жұртын қаламыңызбен, шығармашылығыңызбен қызықтырып, қуандырып жасай беріңіз! Қырғыз халқы, жазушылары, мәдениет қайраткерлері атынан Сізді жемісті 70 жасыңызбен қызу құттықтаймын!

Иылдыз Бакашова,  
Қырғыз Республикасы вице-премьер  
министрі, профессор

\*\*\*

Сізді қазақ әдебиеттану және мәдениеттану ғылымында өзгеше өрнек қалыптастырып, бауырлас түрік халықтарының әдебиеті мен руханиятын жақындатуға мол үлес қосқан ғалым ретінде айрықша бағалаймын. Сіз ескінің көзі, Алаштың аманаты, Мұхтар Әуезовтей ұлылардың үзегілес досы – Бейсембай Кенжебаевтың еңкейген шағында қазақ ғылымының қайтпас қайсар қара нарына қамқор ұл, адал шәкірт ретінде тіреу болып зор адамгершілік жасалдыңыз. Ұстаз – әкеңізбен бірге еңбектеніп, өзіңіз де ұлттық әдебиеттің биігіне көтерілдіңіз.

Сіз жарты ғасырдан астам уақыт бойына төгілдіре жазып, әдебиеттану, мәдениеттану, түркология, шығыстану саласында ғылыми жұртшылық тарапынан жоғары бағаланған том-том еңбектерді дүниеге өкелдіңіз. Сіздің шығармашылығыңызға Ш.Айтматов, Ә.Кекілбаев, М.Кәрім сияқты әлем әдебиетінің алыптары берген баға осының айқын айғағы.

Сіз филология ғылымының шеңберімен шектелмей, түрік халықтары руханиятының асыл өзегі – тіл білімі, философия, түркология және өнер саласын қоса қабат зерттеп, туысқан халықтар жылы қабылдаған тамаша еңбектер сериясын жаздыңыз.

Мұхтар Құл-Мұхаммед,  
қоғам қайраткері

Айткүл Досыбаева,  
филология ғылымының кандидаты



# ИНФОБИЗНЕС: БАЙЛЫҚ БІЛІМ АРҚЫЛЫ КЕЛЕДІ

**Б**ай болу дегенді көбіне әсіреқызылға құмарлық, дүниеқоңыздық секілді материалдық ұғым ретінде қарастыруға болмайды. Бай болу – ақыл-парасат иесі болу әрі ілім-білімге ұмтылу, жомарт болу. «Ақылды болсаң, неге бай емессің?» деген мәтелді жиі естіміз. Бірақ мұны қисынсыз тіркес деп немесе ақыл арқылы білімге ұмтылып, байлықты бағындыру деп те түсінуге болады. Дегенмен қазіргі өркениеттің даму сатысында байлық көзі ақпарат пен білімде екенін мойындау керек.

Бүгінгідей ақпарат тасқыны бас көтертпей тұрған уақытта кез келген адамның өзіне пайдалы ақпаратты екшей білуінің, пайдасына жарата білуінің маңызы зор. Ал интернет ресурстар секунд сайын әр алуан, сан салалы ақпараттар тізбегін бірінен кейін бірін жарнамалап, уақытты ұрлайды. Сондықтан тұтынушының сұранысына сай қысқа уақытта сапалы өнім ұсыну қызметі алға шығады. Мұны қазір инфоөнім, инфобизнес деп атайды.

Инфобизнес – аты айтып тұрғандай, инфоөнім жасап, оны сату. Егер инфобизнесмендердің тілінде айтсақ, информациялық монетизация. Яғни, кез келген адамның кез келген салада өзі білетін ақпаратты немесе білімді сатуы арқылы қаражат табуын инфобизнес деп атайды.



Казір Tik-tok, Instagram-да курс жасап, марафон өткізіп, тренинг-коуч, ақыл-кеңес сататындар қатары өте көп. Мұның бәрі – ақпарат немесе білімін сатушы инфобизнесмендер.

Нарықтық экономика заңы – сату болғанымен, классикалық нарық – бәсекеге қабілетті болуды қалайды. Сол сияқты инфобизнеснің де өзіне тән критерийлері бар. Сондықтан алдымен Шынайы инфобизнес деген не? Инфобизнесмен болу үшін адамға қандай қасиет немесе қандай білім керек? деген сұрақтардың жауабын іздеп көру керек.

Экономист, сарапшы Айбар Олжай: «Инфобизнеснің нақты анықтамасы бар. Ол алғаш АҚШ-та пайда болған. Белгілі бір пайдалы ақпаратты тауар ретінде сату. Әлеуметтік желі, цифрлы технология дамымай тұрған кезде инфобизнес офлайн

түрде, яғни кітап түрінде, курстар, ақыл-ой бәрі қағазға басылып сатылды. Көптеген кітаптардың сатылуы, семинарлардың өткізілуі онлайнға өткілі бері бәрін ғаламтор арқылы сату дамыды. Инфобизнеспен айналысу үшін ең бастысы адамның айтары болуы керек, өзінің қоғамға, аудиторияға ұсынып тұрған тақырыбының эксперт, сарапшысы, маманы болуы керек. Сонан кейін айтқанын адамға өткізе алатын қасиеті болуы керек», – дейді.

Жалпы, инфобизнес тарихына тоқталсақ, АҚШ-та сонау Бенджамин Франклин (1706–1790 ж.ж.) дәуірінен пайда болып, кейін Дейл Карнеги заманымен жалғасып, 1960 жылдары бизнес тренинг ретінде дами түскен. Яғни, Америкада түрлі ғалымдар мен жазушылар зерттеп, зерделеп жазған өзінің еңбегін

арқылы барлық жұмысты жүргізе береді. Олардың ұсынатын негізгі өнімі – ақпарат және білім. Бұл бизнеспен айналысқан адамдарды эксперттер және продюсерлер деп бөледі. Эксперттер – өз саласын жетік білетін мамандар. Олар сапалы білім бере алады. Продюсер – егер эксперттер өз өнімін сатудың жолын білмейтін, маркетингтен хабары жоқ адам болса, оған продюсерлер көмекке келе алады. Олар эксперттерді жарнамалайды. Адамдарға пайдалы ақпарат береді. Сәйкесінше, олардың табыстары да жоғары. Осы орайда, елімізде инфобизнес туралы заң бар ма? Инфобизнесмен табысынан салық төлей ме? Инфоөнімнің шынайылығын қалай ажыратуға болады? деген сұрақтар туындайды.

«Қазақстанда таза инфобизнеске арналған заң жоқ. Бірақ ол «Онлайн платформалар туралы» заңмен реттеледі. Ал елімізде инфобизнеснің ауқымы (обороты) қанша екені, менің ойымша, әлі есептелген жоқ. 2024–2025 жылдары ғана тиісті оқпай болатын болса, сол бойынша салықтар жүретін болса, есептеуге болады. Әзірге ақпарат, цифрлар



алданып, опық жеп жатқандар өте көп. Олар арыз-шағымдарын айтып, сотқа жүгініп те жүр. Бірақ кімнің қаншалықты үміті ақталды, ол да беймәлім, «жабулы қазан» күйінде.

Белгілі зангер Айман Омарова: «Ақшаға білімін сататын адамдарды заңмен қудалап, тоқтау сала алмаймыз. Бұл жерде басқа мәселе бар. Ақшасы төленген сабақтың мазмұны, сапасы маңызды. Бірақ мотиватор-тренердің ақпараты сапасыз болса, ол – қылмыс емес. Сондықтан инфобизнесте ұсыныстан гөрі сұраныстың, тұтынушының ақылы, білімді болуы көп рөл ойнайды», – дейді.

Интернет ресурс ұсынған түрлі ақпаратты, инфоөнімді пайдалану немесе тұтыну үшін адамда саналы ақыл-ой, сапалы білім, өтірік пен шынайы дүниені ажырата білетін қаржылық ішкі иммунитет, медиаауат, сыни ойлау секілді қасиеттер болуы керек. Адам ақыл-парасаты мен білімі арқылы баоды ғана емес, байлықты бағындыру арқылы, өзіне, еліне

Думан Еркнат. Сондықтан «бәлен жерде бақыр бар» деген әсіреқызылға алданбай, әр адам сауатты болуы, бәсекеге қабілетті болуы керек. Қазақстанға негізінен нарықтық экономика тән дейтін болсақ, нарықтық экономика – бұл ең алдымен бәсекелестік. Нарық заңы – сату. Оның негізгі элементтері – құн, баға, бәсеке, сұраныс пен ұсыныс. Бірақ мұндай классикалық нарықтық экономика негіздерін сақтау үшін сапалы өндіріші мен саналы тұтынушы қалыптасуы керек. Сондай-ақ қазір инфобизнесмендер өз шығарған өнімін өзгелерден ерекшелеп, өзіне тиісті екенін айшықтап тұру үшін жеке бренд қалыптастыруға көшті. Клиентті клиент алып келеді деген түсінік – инфобизнестің сапалы болуы туралы түсінікті күн тәртібіне шығарды. Ал бұл саланың қоғамға, ұлтқа пайдасы бар ма деген сұраққа Мейірбек Бердібек:

«Инфобизнес адамдарға табыс табуға көмектесіп қана қоймай, тіліміздің дамуына көмектеседі. Яғни, қазір қазақ тілінде



Қазақтілді инфобизнесмендер

3 негізгі сала – психологиялық, онлайн курстар, бизнес ашу курстары (стартап), СММ марафондар (әлеуметтік желі арқылы табыс табуды үйрететін марафондар) өткізу арқылы ақша жасайды.

пайдалы бола білуді мақсат етуі керек. Қазақ «Білімдінің күні жарық, білімсіздің күні ғәріп» деп бекерден бекер айтпайды. Шала сауат «Көп айтса көнді, жұрт айтса болды» көнбістік, адамның ойын шатастырып, адастыратын, алдайтын инфоөнімнің құрбанына айналдырады. Керісінше, біліктілікті арттыратын инфобизнесі таңдай білсе, оның пайдасына да кенелді.

«Инфобизнесте табысты болу негізінен адамның өзіне байланысты. Егер маркетинг бойынша білім алып, сол алған білімді дұрыс қолдана, еріншектікке салынбай, еңбектенсе, білімді монетизациялауға болады. Адамдарға пайдалы ақпарат беріп, ақысын алудың зияны жоқ. – Инфобизнестің екі жағы бар. Жаксы әрі жаман деп қарау керек. Ауа сататындарды өзін де жиі байқап жүрмін. Бұл жерде бізге сүзгі керек. Ал ол сүзгіні тек білім ғана қалыптастырады. АҚШ бұл дәуірді артақта тастады. Бізге енді келді. Кезінде Америкада инфобизнесің неше түрі болған. Қазір оларға ауаны сату қиындау», – дейді танымал трейдер-инвестор

кітаптар шығарып, YouTube пен Instagram-да қазақша контент жасап, қазақ тілінде курстарды өмірге әкеліп жатқан жандардың барлығы инфобизнесмендер. Демек, біз тек қана адамдарға көмектесіп қана қоймай, табыс таба отырып тіліміздің де дамуына үлес қосып жатырмыз», – деп уәж айтады.

Қоғам дамып, адамдардың санасы өскен сайын кез келген сала да дамып, үнемі өзгеріп отырады. Сол сияқты бүгінгі күні инфобизнес ақпарат пен білімді сатып қана қоймай, үйде отырып-ақ әлемнің кез келген жерінен бизнес жүргізуге, тәжірибе жинауға, адамның мақсатқа жету қабілетін арттыру, өмір сүруге құлшандыру секілді міндеттерді де қоса атқара бастады. Сонымен қатар «Білгенге маржан, білмеске арзан» деп Абай хакім айтқандай, шын білімнің құны ақыл-парасатпен өлшенетінін, алдау-арбау арқылы табыс табу бос әуешілік екенін, бәсекеге қабілетті болу дегенінен екенін ұқтырады десек қателеспейміз.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

**19** қазан күні Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің қорына жаңа жәдігер қосылды. Ұлт ұстазының туған жері Торғайдан жеткен ыстық ықыласқа толы құнды сәлемдеме туралы осыдан бірер ай бұрын хабар алған болатынбыз. Ақжарма жаңалықты Ахметтің жерлесі, ғалым мұрасының жанкүйері болып жүрген Қайрат Қабылов ай бұрын музей-үй бөлім меңгерушісі Әділет Ахметұлына жеткізген. Бүгін сол мерейлі сәттің куәсі болдық.

Ахмет Байтұрсынұлына сан алуан тақырыпта арнаулар жазылған. Өнер атаулының сан қырлы жанрынан Ахметті ұлықтаған туындылар көптен көп. Солай болуы заңды да. Өйткені ол – Ұлттың ұлы ұстазы емес пе?! Ғалымдар Ахметті толассыз зерттеуінен бөлек, суретшілер суретіне, киношылар киноға, ақындар жырына, күйшілер күйіне арқау етуде. Ал Ұлт ұстазының көзі тірі кезінде-ақ жұрт құрметіне не болып, талайлаған тұстас қаламгерлердің қаламына іліккені бір бөлек әңгіме. Ахмет Байтұрсынұлына ақындардың төгілте жыр арнап, өлендеріне арқау етуі ғалым ақталған 35 жылдан бері жиілей түсті. Алдағы уақытта Ахмет Байтұрсынұлы

## 3330 ТҰРАТЫН ДАСТАН

музей-үйі ұжымы ғалымға арналған өлең-жырлар топтамасын бір кітап ретінде жинап, басып шығаруды көздеп отыр.

Ахметке арнау жазған қаламгерлердің қатарында Рахым Ырыскелді ақсақал бар. Рахым ағаның бір кереметі Ұлт ұстазына арнау дастанын 3 330 шумаққа, яғни 13 320 жолға жеткізе жырлапты. Кітаптың аты «Торғай толғауы: Ұлы Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы» деп аталады. 608 беттен тұратын көлемді дастан бүгін Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйіне келді.

Кітап авторы Рахым Рыскелді 1941 жылы Торғайда туған. Сексеннің сенгіріне шыққан ақынның кітабын бүгін Алматыдағы ұрпақты музей-үйге табыс етті. «Шақшақ Жәнібек – Ұлт қорғаны» атты

көлемді дастаны 2010 жылы жарық көрген. Қалам иесі дастан жанрында мұнан да өзге еселі еңбек еткен.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих пәні оқытушысы Роза Рахымқызы Жазықбаева әке қаламынан туған көлемді еңбекті өзінің шәкірттерімен бірге әкеліп, музей-үй ұжымына сыйға ұсынды. Ата аманатын ғалым үйіне жеткізуге автордың немерелері, мектептегі жас бүлдіршіндер Әлия Жазықбаева мен Дана Жазықбаева да келіп, асқар тау ата қаламынан туған кесек еңбекті музей-үй жетекшісі Райхан Имаханбетке сыйлады. Кітапты жәдігерлер қатарына қосу барысы танымдық дәріс денгейінде өтті. Шараға қатысушылар ұлтының бүгінгі жарық



күні үшін тар есік, тас босағада азапты ғұмыр кеше жүріп, артына өшпес із қалдырған Алаш көшбасшысы туралы сыр бөлісіп, ғалымға кітап арнаған өзге де белді қаламгерлерді атап, жас студенттерді ұлттың ұлы тұлғаларын ардақтауға шақырды. Музей-үй ұжымы кітап авторына ыстық ықыласты сәлемдерін айтып, алғыстарын білдірді. Алыстан қорғасындай

салмақты еңбегін арнайы жіберген Рахым Рыскелді ақсақалға Райхан Имаханбет өзінің Ұлт ұстазы туралы жазған «Ғасыр санлағы» кітабын келушілер арқылы тарту етті.

Ақмарал БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,  
А.Байтұрсынұлы музей-үйінің  
экспрессиводы

**Әлемде қанша халық болса, сонша түсінік пен таным, дәстүр мен салт, мереке мен мейрам бар. Мерекелер мемлекеттік, ұлттық, кәсіби сынды түрлерге бөлінгенімен, көзге таңсық көрініп, құлаққа оғаш естілетін мейрамдар да баршылық. Жалпы, әлемде тәуелсіз елдердің нөмірі бірінші мерекесі – ол Республика және тәуелсіздік күндері. Себебі кез келген мемлекет үшін сол елдің азаттығынан, тәуелсіздігінен асқан құндылық жоқ. Ендеше біз де Республика мерекесі қарсаңында мерекелер туралы аз-кем толғап көрсек дейміз.**



Наурызбек САПША

Еліміз жалпы халық тойлайтын мерекелерден кенде емес. Соның ішінде мемлекеттік және ұлттық мерекелердің жөні бір басқа. Былтыр «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңға 25 қазан – Республика күні ұлттық мереке және 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мемлекеттік мереке болып белгіленетін өзгерістер енгізілді. Өткен жылғы мамыр айында өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдің тарихи жадын жаңғырту үшін үйлесімді саясаттың болуы ерекше маңызды екенін айта келе, ел дамуының жаңа басымдықтарын белгілеп алу керек екенін атап өтті.

«Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деді Президент.

Тарихқа көз жүгіртсек, 1990 жылдың 25 қазаны мемлекетіміз дәуіріндегі ерекше дата болғаны сөзсіз. Бұл күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен тарихи құжат – «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Бұл құжат Қазақстанның нағыз тәуелсіздігіне апаратын құқықтық бастама болды. Қазақстанның толық мемлекеттік тәуелсіздігін ресімдеудің жаршысы болған бұл құжатты дайындау кеңестік империяның кеңістігінде белең алған экономикалық және саяси құлдырау жағдайында жүргізілді. Осы ретте бұл құжаттың онайлықпен қабылданбағанын да айта кеткен жөн. КСРО Жоғарғы Кеңесі басшылығы Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылдануын үнемі тежеп отырғаны белгілі. Сондықтан Қазақстанның тағдырын шешкен осы саяси-құқықтық құжатты әзірлеу әрі қабылдау азаматтық батылдың көрінісі болды. Себебі сол сәттен бастап-ақ егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде әлемге таныла бастады. Осылайша, қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасын қалады. Бұл декларацияның қабылдануымен дербестігі мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік

# МЕЙРАМДА ДА МЕЙРАМ БАР, ТОЙЛАНУЫ БІР БӨЛЕК



осы күні атап өтіп келеді. Ал Пәкістан Ислам Республикасының күні 23 наурызға белгіленген, бұл мейрам 1940 жылы Лахор қарарының қабылдануымен тікелей байланысты. 1950 жылғы 26 қаңтардан Үндістанда «Үндістан Республикасының күні» тойланса, 31 мамыр – Оңтүстік Африка күні елде 1910 жылы Ұлыбританиядан тәуелсіздік алған күнге байланысты атап өтіледі. Оған қоса, 1961 жылы сол күні

мұның бәрі Республика күнінің ажырамас атрибутына айналған.

Ал Түркияда 1923 жылғы 29 қазанда мемлекет конституциясына түзетулер енгізіліп, ел республика деп жарияланды. Бұл оқиға Осман империясының түпкілікті ыдырауына әкелді. Республика күнінде мұнда да түрлі түсті феерикалық шоулар ұйымдастырылады, әскери шерулер өтеді.

Солтүстік көршіміз Ресейде бұл мерекені әр республика әртүрлі уақытта тойлайды және басты мереке саналады. 3 шілде Беларусь Республикасының күні, бұл сондай-ақ «Беларусьті азат ету күні», «Тәуелсіздік күні» деп те аталады. Бұл дата Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ел аумағының неміс басқыншыларынан азат етілген уақыты ретінде тарихқа енген. Мерекені осы күні тойлау туралы шешім 1996 жылғы референдумда қабылданған.

## ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕНІ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Ұлттық мереке Қазақстан мемлекеттілігінің дамуына елеулі ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне Қазақстанда белгіленген мереке болса, мемлекеттік мерекелер – қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған, сондай-ақ Қазақстанның азаматтары дәстүрлі түрде атап өтетін мерекелер. Ұлттық мерекелерді атап өту кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар өткізілуі мүмкін делінген.

Мемлекеттік мерекелерге мына төмендегі атаулы күндер жатады: 1-2 қаңтар – Жаңа жыл; 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні; 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы; 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні; 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні; 9 мамыр – Жеңіс күні; 6 шілде – Астана күні; 30 тамыз – Конституция күні. Ал 25 қазан – Қазақстан Республикасы күні. Ол – ұлттық мереке.

Соңғы уақытта Жеңіс күні деп аталатын 9 мамырды тойлаудан алыс-жақын біршама ел ресми түрде бас тартты. Көптеген әлеуметтанушы мен саясаттанушы бұл шын мәнінде жеңісті емес, соғысты насихаттайды деген пікірде екен.

Ел билігінің бастамасымен еліміздегі мерекелер саны соңғы кезде тағы екі мерекемен толықты. Олар: 1 наурыз – Алғыс айту күні (2016 ж.) деп белгіленсе, 1 шілде – Ұлттық домбыра күні (2018 ж.) болып бекітілді. Бұл атаулы күндер мемлекеттік мереке ретінде белгіленбесе де, идеяны барлық қазақстандық зор қуанышпен қарсы алғанын атап өту керек. Алғыс айту күнінің мақсаты – қазақ халқына, жақын адамдарына, ұстаздарға, жалпы қайырымды жандарға алғыс айту арқылы бірігуге, тұтасуға шақыру болса, Ұлттық домбыра мейрамының мақсаты – «нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп акын К. Мырза Әлі айтпақшы, ұлттық дәстүрге тағзым ету, кастерлеу арқылы ұлттық өнерді ұлықтау.

Сонымен қатар елімізде мамандыққа байланысты кәсіби мерекелерді атап өту үрдісі қалыптасқан. Әртүрлі еңбек ұжымында тойланатын, азаматтардың жекелеген санаттары атап өтетін 40 шақты кәсіби мереке күні бар екен. Мысалы, Теміржолшылар күні, Ұстаздар күні, Орманшылар күні, Отан қорғаушылар күні, Өрттен қорғаушылар күні, Медицина қызметкерлері күні, Полициялар күні... тағысын тағылар. Осы кәсіби мерекелердің ішінде Отан қорғаушылар күні (7 мамыр), Мемлекеттік рәміздер күні (4 маусым), Баспасөз күні (28 маусым), Қазақстан Халқы тілдерінің күні (22 қыркүйек), Ұлттық валюта күні (15 қараша) ресми мереке күні ретінде аталып өтіп жүр.

Оқтасу мақсатында атаулы күндер қатары толыққанын айта кеткеніміз жөн. «Отан отбасынан басталады» деген қағидаға сүйенсек, шаңырақ

бірлігін нығайтатын себептердің бірі – әулет адамдарының бірге уақыт өткеруі, ортақ қуанышты бірге бөлісуі екені айқын. Осы ретте еліміздегі мерекелік күндер санатына қос мейрам қосылып, мамыр айының екінші жексенбісінде Аналар күні, маусымның үшінші жексенбісінде Әкелер күні аталып өтіледі. Бұл даталар халықаралық бекітілген күндерге сәйкес тойланады.

## МЕРЕКЕ ДЕГЕН – ИДЕОЛОГИЯ

Мереке деген жай той тойлатып, думандатып, қарын тойғызып, шеру жасау емес. Әлемдегі әрбір мемлекет өздерінің таным-түсініктеріне сай мерекелерін де идеологиялық құралға айналдыра білді. Сол мерекелер арқылы отансүйгіштікті, елжандылықты, мейірімділікті насихаттайды, жақсылыққа үндейді. Осы ретте «Қазақ елінде қандай мерекелер мен атаулы күндерді атап өткен жөн» деген сұрақ туындауы заңды. Бұл сұраққа акын, мәдениеттанушы Болат Шарахымбай былай деп жауап береді.

«Біздіңше, ең алдымен қазақ халқының тарихы мен рухына сай келетін мерекелер болмағы ләзім. Ол атаулы күндер жастардың бойында ұлттық рух пен ұлттық намыс рухын егу парыз. Мәселен, «Жоңғар құрсауынан азат болған күн», «Абылайдың ақ туы көтерілген күн», «Қазақ хандығы құрылған күн», «1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі күні», «Түркістандықтардың бірлігі күні», «Желтоқсан ұлт-азаттық көтерілісі күні», тағы басқа. Осы атаулы күндердің қай-қайсысы да мемлекеттік тұрғыдан кенінен атап өтуге тұрарлық, елімізде жалпыхалықтық мәнде қастерленуге әбден сұранып тұр», – дейді акын.

Сонымен қатар кезінде «Әулие Валентин күні» («Ғашықтар күні» деп аталып жүр), Хеллоуин деген батыстық мерекелер де біздің елімізде кенінен етек алып тойланып кеткені белгілі. Бірақ қазақ жастары атап өтетін махаббат күніне ұлттық рухтағы мағына беру үшін 15 сәуірді «Қозы Көрпеш – Баян сұлу күні» деп балама күнді ұсынған. Бұл өз кезегінде жақсы бастама болғаны рас. Себебі жастар әрі қазақ мифологиясындағы ғашықтық кейіпкерлермен таныса, әрі мерекенің жалпы мағынасы да күдіретті махаббаттың мәңгілік екеніне үндейді. Бірақ бұл күндер ресми мерекелер қатарына кірмейді. Тек қоғам тарап қабылдаған құбылыстар ғана. Ал өзбек билігі Әулие Валентин күнін атап өтуге ресми түрде қатаң тыйым салып, оны «Бабырдың күні» деген атаумен алмастырған екен. Осы күні өзбек жастары ұлы Бабырдың поэзиясына, әсіресе Шығыс шайырларының ғашықтық ғазалдары мен жырларына үніліп, өздерінің сүйіспеншілік, адамгершілік, тазалық, адалдық жайлы ой-түсініктерін тереңдей түседі екен.

## ТҮЙІН:

Әлемнің кейбір елінде шошқалар фестивалі, маймылдар күні, майшабақтар күні секілді жануарларға арналған күндер де бар. Сонымен қатар бір-біріне бояу шашатын немесе апельсин-қызыл атысатын мерекелер де бар. Дегенмен бұл мерекелердің біздің таным-түсінігімізден тыс алшақ екенін байқағмыз. Алғыс айту күні, домбыра күні секілді атаулы күндер асты ысырап етпейтін, мейірімділік пен жақсылыққа, қазақтың салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына аса мән бергізіп, насихаттайтын мерекелер қатарында десек аса артық айтпағанымыз. Бұл орайда ұлттық және мемлекеттік идеяны ұлықтауда мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндердің рөлі зор екені мәлім. Ұлттық, қоғамдық маңыздағы мерекелер елдің мәдениетін дамытумен қатар халықтың рухани құндылықтарын да жаңғырта түседі.



*Осы кезден бастап демократиялық қоғам құру мақсатында ел ішіндегі қоғамдық-саяси құрылымға біраз өзгеріс енгізіле бастады. Бұл акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасының негізі қаланды.*

рәміздері бекітілді. Қазақстанның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді. Осы кезден бастап демократиялық қоғам құру мақсатында ел ішіндегі қоғамдық-саяси құрылымға біраз өзгеріс енгізіле бастады. Бұл акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасының негізі қаланды.

## БАСҚА ЕЛДЕР РЕСПУБЛИКА КҮНІН КАЛАЙ ТОЙЛАЙДЫ?

Әлемнің көптеген елінде осы Республика күнін өз деңгейінде атап өтеді. Мәселен, 11 қаңтарда Албанияда «Албания Республикасы күні» тойланады. Мереке 1946 жылдан бастап фашистердің орнына келген коммунистік режим Албания Халық Республикасы болып жарияланған кезден атап өтіледі екен. Әзербайжанның республика күні 28 мамырда тойланады. Себебі 1918 жылдың 28 мамырында Әзербайжан Демократиялық Республикасы құрылған. Армения да республика күнін тура

Оңтүстік Африка Республикасының Мемлекеттік президенті лауазымы енгізілді. «Италия Республикасы күні» (Festa della Repubblica italiana) – 2000 жылғы 20 қарашада Италия президенті қол қойған заңға сәйкес белгіленген мемлекеттік мереке. Бұл датаны тойлау 1946 жылғы 2 маусымда өткен референдумда қабылданған тарихи шешімдерге негізделген.

Мерекені ел тарихынан ерекше мұра алатын тұлғаларға байланысты да бекіткен елдер де бар. Мәселен, 17 маусым – «Исландия Республикасының күні» Исландияның тәуелсіздік қозғалысына үлес қосқан елдің ұлттық батыры Йон Сигурдссонның туған күнінде атап өтіледі.


Ал 1 қазандағы Қытай Халық Республикасының құрылу күні елде бес күн бойы атап өтіледі. Бұл күндері Қытай астананың басты көшелері мен алаңдары сан мыңдаған гүл композициясымен безендіріледі, одан бөлек әскери шерулер, концерттер, викториналар, шерулер, үлкен салоттер –

# АҢЫЗДААР ЖЕРІНДЕ

**Әр ұлттың рухани мұрасында, әр ғасырдың ғылыми қоймасында біз білмейтін қаншама сыр бар, қаншама құпия жатыр? Жұрт Тараз-Әулиеата десе, әуелі ежелгі мәдени-тарихи ескерткіштердің мөлдір көзіндей болған Айша биби мазаратын айтады. Бұл ешбір кездейсоқтық емес. Қазақтың ең ежелгі дәуірінен бері айшықты сәулет ескерткіштерінің сұлуы да, сырға толысы да, сүйкімдісі десек те болады.**

және

## Айша биби МАЗАРАТЫНДАҒЫ КӨНЕ ЖАЗУ



Дүрысында казак топырағында жаратылған дана адамдар енебегін араға жүздеген жыл салып туған Атажұртымен қайта табыстырды. Бұл күндері көне қаланың қаб ортасында тұрған орталық мешіт «Һибатулла Тарази» деп аталады. Бір қарағанда тосын, беймәлім есім қайдан пайда бола қалды? Бұл шындығында мұсылман әлемінде ірі дін қызметкері және ғұлама ойшыл, Қайрадегі Сұлтан Бейбарыс медресесінің меңгерушісі болған адамның (1272-1323) есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен қойылған. Тарихи ақиқат үшін айтсақ, сол кезде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дер-бісалінің ұсынсымен жана мешіт осылай аталған екен. Осындайда ой жүйрік қой. Қазак баласының орта ғасырда қандай тағдырмен, арман-мақсатпен алыстағы Шам мен Мысыр еліне сапар шекті екен десенізіші.

Күн нұры түскен, айдай сұлу Айша бибіге сол заманда ел билеген әулие Қарахан соққызыған күмбездің көркі мен кереметтері әлі күнге дейін әрі аңыз, әрі ақиқат желісінде қайта-қайта, қатар-қатар айтылып және тоқтаусыз жазылып келе жатқанына он ғасырдан астам уақыт болыпты.

Сан ғасырлар бойы ғұндар, сактар, түркілер осы – өрісі кең, өмірі тұнық қасиетті өңірде ат сабылтып дәуренді өмір сүрген. Дүрбеленді шайқастар болған. Елі мен жерін қорғаған. Сол жойқын жорықтар мен таңғажайып тағдырлар із қалдырған, артына шаң басқан көмбелер, ақиқаты әлі де ашыла қоймаған, толқынды ойлары мен әпсанасы тамсандыратын аңыз-әңгімелерімен есте сақталған.

Бір ғана Айша биби кесенесі айнала-сында қаншама ой айтылады десенізіші. Айтылмағанда ше?!

Сонау қиял жетпейтін алыста мұнаралы күмбездер мен балбал тастар «сөйлейтін» заман көз алдыңызға елестей ме? Деректердің жазбалары бір емес, ондап-жүздеп жолығатын сияқты. «Х ғасырда алпыс екі түрлі өрнекпен тасқа құйылып тұрғызылған кесененің құпиясы мен жұмбақтары әлі толық ашылмағаны қалай?» деп ойлайтын шығарсыз. Солай өркім ойлайды. Соның арғы жағында туристер мұнда «мәңгілік махаббат» орнын көруге келгенде кәсіби маман емес, Құран оқитын молданың өзі-ақ Айша биби мен Бабалжун (Айша бибиінің күтушісі деп айтылады) хатунның кесенелері мен өздеріне белгілі тарихын таныстырып үлгерді. Айтқанда да олар ағып тұр. Соның бірі...


Тас қабырға жолақтарының 18-ші қатарында көзге оттай басылып, тұңғығына түсіретін бір жол жазуды оқыған археолог та, тілші-ғалым да, философ та осы уақытқа дейін таңғалумен келеді дейді. Бұл рас.

Бұл қандай жазу? Сол бедерлі жазуда «Күзгі аспан... бұлттар... өмір таңғажайып» деген сөздер шығады деп тұжырым жасалған. Осы жалғыз дерек жиі айтылады. Араб тілінің ең көне бір жазуын оқи алған ғалымдардың тасқа басылған ой-жосықтары ұқсас. Әлбетте, ол сөзді тура сол қатарда, нақты кім, қашан жаздырды, қандай себептермен қысқа құйып бедерленгені белгісіз болғанымен, кез келген адамды ұйытып, қалың ойға қалдыратын осынау жазудың мағынасы адамзат жаратылысына тән өмірдің негізгі ой-философиясы дерсің. Адам – керуен, өмір – жол. Ол ешкімге таңсық ісі емес. Бір Жаратушының құдіретіне ай астында, жер үстінде бас иіп, мойынұсынбайтын жан бар ма өзі?! Түсінбейтін адам бар ма екен?!

Өмірдің көш-керуенінде «Тараз қаласын мен ғана түсіне аламын» деп жазатын шайырлардың сезімі мен махаббатында Айша биби кесенесіндегі осы жазудың да әсері болмай қалған шығар, сірә.

Дәл осы арада бұл мәдени-тарихи ескерткіштің тұрған жері туралы айту арқылы әңгімемізді одан әрі жалғастыру көп жайттың қисынды және үйлесімді жақтарын аңғартады.

Елаузында төс біз заманнан келе жатқан сәлсіл әңгіме бар: Махаббатына адал қас сұлу Айша ақ арманына жете алмапты, сүйгені Қарахан екен, ару қыздың аяулы сағынышы алты айлық жерден керуен тартып Таразға қарай жетелепті, таулар асып, жүрек дүпкілі аптықтырған жолда аялдаған аруды көнет ұлы жылан шағып, мөлдір көз жасын төгіпті... ғашықтықтан өртеген жаздап, енді орны толмас өкініштен жүрегі қарс айырылған Қарахан оны сүйіп өттім, жаным бірге деп жария еткен. Қос ғашықтың мәңгі белгісі деп әулие кісі мұсылман әлемі сәулетімен тұрғызылған мазаратты мұнаралы Тараздың қақ ортасынан өзі көріп жататын (о



дүниелік болғанда жерленетін жерін белгілепті) анау Алатау мен Қаратаудың тоғысар құшағындағы биік қырға салдырған екен...Некесін де қилдырған деген аңыз небір заман зердесінде сақталып келеді.

### ТАЛАЙҒЫ ТАРАЗ АТАУЫ

Тарихшылар мен шежірешілдердің, жылнамашылардың айтуынша, Тараз сөзінің пайда болуы туралы бірнеше нұсқа бар. Көпшілігі Таразды Талас деген ән сөзіндей әдемі сөзден шығарады. «Талас» грек тілінде «теңіз» деген сөзді білдіреді. Адамзат тарихында, атап айтсақ, ата-бабаларымыздың көпшенділер мәдени өмірінен ғылыми түрде хабар беретін «Талас жазулары» қаншама ғылыми зерттеу мен еңбектің арқауына айналғанының өзі бекер емес, ол – мол рухани қазына.

Адамзат игілігінің қамқоршысы ЮНЕСКО шешімімен Тараз қаласының 2 000 жылдық тойының кеңінен аталып өтуі тәуелсіз қазақ елінің көнеден тамыр тартқан көкжиегіне айрықша сәуле түсірді. Нақ осы мереке қарсаңында ежелгі қаланың арғы бергі тарихына байланысты

ғалымдар зерделеп берген мағлұматтар мен дерек-дәйектер барынша айтылып, баспасөз бетінде жарық көрді.

Талайғы Тараз атауының араға ғасырлар салып қайта оралуының сәті түсіп, ол құтты 1997 жылы жүзеге асқан болатын. Жүрекке тым ыстық әрі әріден әдемі атау тез арада елдің құлағына сіңіп кетті. Аз уақыт ішінде ол брендке айнала бастады. Ежелгі Тараз, тағдырлы Әулиеата және жыр жампозы Жамбыл аталған қалалар ұлылардың атамекені мен әулиелі жердің ұғымымен жымдасып, ғасыр жасаған Жамбыл ақынның «Атыннан айналайын, Әулиеата!» деген сөзімен әйгілене түсуі де киюласып, қадірін арттырды. Тасқа басылған, қағазға жазылған дәйектен, әрине аттап өте алмаймыз, бұл шежірелі қала кешегі кеңестік дәуірде коммунистердің пәрменімен Мирзоян (Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы) деп те аталған. Бірер жыл ғана... Солақай саясаттың кесепатты кесірі қоғамға тигізген зардабы аз болмаған ғой.

Байтақ елдің бақ дәуренінен үзілмес сыр тартқан Тараз қаласының өткен тарихы өшпес оқиғалардың таңбаланыуымен және сөз өнерімен өрнектелгені әлеуметті барлық уақытта қатты таңғалдырған. Осындай қалың ойға оралтқанына негізі бар дәйек, дерек көп. Айтқанда, Шығыстың атакты шайырлары мен кешегі-бүгінгі қазақтың ақын-жырауларының туындыларына арқау болып, өлмес тақырып, мөлдір махаббат пен сүйіспеншілік туғызған Тараздай тағлымды, құлпырған шаһар бар ма, өзі?! Жоқ-ау, ө?! Бір көргеннен-ақ Тараз қаласын жырламаған ақын жоқтың қасы. Сөзімтал ақыннан көркем сөз артылған ба? Тек осы бір ғажапқа, «Таразды жырлаймын» деген ақындар өлең-толғауларына жергілікті әдебиетшілер мен мұрағатшылар жете мән беріп, мұқият жинастырып жүруі керек-ақ. Әзірге ондай қадамдар жасалған, дей тұрғанымен толыққанды жинақ шыға қоймады. Жамбыл облысының 80 жылдығына орай «Тараз мұралары» сериясымен шыққан 110 томдық кітапта да өз деңгейінде болу үшін әлі көп зерттеуді қамту керектігі байқалып қалды. Бұл жағы

алдағы уақытта ескерілетін шығар деген ойдамыз. Әулиеата аузымен күс тістеп, әуенімен қыран қалықтатып, сазды әуезімен ән шырқатқан ақын-жыршылар елі емес пе?

Әйтпесе, ықтиятты болмасак, елдің абыройы-ақындар мұрасы әр жерде қалып қоюы мүмкін.

Бұл орайда мына бір көңіл толқытып, риза еткен жағдай ойға оралып отыр. Әлем ойшылдары атанған және қазақ жерінен шыққан ортағасырлық ғалымдарды талай зерттеулерінің нәтижесінде құнды дүниелер жазып, нағыз ғалымның кең өрісін танытқан шығыстанушы, атакты ғұлама, академик Әбсаттар қажы Дер-бісәлі туралы бөле-жара айтқанды жөн санаймыз. Ол рухани қазынамызға XV-XVI ғасырларға жататын, жалпы жұрт түгүлі тарихшы ғалымдарға да белгісіз, бұрын-соңды аталмай келген 300-ге жуық ғұламаны қосты. Солардың ішінде аз да, көп те емес, тұп-тура 51 Таразиды, яғни өз дәуірінде оқып, білім алған түрлі бағалы еңбегімен әйгілі болған қайраткерлерді оралтып, ғылыми айналымға олжа қосқанының өзі не тұрады?!

Киелі, Әулиелі, көне Тараз, Суюдің, сұлулықтың Таразысын! Суюдің Айша биби бопты Арындай, Далада қызға ескерткіш жоқ та мұндай, Кезінде Шах Жаханның Мұмтазға арнап, Әлмейтуғын Тәжмахаалды соққанындай, – деп жырлайды. Қазак қызына ықылым заманда осындай ескерткіш қойған ерге де мың тағым, деп келетін ақын жырлары «Жан Тараз, жақұт таққан тәжім менің» күйінде жарқырай түскенін оқып, не ұйып тындау да бір көркем дүние! Көкжиегі сәулелі Құлш ақынның ақын інілері мен сінділері Жамбылды жыр нұрына бөлеп, бөрің де сұлуландырып тұрғандай әсерге бөлейді.

Аңыздарда және соған орай зерттеу жұмыстарын жүргізген жекелеген жас

көп жыл басқарған тарихшы-маман, көптеген зерттеу еңбекті таңыстырып жүрген Төкен Молдақыновтың бұл жазудың дүрстығына көз жеткізу үшін В.Бартольд, В.Массон, Т.Снегина секілді ғалымдардың зерттеулері бойынша және Таразға арнайы жолы түскен Иран Ислам республикасының Қазақстандағы елшілігі қызметкерінің аудармасы негізінде ой қорытқан мақаласы да кесенедегі жазудың айтылып жүрген нұсқасын қостайды.

Тағы бір кереметі – күмбездің кіреберіс есігінің жақтауларындағы қос бағананың бас жағына кең ауқымда ұлы жыланның белгісі салынған. Бұл Айша аруды жылан шағып қайтыс болған деген аңыздың мазмұнын ашық суреттегендей.

Сонымен, «өрнегі мол Шығыс сәулетінің үздік нұсқасының жобалау авторы кім болды екен?» деген мәңгілік сұрақтың жауабын табудың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқаны да рухани мұраның бір ғажабы болса керек.

О, несін айтасыз, 1980 жылдың белорғасы ма екен, белгілі мәдениеттанушы, ұзақ жыл Жамбыл облысының мәдениет ұлалсын басқарған Әлібек Әмзәуліның эссе-жазбасында келтірілгеніндей, сол уақытта Мәскеу жақтан бірнеше археологтың деген адамдар Жамбыл жеріне сұыт келіп, көненің көзі Айша биби кесенесін қазып, ашып зерттейміз, бізге аңыз емес, ақиқат керек деп телсініп, алқымынан алады. Бұған жаратылысынан кесек мінезді, айтқанынан қайтпайтын Мәдениет басқармасының басшысы бірден пышақкесті келіспейді, содан барып қып-қызыл ерегіс басталады. Жоғары жақтан келгендер ашу шақырады. Рұқсат қағазды алу үшін обкомның бірінші хатшысы С.Байжановтың алдынан бір-ақ шығарады. Сол арада обком хатшысы сөзі орнықты, ой орамдары ақиқат, сауаты күшті Ә.Әмзәуліның «мұсылман әлемінде аруақтарға тиісуге болмайды, оның үстіне мына қазба жұмысының мақсаты да белгісіз» деген тоқтамын қолдайды. Мұнымен де тартыс бітпейті. Енді Алматы, Мәдениет министрі Өзбекәлі Жәнібековке барып арызданған екен әлгі археологтер. Не керек, Алматыдағы кенседе екі тараптың ой-пікірлерін мұқият тыңдаған Өзаған «Айша биби кесенесін ешкім де қазбайды. Оған рұқсат ешқашан берілмейді. Егер сол жерден бір күрек топырақ қазылса, сол жерге сен көмілесің» деп сөз бен ой мағынасын теренінен түсінетін Әлекене қаратып қатан тапсырма беріпті. Қайран, Өзағандар – ұлттық рухтың жебеушісі! Кім біледі, ол кісі тоқтау салмаса, әйтпесе, атакты адамдар қабірінен құнды заттар іздеген «қара археологтер» секілді тонап, ұрлайтындардың көздегені ақиқат емес, басқа болуы да мүмкін ғой. Бұл да тарихи көмбелердің біразына тән нәрсе.

Біз кейіпкердің тағлымы көптеген шығармашылық адамның туындыларына арқау болғанын жазушы білеміз. Бұл ыңғайда жергілікті жақшы, Тараз қаласы тарихын зерттеуге елеулі еңбек сінірген қаламгер Бақтияр Әбілдаевтың «Айша биби» пьесасының кезінде театр сахнала-



«Шежірелі Х ғасырда атақты шайыр Фирдоуси «Сергітер жүректің жарасын, Мөп-мөлдір көздің қарасын, Тараздан ғана табасың» деп жазған. Бұл тарихи жыр шумақтарының өзі бір жағынан өскен, өркен жайған елді қыздың сұлулығымен өлшесе, екінші жағынан көне қаланың байырғы ғұмырынан хабар береді. Бұл сөз 1990 жылдың басында Таразға кіреберіс оңтүстік қақпасында қаланың бойтұмары ретінде жазылып қойған еді.

ғалымдар өз мақаларында Айша бибиінің орта ғасырларда өмір сүрген дін ғұламасы Сұлтан Бейбарының қызы деген айқындама беретінін де байқаймыз. Түрлі деректе айтылып жүргеніндей, ару Айша бибиінің нағашы атасы Қарабура әулие саналады. Ал Қарабура дегеніміз Қарахан империясын билеген патшалардың бірі болған Қара Богра хан деп келтіреді.

Біздің тарихнамамызда ең алғаш Ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялап, түркілер арасында да кенінен насихаттаған да осы қарахандықтар.

Осылайша, Айша бибиінің түптегі патша әулетінен шыққан деп ой қорытаты тарихшылар мен зерттеушілер өз еңбектерінде. Бұдан басқа да шығу тарихы туралы ойлар айтылатын секілді. Ертеден бері түрлі болжам болғанымен, оның тегі асқан мәртебелі отбасынан шыққаны бір арнадан табылады, сол себепті бүгінгі күнге жеткізген ата-бабаларымыздың зердесінде сақталған және таңғажайып кесенесіндегі айғақтың барлығы бір-бірін толықтырып тұрғанын ескергеніміз абзал.

Айдай сұлу аруға кесенені дала қыраны Қараханның тұрғызғаны да дәл сондай, мәңгілік ғашықтық пен махаббаттың, шексіз сүйіспеншіліктің ғұмырлар бойғы фибратындай делік. Аңыз әңгімелер мен зердеде жаңғырған замандар елесі.

Қазак жеріндегі күмбездердің ең ерекшелігі де осы тарихи-мәдени ескерткіште. Ғалымдардың зерттеу қорытындысына сүйеніп кесененің артқы бұрыштама бағаналарының 18-ші қатарында араб әліпбиінің «куфа» өрнегімен бедерленген жазу бар делік. Бұл сөздерді 1895 жылы орыс ғұламасы В.Бартольд «Құз...бұлттар...жер ғажайып» деп аударған. Тылсым сырлы ойдан адам жаратылысы мен тіршіліктің барлық сипатының неден тұратынын сезініп, ұғатын боламыз. Бұл көне сөзді «Құз. Жер. Су» деп өзінше және қиялдап аударып жүргендер де бар. Ал таным-талғамы терен, белгілі жазушы Аскар Сүлейменов болса, бұл жазуды «Аспан. Сүмбіле. Сүмдық өмір» деп оқиды.

Ежелгі Тараздың тарихи-мәдени ескерткіштерін қорғау мекемесін

рында қойылуы көп жайттың бетін ашты. Аңыздың ақиқатқа айналған сәттері де көркемдік шешімін тауып, Айша бибиінің аяулы бейнесі мен образы көз алдымызда тұрды.

Сондай-ақ бірқатар тарихшы мен әдебиетші де көне жазбалар желісімен көркем ойлар айтты.

### ЕСКЕРТКІШТЕРГЕ ДЕ КҮТІМ КЕРЕК

Ғасырлар куәгері Айша биби кесенесінің аумағын ерекше көркейтіп, көгалдандыру, саяхат жасап келушілерге қолайлы жағдай туғызу сөзбен емес, іспен дәлелденген бір жағдай еске түсіп отыр. Бұл тұрғыда 2010 жылғы сол кездегі Жамбыл облысының әкімі Қанат Бозымбаев киелі орынға ел-жұрт тілігіне сай тікелей өзі айрықша қамқорлық жасап, оның көлемді айналасын айнадай етіп, жасыл саялы бақ ектіріп, мәдени жаңғыртып, көркейтіп, көріктендіріп, әдемілеп қойып еді.

Содан бері талай су ақты, аңызак жел гүлді, жылжып жылдар өтті.

Қылаудай иманды қарекеттің өзі қадірлі.

Талайғы Тараздың бақ қонып, қыдыр дарыған ұлттық жақұттары теңдессіз қазына. Олар заманалар көш-керуенінде рухани өмірдің әдемі арқауы, сарқылмас бұлағындай бола бермек. Сонысымен де дүниені дүркіреткен Сақ, Ғұн, Түркеш қағанатынан бері жер бетінен жоғалып, жойылып кетпей, бізге жеткен түрлі мәдени-тарихи ескерткіштер мен алтын көмбелер адамзат тарихы үшін ең қымбат жәдігер және тірілер үшін тағымды тағлым!

Жер дүниені жалғанан Ұлы Жібек жолы бойында арлы-берлі ағылған саяхатшылар мен жолаушылар жүрегің қазақ даласында қанат қаққан «Айша бибиінің» көз жетпес алысқа кеткен аңыздары мен зейінді зердеде жаңғырған мөп-мөлдір ақиқаты әлі талай ұрпақты тылсым күйде тербеп, таңғалдыратын болады.

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,  
қоғам қайраткері

# ЖАҢА ҮЙЛЕРДІҢ ЖАЙЫ ЖАБЫРҚАТАДЫ

**Сыр өңірінде тұрғын үйге қатысты мәселе ұшығып тұр. Жыл сайын облыс орталығында жаңадан көпқабатты үйлер сап түзесе де, сырт келбетін сылап-сипап қойған ғимараттардың сапасына айтылар сын көп.**

Қызылорда қаласында апатты үйлердің жыры әлі күнге дейін біткен емес. Әкімдік тарапынан бәрі рет-ретімен шешіліп жатқанын тілге тиек етеді. Жаттанды сөз бен цифрларды алға тартады. Ал шынтуайтында апатты үйдің азабынан арылған ағайын сапасыз салынған баспанасының сергелденіне түсіп жүргенін айтады. Екі ортада қара халық жапа шегіп, кімге шағымданырарын білмей делсал күйде жүр.

Бүгінде үй кезегінде тұрған жергілікті жұртшылықтың жаңа қонысы қаланың жаңадан бой түзеген сол жағалауынан бұйырып тұр. Апатты үйді паналап келген халық та осы аймаққа көшіріліп жатыр. Бірақ жаңа да жайлы үйге қоныстандым деген тұрғындардың қуанышы көпке созылмаған сияқты.

«Сол жағалаудағы жаңа баспанаға қоныс аударғанымызға жылға жуықтады. Бұған дейін апатты үйде тұрып, азапты күндерді бастан өткердік. Өзім I топтағы мүгедек жанмын. Әкімдік тарапынан жаңа да жайлы үй бергеніне қуандық. Бірақ көп уақыт өтпестен үйіміздің сапасы сыр берді. Есік-терезелері жарамсыз күйге түсіп, электр розеткалары істен шыға бастады. Құрылыс жұмыстарына мердігердің жауапсыздық танытқаны байқалады. Бүгінде соның зардабын тұрғындар тартып отыр. Жаңа үйіміздің қазіргі сиқы осындай. Жыл өткен сайын адам тұруға жарамсыз күйге түспесе деген қорқынышымыз басым», — деп мұның шақты сол жағалаудағы №65 үйдің тұрғыны Марал Сәрсенова.



Негізінен, аталмыш аумақ халқы үйлердің сапасыз салынғанын айтып, бұған дейін де құзырлы орындарға шағымданыпты. Тиісті мамандар арнайы келіп, ахуалды көзбен көрген. Бірақ түзелген дүние жоқ. Есесіне күн санап әр жерінен ақау шығып жатқанын жеткізіп отыр.

Сондай-ақ халық жаңа аудан аумағын жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары да кенже қалып тұрғанын алға тартты. Әсіресе, түн мезгілінде қою қараңғылықтың құшағында қалады. Жалғыз-жарым жүру қауіпті болып тұр», — дейді сол жағалаудың тағы бір тұрғыны Фалия Смакова.

«Осы аумақтағы тұрғын үйлердің ішкі ахуалынан бөлек, сыртқы жағдайы да маз емес. Атап айтқанда, балалардың ойын алаңы әлі күнге дейін салынған жоқ. Абаттандыру жұмыстары да кезегін



күтіп тұр. Қоқыс төгетін орындары да талапқа сай деп айта алмаймыз. Қоқыс жәшігі ашық-шашық күйде жатыр. Үйіміздің жанындағы дария тұсына өтетін негізгі жолдарға жарық бағаналары орнатылғанымен, әлі күнге дейін іске қосылған емес. Бұл аумақ түн мезгілінде қараңғылық құшағында қалады. Жалғыз-жарым жүру қауіпті болып тұр», — дейді сол жағалаудың тағы бір тұрғыны Фалия Смакова.

Тұрғылықты халық жол бойына қазқатар қойылған жарық бағаналары мен жарықшамдардың әлі күнге дейін іске қосылмау себебін түсіне алмай дал. Күндіз көшенің сәнін кіргізіп тұрған әсем

жарықшамдар түн мезгілінде іске қосылып, қауіпсіздігіміз қамтамасыз етілсе деген талап-тілегін ортаға салды.

«Жаңадан салынған тұрғын үй жаңында балаларға арналған ойын алаңы да салынбаған. Бір жылға дейін бұл мәселе не себепті шешілмей жатқанын түсінбедік. Сонымен қатар үйіміздің артында шұңқыр бар. Жаңбыр суы мен суағардан аққан ағын су соған жиналады. Осы орынды тегістеп беру жөнінде талай рет айттық. Бірақ нәтиже жоқ. Осының салдарынан үйіміздің іргесі қақырап, апатты күйге душар боламыз ба деп қорқамыз», — дейді №65 үйдің тағы бір тұрғыны Қалдыгүл Майқанова.



Тұрғындардың мәлімдеуінше, сол жағалауда салынып жатқан жаңа үйдің көбінің сапасы сын көтермейтін күйде тұр. Сыртғын сәндеп қойғанымен, ішкі ахуалы апатты жағдайда деп ашынады. Жаңа үйлердің сапасы жайында сұраған жұртты әкімдік мердігерге сілтесе, мердігер әкімдікті меңзейді. Қара халық қайда барып шағымданырарын білмей, әрі-сәрі күйде жүргенін алға тартып отыр.

## P.S.

**Осы мәселеге орай Қызылорда қаласы әкімдігіне бас сұғып, мәселенің мән-жайын сұрадық. Сол жағалау тұрғындарының базанысына жазбаша жауап қайтаратынын айтқан қала әкімдігіне қарасты тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі тарапының уәжі құрғақ уәде күйінде қалды. Әзірге сол жағалаудағы жаңа тұрғын үй кешені маңына қойылған жарықшам бағаналарының әлі күнге дейін іске қосылмауы бізге беймәлім күйде қалып тұр. Жауабын сұрап, бірнеше мәрте хабарласқанымызбен, еш нәтиже болмады. «Басы ауырмағанның балтыры сыздамас» деген осы болар. Алдағы уақытта тиісті бөлімнің жауапсыздығына қала әкімі үн қосар деп үміттенеміз.**

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы



### Объявление о результатах повторного открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Запасные части для ГПА GE»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает повторный открытый тендер по закупке товаров «Запасные части для ГПА GE» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, объявляется повторный открытый тендер по закупке товаров «Запасные части для ГПА GE». (Количество лотов – 7, на общую сумму 267 344 989,60 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ООО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере назначен до 10:30 часов «30» октября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12:30 часов «30» октября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

### «ГПА GE арналған қосалқы бөлшектер» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері және қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«ГПА GE арналған қосалқы бөлшектер» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты «ГПА GE арналған қосалқы бөлшектер» тауарларын қайта сатып алу бойынша ашық тендердің қайтадан өткізілетіндігі туралы жарияланады. (Лот саны – 7, жалпы сомасы 267 344 989,60 тенге, ҚҚС-сыз)

Сатып алынатын тауарлар мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы «30» қазанда, сағ. 10:30-ға дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы «30» қазанда, сағ. 12:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», конференц-зал.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.

### Объявление о результатах повторного открытого тендера, и проведении повторного открытого тендера закупки товаров «Тормозные, охлаждающие и технологические жидкости»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке товаров «Тормозные, охлаждающие и технологические жидкости» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, ООО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Тормозные, охлаждающие и технологические жидкости». (Количество лотов – 17, на общую сумму 52 494 639,57 тенге без учета НДС).

Перечень поставляемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ООО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 30 октября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12:00 часов 30 октября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

### «Тежеуіш, салқындатқыш және технологиялық сұйықтықтар» тауарын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері және қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Тежеуіш, салқындатқыш және технологиялық сұйықтықтар» тауарын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Тежеуіш, салқындатқыш және технологиялық сұйықтықтар» тауарын қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізілетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 17, жалпы сомасы 52 494 639,57 тенге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 30 қазанда, сағ. 10:00-ға дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жыл 30 қазанда, сағ. 12:00 мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц-залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-50.

**Ф**отография – өміршең өнер. Өткенімізді дәл сол қалпында көз алдымызға әкелетін де, бүгінгімізді таспалап тарих бедерінде қалдыратын да – фотографияның жемісі. Нағыз кәсіби фотограф үшін адамның сыртқы келбетін ғана емес, ішкі болмысын «сөйлеті» білу маңыздырақ. Осы уақытқа дейін ұлттық болмысымыз бен салт-санамыздан сыр шертетін құнды мұрағаттар сақталып келді. Сол тарихты жасаушылар – ардагер фотографтарымыз еді. Халыққа елеулі еңбегі сіңген тұлғалардың бірегейі фотопублицист, ұстаз – Асылхан Әбдірайымұлы. Ол ғұмырының жиырма бес жылдан астам уақытын фотография саласына арнаған. Әлі де арнап келеді.

— Фотография — шығармашылық көз-қарасты талап ететін сала. Осы кәсіпте жылдар бойы қызмет атқарып келе жатқан мамандардың бірі — өзіміз. Әнгімімізді қазіргі шығармашылық тынысыңыздан бастасак.

— Қазір фотография саласымен айналысатындар өте көп. Әлемде 8 миллиард халық бар десек, оның 6 миллиарды күнделікті суретке түсірумен айналысады. Кейбірі түсірген суретін әлеуметтік желіге жариялайды. Фотография — қоғамға, әлемге ықпалы зор, адамдар көп қолданатын өнер түрі. Кәсіби тұрғыда қарастырсақ, фотография өнері үш жанрға бөлінеді. Олар: техникалық, көркемдік және деректі фото өнері. Мәселен, көлік немесе ұялы телефон сынды техникалық құралда түсірілген суреттер — техникалық фото түріне жатады. Көркемдік фото түріне табиғаттың сұлулығы, сәнді киімдер көрінісін қарастыруға болады. Ал деректі фотоға ақпараттық бағыттағы суреттер кіреді, яғни фотожурналистика. Деректі суреттің басты міндеті — қоғамда орын алып жатқан оқиғаларды сол қалпында беру. Осы аталғандардың ішінде менің негізгі бағытым — деректі фото жанры. Фотожурналистика саласына 1990 жылы келдім. БАҚ саласында жиырма бес жыл көлемінде фотожурналист болып қызмет атқардым. Қоғамға қажетті және өзіндік сұранысы бар газеттерде жан-жақты тақырыптарды түсірумен айналыстық. Жиырма бес жыл аралығында жинаған тәжірибем мен көрген-білгенімді жастарға үйретсем, оқулықтар арқылы қазақ қоғамын өзекті ақпаратпен қамтамасыз етсем деген әуелгі мақсатыммен қазір осы салада қызмет етіп келемін. Ұстаздық қызметте жүргеніме он жылдан аса уақыт өтті.

— Фотография әлеміне қандай мақсатпен келдініз?

— Бала кезде адамда шексіз армандар болатыны рас. Жастық шағымда әртүрлі бағытқа қызығып өстім. Мектеп қабырғасында 7-сыныпта оқып жүрген кезімде көрші баланың фотоаппаратына қызығатыным. Оқу бітіретін тұста анам маған фотоаппарат сатып әперді. Сол фотоаппаратпен айналымдағы көріністерді суретке түсіріп жүрдім. Мектепті тәмамдаған соң басқа салаға оқуға қабылдандым. Мәскеу қаласында орналасқан Су қожалығы институтына оқуға түстім. Содан кейін Мәскеу қаласынан қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ауысып келдім. 1990 жылы География факультеті, соның ішінде Су инженері мамандығы бойынша ҚазҰУ-ды (ҚазГУ) тәмамдадым. Су бар жерде — өмір бар дейді. Сол заманда Мәскеуде пойыз үш күн бойы жүретін. Үш күн пойызбен барар жолда, ұшақпен келгенде іштей арманым болды. Туған жерім Түркістан қаласынан әрі қарай Қызылорда, Ақтөбе қалалары арқылы Ресейге жол жүріп бара жатқан сәтте шөл далаларды көріп, ішімнен: «Әттен, осы даланы қоғалдандыр, көркейтсек екен», — деп ойлайтынмын. Алдыма осындай мақсаттар қойып жүріп дипломымды алып, оқуды да аяқтадым. 1988 жылы университетті бітірген соң жас маман ретінде ҚазҰУ-да қалдым. Ғылыми бағыттағы университетте екі жыл катарынан Іле-Балқаш проблемасы бойынша ғылыми жұмыспен айналыстым. Ал 1990 жылы ғылыми жұмысымды қорғау үшін Мәскеуге кеттім тиіс еді. Себебі Кеңес өкіметі тұсында диссертацияны қорғау орталық қала Мәскеуде жүзеге асырылатын. Алайда осы кезеңдерде Кеңес өкіметі ыдырай бастады. Әрі қарай жағдай өршіп төңкерістер басталды. Сол жылдары таныстарым маған Мәскеу қаласына барудың қажет емес екенін ескертті. Міне, содан бері алған дипломым мен кандидаттық диссертациямды шетке ысырып қойып, фототіліш қызметіне аяқ бастым. Өзіме экология бағыты жақын болғандықтан «Атамекен» атты апталық газетке қызметке орналастым. Мұнда бір жыл қызмет еткеннен кейін «Қазақстан әйелдері» республикалық журналынан шақырту келіп түсті. Одан кейін «Парасат», «Зан» журналдары қызмет бабы бойынша шақырды. Кейін он жеті жыл көлемінде «Жас алаш» газетінде жұмыс істедім.

— Күн өткен сайын технологияның қарқыны өсіп барады. Қазір қалтадағы ұялы телефонмен-ақ оқиғадан дереу ақпарат тарататын әуесқой фотографтар көбейді. Кәсіби деңгейдегі фотограф пен әуесқой фотографтың айырмашылығы қандай? Суретті кәсіби маман түсіргенін несіне қарап тани аламыз?

— Фотография саласында кәсіби және әуесқой мамандар жұмыс істейді. Бұл саланы өзінің күнделікті турмысына жарататындар бар. Қазіргі заманда қалтадағы ұялы телефон кез келген адамның сурет түсіруі үшін ыңғайлы құралға айналды. Тіпті, телефон арқылы фильмдер мен бейнебаяндар түсіріп жатады. Негізі кәсіби фотограф қашанда атына сай маман ретінде бағаланады. Оның әлемде өзіндік орны бар. Кәсіби деңгейі мықты фотографтар «Біз суретті түсірмейміз, суретті жасаймыз», — деп айтады екен. Фотограф бір шүріппені баса салумен шектелмейді ғой. Кәсіби маманның әуесқой фотографтан айырмашылығы сол — шын маман әрбір түсірген суретіне шығарма деп қарайды.



Асылхан ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ фотопублицист:

# Бір суретпен өлең шығаруға, тіпті роман жазуға болады

Бір суретпен өлең шығаруға, тіпті роман жазуға болады. Әуесқой фотограф түсірген суреті арқылы терең ойын жеткізгісі келе ме, көпшілікке жариялай ма, жарияламай ма еркі өзінде. Әуесқой фотографтар — аты айтып тұрғандай-ақ әуестенген дүниесін түсіруге бағытталған. Сол себепті кәсіби маманның аты қашан да — кәсіби. Фотограф тек композиция, сюжет сынды терминдермен шектелмей, қоғамда болған оқиғаларға жан-жақты көзқараспен қарап, әлемдік жаңалықтардан хабары болуға тиіс. География, саясат пен мәдениет саласында ашық болуы маңызды. Осы — нағыз кәсібилік. Ол суретке түсірер алдында барлығын ой елегінен өткізіп, композициялық құрылымы мен техника сапасына мән береді. Экспозициясын сол сәтте құрастырады. Ал тетікті басу — соңғы қадам. Кәсіби маманның суретінен айтылар ой көзге анық көрінеді. Суреттің өзі сөйлеп тұрады. Тіпті, көрген адам суретті өздігінен оқи алады.

— Журналист — әмбебап мамандық иесі ғой. Бүгінде журналист қандай аймаққа барса да, оқиганы өз бетінше таспалауға бейімделген. Осы тұста фотожурналист үшін фотоаппараттың қай түрін таңдау маңызды? Қандай режимді пайдаланған дұрыс?

— Заман талабына сай журналистің өз кәсібінде әмбебап болуы маңызды. Кез келген жағдайда халыққа жеткізер ақпараттың сапалы, мағыналы етіп ұсынуы тиіс. Болып жатқан оқиға қас-қағым сәтте жылдам өзгеріске ұшырауы мүмкін. Сондықтан журналист фотоаппаратын оқиға қарқынына лайықтап ыңғайластырып алғаны дұрыс. Оқиғаға жақындауға болатын, кейде алыстан қарайтын кездер болады. Осы маңыздылықты ескере отырып, фотожурналист оқиға мазмұнына сай құрал-саймандарын сайлап жүргені тиімді. Тағы бір айтарым, фотожурналист ешқашан болып жатқан оқиғаға араласпауы керек. Егер ол оқиғаға өздігінен араласып, суреттерді қолдан жасаса, ақпарат жасанды болып қалады. Сондай-ақ фотоаппаратта «жылдамдық артықшылығы» деген режим бар. Осы тұста оқиғаларға сәттілік сапалы түсіріп алу үшін жылдамдық режимін қою керек. Мамандығын шынымен қалап келген адамның бойында мұндай тәжірибелер уақыт өте келе қалыптасады.

— Осы тұста әуесқой фотографтардың көбеюі — кәсіби фотографтың жолын орап кетеді деп ойламайсыз ба?

— Жоғарыда әлемде 6 миллиардқа жуық суретке түсірумен айналысатын адам бар екенін атап өттім. Түптің түбінде кәсіби маманның үздік шыққан туындыларын халық міндетті түрде іздейді. Қазіргі жастар тілімен айтқанда, «лайк басады». Оны кейбірі өзіне сактап қояды. Сондықтан кәсіби мамандарға жұмыс жеткілікті. Себебі фотография өнерінің білім мен ғылымға, мәдениетке, денсаулыққа, қысқасы, барлық салаға ортақ қатысы бар. Елімізде қазір кәсіби маман тапшы деп айтсақ та болады. Мықты, шын маманға ұсынылар жұмыс көп. Осы орайда «әттеген-ай» дейтін түстарымыз да жоқ емес. Бүгінде ақын-жазушыларға, мәдениет саласына еңбегі сіңген өңшілерге жыл сайын марапат табысталады. Мәнінше, фотографтардың да еңбегі бағалануы керек. Өйткені фотография мамандары қоғамға жұмыс істейді. Әлемде Нобель сыйлығын ең көп иемденген — Польша мемлекеті екен. Қарап тұрсаңыз, Польша жер көлемі бойынша біздің бір облысымызбен теңестіріп мемлекет қой. Польшада 23 адам Нобель сыйлығын алған. Ал Қазақстанда Нобель сыйлығын алған бірде-бір тұлға жоқ. Фотография тұрғысынан зер салып қарасақ, Балтық елдерінде мемлекет тарапынан

## ӨЛЕҢ ШЫҒАРУҒА, ТІПТІ РОМАН

## ЖАЗУҒА БОЛАДЫ

фотография саласындағы еңбегі үшін 12 адамға Мемлекеттік сыйлық берілген. Қоғамға қосқан үлесі бар шығармашылық иелері мемлекет тарапынан бағаланғаны дұрыс.

— Қазір түсірген суретімізді сол сәтте шығарып беретін фотоаппараттар трендте (instax және т.б.). Қалай оғайсыз, мұндай суреттердің сапасы ұзақ сақтала ма?

— Кезінде Polaroid деген фотоаппарат түрі болған. Бұл фотоаппарат арқылы кез келген көріністі суретке түсіріп, сол сәтте шығарып аласыз. Шындығында, жылдам жасалған заттың сапасы да сын көтере бермей мүмкін. Мұндай фотоаппарат түрлері саяхатшылар үшін қолайлы болуы мүмкін. Ал кәсіби деңгейдегі суретшілер арнайы фотоаппарат қолданады. Біздің кезімізде суреттерді химиялық әдістермен шығарды. Қазір технологияның дамуымен принтер арқылы шығарылып жүр. Одан өзге де жеңілдетілген әдістері бар. Өкінішке қарай суреттің сақталу сапасының ғұмыры қысқа. Әртүрлі бояу мен ұнтақты қолданудың нәтижесінде сурет жылтырап, көзге әлемі көрінгенімен, біршама уақыт өткеннен кейін бояуы ұша бастайды. Ал сапалы дүниелер арнайы типографияда басып шығарылады.

— Мұрағатыңызды ақтарып отырып, Дінмұхаммед Қонаев атаманды таспалаған суретіңізді байқап қалдық. Қонаевпен қалай кездестіңіз? Сол бір тарих сәттен қандай естеліктерді бөлісер едіңіз?

— Жиырма бес жыл қызметімде көптеген тарихи тұлғалармен кездестім. 1992 жылы Дінмұхаммед Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» атты кітабы жарық көрген еді («О моём времени»). Кітапты бізге ұстаздық еткен, қоғамға танымал, шебер журналист Серік Әбдірайымов ағамыз аударған. Журналға Дінмұхаммед Қонаевтың суретін беру керек болды. Осы мақсатта журналиспен Қонаевтың үйіне бардық. Қазір бұл үй мұражайға айналған. Біз үйге келген бойда есікті Д.Қонаев атамандың өзі ашып, қол алысып ішке кіргізді. «Ұлық болсаң, кішік бол» дегендей ол өте қарапайым, келген адамды ізгі ниетпен қарсы алатын тұлға болды. Материалға қатысты сұрақтарға жауап берді. Бір кезде Д.Қонаев маған: «Інім, қарсы бөлмеде бір суретке түсіріп жіберсеңіз», — деп өтініш айтты. Соның қарсы бөлмеде суретке түсірмейшік болдым. Бөлмеге кірсем, қабырғада ағамыздың жұбайымен түскен суреттері ілінген екен. Ағамызды суретке түсіріп болған соң бөлмесінен шыққаннан кейін ол маған кітабын тарту етті. Кітаптың ішінде орысша жазылған тілегі мені қолтанбасы, кездескен күніміздің мерзімі

көрсетілген. Қазақ тіліне аударғанда кітапта «Ізгі ниетпен Дінмұхаммед Қонаев» деп жазылған. Қонаевтан қалған сол бір кітап әлі күнге дейін үйде сақтаулы тұр. Кейін оның сұхбаттарын оқып қарасам, жұбайымен елу жылдан асық уақыт бақытты өмір сүріпті. Берген сұхбаттарын оқи отырып, тектілігі мен тазалығын, жұбайына деген адалдығын байқадым. Біз үйіне барып суретке түсірерден біраз уақыт бұрын жұбайы қайтыс болған екен. Сол кездері жұбайын сағынып жүрген екен ғой. Димекеннің шаңырағында екі рет болдым. Екі кездесуде де дәрежесіне қарамастан адаммен адам деңгейінде санасатын, өзгенің айтқан сөзін мұқият тыңдай білетін қарапайым болмысын танытты. Қонаевпен амандасқан сәтте қолы өте жұмсақ болды. Алақаны арқылы Димекеннің жан дүниесінің тазалығы мен адалдығын сезінуге болады.

— Кезінде сіз түсірген сурет Халық қаһарманы Қасым Қайсеновтің көңілінен шығып, сонында қас батырдың шаңырағынан бір-ақ шыққан екенсіз...

— Газетте қызметте болған жылдары соғыс ардагерлерін суретке түсіріп жүретінмін. Сол кездері тұңғыш президент Н.Назарбаевтың тұсында өнер тарландарына стипендия берілетін. Сондай бір шаралардың біріне жолым түсіп, оқиғаны дереу таспалауға кірістім. Қасым Қайсенов ағамыздың орындықта таяғына сүйеніп отырған сәті. Бірде қасына Н.Назарбаев келіп, Қасым Қайсеновтың айтқан сөздеріне құлақ қойып тындап тұрды. Тарихи сәтті жіберіп алмай, екеуін суретке түсіріп алдым. Бұл сурет кейін газетке жарияланды. Расында түсірген суретім Қасым Қайсенов ағамызға ұнаған екен. Журналистер арқылы суретті шығарып беруімді айтып, өтінішін білдіріпті. Бір күні суретті қағазға шығарып, Қасым ағамыздың үйіне алып бардым. Туындыны өзіне табыстағанымда ағамыз риза болып, жастығының астынан бір зат алып жатыр. Бастапқыда кітап шығар деп ойладым. Бірақ олай емес. Жақында ағамыз

ардагер ағаларымыз жайлы жастарға айтып отырамын. Сондай-ақ жақында ұстазым Сайлау Пернебаевтың «Ақ пен қара» деп аталатын фотоальбомы жарық көрді. Сайлау ағамыздың фотосурет түсіруден өзге керемет айтқыштығы, сөзді тауып айтатын қасиеті бар еді. Ол өзін Төле бидің жетінші ұрпағымын деп айтып жүретін. Сөзге шебер, шындықты тура бетке айтатын тұлға болды. Бізге дейін қоғамға қызмет еткен, суреттері баға жетпес құнды дүниеге айналған ағаларымыз өмір сүрді. Біз — сол кісілердің ізін жалғашушы ұрпақпыз.

— Қазір қазақ фотография өнерінің мектебі қалыптасты деп айта аласыз ба?

— Иә, қазір фотография мектебі қалыптасты деп айтуға болады. Өйткені қазір әртүрлі жанрада фотосурет түсірумен айналысатын жастар көбейді. Қунарлық жаналық, осы жылы Алматы полиграфия колледжінде 100 бала Фото ісі мамандығы бойынша грант иегері атанды. Оның ішінде 50 бала — қазақ бөліміне, 50 бала — орыс бөліміне оқуға қабылданған.

— Студенттерге өткен сабағыңызда қазақ сән өнеріндегі ерекше құнды дүниелердің бірі — шапан туралы айтқаныңыз есімде. Тіпті, кезінде өзіңіз де сол шапанды көпшілік алдында киіп шыққан екенсіз. «Көпті көрген» шапаның тарихи маңызы қандай?

— Бір қызығы, жақында немеремді Орталық мемлекеттік мұражайына алып бардым. Мен айтып жүрген шапан мұражайда осы күнге дейін сақталуы болатын. Қазір мұражайдың ішіне біраз өзгеріс енгізіпті. 90-жылдары «Қазақстан әйелдері» газетінде жұмыс істеп жүрген кезімде Мақсат Дүйсмағанбетов екеуіміз Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен қаласына іссапарға бардық. Жаңаөзенде Тайжан Досанов есімді халық шебері тұрады. Сол кісімен әңгімелесіп, сұхбат құрдық. Тайжан Досанов өз үйінде шапан тігумен айналысады. Соның ол бізге Маңғыстаудағы Каспий теңізінің жағалауында орналасқан Форт-Шевченко ауданында ақындыр айтқысы болатынын хабарлады. Айтты «Қырымның қырық батырын» алты ай жырлаған Мұрын жыраудың 150 жылдығы аясында ұйымдастырылған екен. Біз сұхбат алған кейіпкердің шапандары шараға қойылды. Форт-Шевченкоға барғаннан кейін: «Асылхан, мына шапанды сен киші. Ал Әйелдің киімін жұбайым киеді», — деп қолқа салды. Шынымы айтсам, өмірімде киіп көрмеген. Шапан таутекенің оюымен көмкерілген. Сол шапанды ақындар айтқысында киіп шықтым.

— Сіз құрған «Фотоонер» қоғамдық бірлестігі кезінде мемлекеттің қаражатысыз жеті экспедиция жасаған екен. Қазір фотографтар арасында мұндай үрдіс сақталған ба?


— «Фотоонер» қоғамдық бірлестігі — коммерциялық емес, фотожурналистерден құралған еркін шығармашылық ұйым. Фотография саласында жастарға практикалық дәріс беру, мамандардан тәжірибе алмасу — басты мақсатымыз. Үш буыннан тұратын қатысушыларды біріктіріп, арнайы экспедиция ұйымдастырдық. Бізге алдың ала мемлекеттен ешқандай қаражат берілмеген. Алғаш бірлестік құрылған жылы «Шалқоң — елдің жайлауы» атты экспедиция ұйымдастырып, Хан Тәңірі баурайына шықтық. Үш күн бойы сонда түсірілім жұмыстарымен айналыстық. Экспедицияға Алматы облысының әкімшілігі қолдау көрсетті. Одан кейін Ұлытауға, Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Қозыбасыға экспедиция жасадық. Түркістан, Арыстан бап, Алтай мекендеріне шықтық. Соның экспедициямызда Маңғыстауда орналасқан Бекет атаның басына бардық. Тағы бір көздегіміз — барған өңірлеріміздің табиғатын таспалау арқылы туризмді дамытуға үлес қосу еді. Экспедиция аясында тек табиғат көріністерін ғана емес, тарихи маңызы бар ескерткіштер орналасқан аймақтарды да қамтуға тырыстық. Соның жеті экспедициядан кейін пандемия жағдайына байланысты жоспарларымыз әлі жүзеге аспады. Дегенмен кейде жақын аймақтарға шағын экспедиция ұйымдастырып отырамыз.

— Өзіңіз жайлы мынадай бір қызықты деректі көзіміз шалды. Аталарыңыз кезінде Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының тәлімін көрген, туыстық жақындығы бар жандар болған екен. Сонау репрессия жылдары Торғай өңірінен қоныс аударып, Түркістан өлкесін мекендеген көрінеді...

— Әкем қырық бес жасында дүниеден озды. Ол кезде мен жеті жаста едім. Аталарымды көрген жоқпын. Анам — Түркістанның қызы. Есімі — Шәрбан. Әкем — Әбдірайым, атам — Жүсіп, бабам — Байсалбай. Анам маған осы тақырып төңірегінде әңгімелеп беретін. Анамның айтуынша, кезінде бабаларымыз Қаратауды асып, Торғай өңірінде Түркістанға қарай қоныс аударған. Байсалбай бабамыз, Жүсіп атам, Торғай өңірінде Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатовтар, қазақтың руына салғанда Арғын, оның ішінде Сарыжетім, Шақшақ елінен. Ата-бабаларымыз Түркістанға келген соң мұнда 1920 жылы Түркісті теміржолы салынып жатқан еді. Ата-бабаларым теміржолдың салынуына демеушілік ретінде екі жүздей жылқы берген екен. Алайда артынан олар көмектеске ұшырап, Сібірге айдауға жіберілген.

— Сіз үшін фотография деген не? Бір ауыз сөзбен қалай түйіндер едіңіз?

— Фотография бұл — тарих, дерек, өнер. — Әңгіменізге рақмет! Шығармашылық табыс тілейміз!



Қазақстандықтар қазан айынан бастап Сауд Арабиясына еш кедергісіз ұша алатын болды. Кедергісіз деуімнің себебі – Алматыдан Қызыл теңіз жағалауындағы Жидда қаласына тікелей рейс ашылды. Бұдан былай Air Astana әуекомпаниясы аптасына 2 рет, ал желтоқсан айынан бастап 3 рет қасиетті Меккенің қақпасы саналған Жидда қаласына тікелей рейстер орындайтын болды.

Әсілінде бұған дейін отандастарымыз Араб түбегіне чартер рейстері арқылы немесе өзге қалалардағы түйісу рейстері арқылы жеткен. Мұндай сапардың бірнеше қолайсыз себебі бар. Чартер сіз қалаған уақытқа ыңғайы келмеуі мүмкін, ал түйісу рейстеріне көп уақыт кетеді, яғни өзге қалалардағы әуежайда рейсіңізді ұзақ күтіп, шаршап қалуыңыз бек мүмкін. Қазанның алғашқы аптасында ашылған бағыттың қаншалықты тиімді екенін, сондай-ақ Жидда бізді несімен таңғалдыратынын білу мақсатында сапар шегіп кайттық.

**ЗИЯРАТ – ІЗГІЛІКТІҢ КІЛТІ**

Сауд Арабиясына баруға қызықтыратын бірнеше себеп бар-тұғын. Алдымен мұнда мұсылман қауымы үшін киелі саналатын қос шаһар бар ол – Мекке мен Мәдина. Бұл шаһарларға ғасырлар бойы зиярат ету үшін миллиондаған жан сапар шеккен. Қазақстандықтар да жыл сайын мыңдап аттанып, Жаратқанға жақын болу мақсатында қасиетті Қағбаға тәу ету үшін барады.

2019 жылдан бастап Сауд Арабиясы туризмді дамыту мақсатында күллі адамзатқа есігін айқара ашқан. Бұған дейін өзге дін өкілдерін жеті рет зерттеп барып елге кіргізетін болса, енді христианның да, иудейдің де, тіпті тибеттік монарх та Араб түбегін қызықтауға бара алады. Тек виза мақұлдана болғаны. Оған қол жеткізу тіпті оңай. Құжатты электронды түрде толтырып, тиісті жарнасын төлесеңіз (қазақстандықтар үшін 67 мың теңгенің айналасында), сіз визаны небәрі 20 минутта аласыз.

Сауд Арабиясы – экономикасы қарқынды дамып жатқан елдердің бірі. Әлбетте, елге ағылып жатқан қаржының негізгі көзі – мұнайда. Десе де, өндірісі мен өнеркәсібі қатар өрбіп келе жатқан елге бизнесмендер де көз тігуде. Біздің елдің бай-бағылдары қаржысын салып, еселеуді көздейсе, арабтармен бизнес бастаса да болады. Бүгінде Қазақстанның бұл елге де берері де, сатары да жетерлік. Мәселен, Араб түбегінің халқы Еуразия кіндігінде орналасқан қазақ елінен ауылшаруашылық өнімдерін сатып алуға қызығушылық танытуда. Жиддадағы Бас консул Руслан Коспанов ет өнімдеріне сұраныс жоғары екенін айтады.

**• КЕРЕК КЕҢЕС!**

- Телефон не ноутбугыңызды қуаттау үшін арнайы адаптерді бірге алып шыққаныңыз абзал. Сауд Арабиясында ток көзі 3 санғылаудан тұрады.
- Сауд Арабиясында байланыс қымбат, сондықтан қазақстандық нөміріңізді роумингке қосып алғаныңыз абзал. Бағасы тиімді болу үшін алдын ала арзан нұсқасын операторлардан біліп алыңыз немесе халықаралық eSIM байланыс түрін пайдаланыңыз.
- Таксиді Uber қосымшасымен шақырасыз болады алайда оның машакаты көп, көп жағдайда мекенжай араб тілінде жазылады. Көшеге шығып, қол созып та такси тоқтатуға рұқсат етілген. Барлық таксиде есептегіш орнатылған. Көрсетілген сома көп болса, саудаласуға да болады.
- Дүкендердегі азық-түлік бағасы біздікімен бірдей. Жеміс-жидек арзан болса, химиялық турмыстық заттардың бағасы жоғары. Мейрамхана, кафелердегі тағам бағасы біздікінен қымбат.



**Жидда:**

**ҚЫЗЫЛ ТЕҢІЗДІҢ  
ЖАУҺАРЫ -  
Меккенің  
ҚАҚПАСЫ**

**БАБАЛАР ІЗІМЕН...**

Тарихқа көз жүгіртсек, Араб топырағына аяғы тиген бабаларымыз жетерлік. Тіпті мұнда Тобықты елінің би болысы Құнанбай да болған. Ол тіпті Ұлы даладан келіп тәу етушілер үшін Меккеде қонақүй салдырған. Сонымен қатар Шәкәрімнің де қажы атанғанын білеміз. Қазақтың атын әлемге паш еткен палуан Мұқанның да Меккеге барып, Қажымұқан атанғанын естідік. Әлбетте бабаларымыздың көзлегені – Мекке мен Мәдинаға жетіп, құлшылық ету. Олар елге араб мәдениетін емес, ісі мұсылман қауымға тиесілі ислам құндылықтарын жеткізді.

О заманда қиырдағы елге бару үшін денсаулықты сарп етіп, бірнеше айды артқа тастап барып жететін. Мұндай сапардан талай азамат қайтпай да қалды. Құнанбай қажының өзі Жидедайдан Меккеге күзде аттанып, келер жылдың көктемінде дін аман оралған. Қазір мұндай ауыр сапарларды тек кітаптан ғана оқимыз. Ал бүгінгі зияраттың жөні бөлек.

Біз мінген ұшақ бортының 70 пайызға жуығын зиярат жасаушы бауырлар толтырды. Жолға 6 сағат уақыт кетті. Жиддаға жақындап, Микаг аумағына ендік дегеннен бастап көбі ихрамға оранды. Олар ұшақтан түскен бойда Меккені бетке

алды. Қасиетті қалада әуежай болмағандықтан, барлық тәу етушілер алдымен Жиддаға келетін. Кеме қабылдайтын ірі порт та осы қалада орналасқандықтан, ғасырлар бойы ел Жидданы «Меккенің қақпасы» деп санайды.

Екі шаһардың арасы – 100 шақырым. Сіз автобуспен немесе сағатына 300 шақырым жылдамдықпен жүретін пойызбен жете аласыз. Экспресс пойызға міну құны – 6 000 теңге. Автобус одан да арзан. Меккеде 2 миллионға жуық халық мекен етеді. Қала қыратты аймақта орналасқандықтан, адасып кету қаупі жоғары. Сондықтан сізді ертіп жүретін гид немесе діни ұстаздың жаныңызда болғаны абзал.

Меккеге тәу етушілер үлкен дайындықпен келетіні сөзсіз. Олар зиярат етудің қыр-сырына қанық болып, діни ғұрыптан хабары болады. Десе де, нөпір халықтың арасына түскенде қиындықтар туындайтыны анық. Сондықтан жол бастаушы, ақыл қосушы ұстаздар сізді ислам ережелеріне сай Қағбаны айналыртып, Сафа мен Маруаның арасында жүргізеді. Кей тұста жүгіруге де тура келеді. Содан соң шаш алдыруға барасыз.

Міне, осыдан кейін ғана сіз Умра қажылығын өтеген болып есептелесіз. Ал оның қабыл болуы бір Аллаға ғана аян. Айтпақшы, зәмзәм суын Қағбаны тәу етіп, екі рәкат намаз оқыған соң барып шөліңіз қанғанша ішуге болады.

Үлкен қажылық Зул-Хижжа айында жасалады. Жоғарыда атап өткен рәсімдермен қатар тағы бірнеше шарт орындау парыз. Біздің топты осында білім алып жүрген Заманбек бауырымыз бастап жүрді. Ол тарихпен қоса жергілікті халықтың тыныс-тіршілігімен таныстырып, қай тұста дұға оқу керекенін еске салып тұрды. Мұнда Заманбектен бөлек бірнеше қазақстандық білім алып жүр. Сондай-ақ Мәдинада де бірнеше қазақ балалары білімі алып жатқанын жеткізді.

**ЖИДДА: ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ, КЕМШІЛІГІ БАР МА?**

Меккеден бөлек біз бірнеше күн Жидданы араладық. Қала мәдениетімен танысып, Қызыл теңіздің көк айдынына кемемен шығып кайттық. Туристерді шақыру бір бөлек те, оларды қызықтыра алу – екінші мәселе. Жиддалықтар бұл тұрғыда біраз шаруа тындырып үлгерген екен. Десе де, олқылықтар жоқ емес.

Қала мен елдегі жолдардың сапасы өте жоғары. Көлік көп болғанымен кептеліс жоқ десе де болады. Алайда қоғамдық көліктер жоқтың қасы. Қалалық автобустарды көшеде ілуде бір байқайсың. Қалада 4 миллион халық тұрады. ЛРТ не болмаса метро жоқ. Елдің басым бөлігінің жеке көлігі бар. Жанар-жағармай арабтар үшін қолжетімді бағада сатылады. Тақси қызметі жақсы дамыған. Туристер үшін бағасы қолайлы.

Сауда үйлері мен моллдар, мейрамханалар мен кафелерде есеп жоқ. Алайда стритфуд форматында тамақтану некен-саяқ. Түрлі ұлттың асханасын байқауға

бірнеше жылда сүренсіз күйге жеткізген.

90-жылдардың басында Сауд патшасы тарихи ауданның ұрпақ үшін құнды жәдігер екенін түсініп, оны сақтап қалу мақсатында ұйым құрды. Сол басталған жұмыстың нәтижесінде 2014 жылы Әл-Балад ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра нысандарының тізіміне қосылды. Бүгінде бұл аудандағы ең көне ғимарат 5 ғасыр бұрын тұрғызылған. Мемлекет тарапынан аудандағы ескі ғимараттарды қалпына келтіру үшін 13 млрд АҚШ доллары бөлінген. Біле-білесек, бұл деген қыруар қаржы.

Әл-Баладтың шағын көшелері сізді орта ғасырдың аурасына сіңіріп алып кетеді. Мұндай архитектура туристер үшін таптырмайтын локация. Ауданда бірнеше көше бар. Барлық тұста сауда қызып жатыр. Тура шығыс базарына тап болғандай күйді кешесіз. Тауарды саудаласпай сатып алу құпталмайды. Сондықтан бағаны түсіру барысында саудагермен жылы диалог өрбиді. Ең соңында сіз де, ол да риза күйде қаласыз.

Шаһар теңіздің жағалауында орналасқандықтан, мұнда океанариум болатыны анық. Факих деп аталатын акваорталықта балықтың 1 200 түрі бар. 7 500 теңгеге билет сатып аласыз да, теңізде жойылуға жақын қалған балық түрлері мен қатар жыртқыш акуланы да тамашалайсыз. Тіпті, Перудан алдырған 4 пингвинді де жақынан көруге болады.

Қызыл теңіз болғандықтан, сапарлап барғандар суға шомылуды да көздейтіні түсінікті. Ол үшін арнайы жабық жағажайлау ұйымдастырылған. Сауд Арабиясында көрінген жерде суға түсуге болмайды. Сондықтан бұған мұқият болғандарыңыз абзал. Егер қаржыңыз жеткілікті болса, 6-7 адамға ыңғайланған яхтаны жалға алып, жағалаудан 30 шақырымдай жердегі рифтерді тамашалап қайтуға болады.

Біз де мұндай мүмкіндікті бос жібермедік. Қызыл теңіздің рифті табаны расымен түрлі балық әлеміне бай екенін көрдік. Мұндайды алғаш көрген турист таңғалмай қоймайды. Жағалаудан 30 шақырым ұзап кетсек те, мұндағы судың тереңдігі 1-2 метр айналасында. Жүзуге де, сүнгуге де қолайлы.



**СӨЗ СОҢЫ...**

Саудияға сапарлағанда қаржыңызды доллар мен еуроға айналдырып немесе банк карточкасына теңге күйінде салып алыңыз. Ел тұрғынының қолындағы 1 сауд риалы біздің 128 теңгеге пара-пар. Демек, 100 риал төле десе, сіздің ұғымныңызда ол – 12 800 теңге деген сөз.

Елге қайтарда дүкен аралап, сыйлық алуды ұмытпадық. Бұл жақтың құрмасының дәмі расымен ерекше екен. Бағасы да қолжетімді. Сондықтан құрманың бірнеше түрін сатып алдық. Сондай-ақ сіз жайнамаз, тәспих, тақия алып кетесіз болады. Айтпақшы, әуежайда арнайы қаптамаға оралған зәмзәм суы да сатылады. Бағасы 5 литр үшін 8 риал. Әзіңізбен бірге шетелге зәмзәмның тек осы түрін ғана алып кете аласыз.

Дүкенде тропиктік жеміс те өте арзан бағаға сатылады. Егер манго, маракуя, папая дегенді ұнататын болсаңыз, оны да Қазақстанға алып кете аласыз.

Болады. Бәрі халал стандарттармен жұмыс істейді. Шошқа етінен өзирленетін тағам таппайсыз. Спиртті ішімдіктер атауымен жоқ. Тек дүкендерден градусы 0 болатын сыраны көрдік.

Соңғы жылдары саудиялықтарға ән айтып, музыка тындауына еркіндік берілген. Сондықтан диско не лаундж форматтыңдағы мейрамханалар көптеп ашыла бастаған. Келікте отырып, түрлі музыкалық радиоарнаның барын білдік. Көлік демекші, елдегі әйел азаматтар да еразаматтармен қатар темір тұлпарды тізіндей алатын болды. Бірнеше жыл бұрын мұндайға рұқсат берілмейтін.

Жиддаға қайта келетін болсам, міндетті түрде Әл-Баладты тағы бір тамашалайтын едім. Бұл – шаһардың тарихи ауданы. Мұндағы алғашқы ғимараттың іргетасы VII ғасырда салынған. Бүгінге дейін ол уақыттың көзі дейтіндей бірде-бір ғимарат қалмаған. Өткен ғасырдың 70-80-жылдарына дейін мұнда арабтар қоныстанған. Елде мұнай пайда бола бастаған соң олар өздеріне жаңа сарайлар соғу үшін қаланың өзге аудандарына көшіп кеткен. Әл-Балад елге ағылған мыңдаған кедей мигрантқа қалған. Олардың өзге елдің мәдениеті мен тарихына жаны ашысын ба, бұл ауданды айналдырған



Аскар БЕК

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінде облыс әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетовтың төрағалығымен азаматтардың әскери-патриоттық сезімін ояту, әскери қызметтің жеңілдіктері мен артықшылықтарын жеткізу, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде жұмылдыру ресурстарын цифрлық трансформациялау тақырыбында кеңес өтті. Отырысқа Қазақстан Қарулы күштерінің бас штабы ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті бастығының орынбасары Руслан Омаров қатысты.



## ОТАНШЫЛДЫҚ РУХ ОЯНБАЙ, ЖАҚСЫ САРБАЗ БОЛМАЙДЫ

Жиынды ашқан облыс әкімінің орынбасары Бақытжан Хабарұлы өз сөзінде жастардың бойында отаншылдық рухты көтеріп алмай әскерге шақыру, әскери міндет туралы құр айту жөнсіз екенін атап өтті.

«Жастардың бойына патриоттық сезімді дарыту керек. Ол үшін облыстық деңгейде максатты жұмыстар жүргізілсін. Аудан әкімдері өз деңгейлерінде балабақшалардан бастап, отаншылдық рухтағы тәрбие мәселесіне көңіл бөліңіздер. Жастар ел алдындағы, Отан алдындағы борышын өтеуге ерікті түрде, мақтанышпен баратындай деңгейге жету керекпіз», — деді аймақ басшысының орынбасары Бақытжан Нарымбетов.

Ал Қазақстан Қарулы Күштерінің Бас штабы ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары депар-

таменті бастығының орынбасары Руслан Омаров болса, әскери қызметте жемқорлыққа жол бермеу мәселесі өте өзекті екендігіне тоқталды. Ол өз сөзінде жемқорлықтың алдын алу үшін қазір цифрлық жүйеге біртіндеп көшіп жатқанын атап өтті.

«Жастардың бойына әскери-патриоттық тәрбие беру — бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Бұл жұмысқа барлық мемлекеттік органдар жұмылдырылуы тиіс. Сонда ғана біз патриот жастарды өсіре аламыз. Бүгінгі таңда әскерге баратын жастарды ҰБТ-дан босату, әскери кафедраларға оқуға қабылдау мәселелері шешілді. Әскери саланы цифрландыру мәселесіне қатысты да жұмыстар жүргізіліп жатыр. Біз бүгінде барлық мемлекеттік органдардың базаларынан 18-60 жасқа дейінгі ері азаматтарға қатысты ақпараттарды

біріздендіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Бұл бізге өзімізге қажетті ақпаратты тез табуға мүмкіндік береді. Әскери саланы цифрландыру жұмыстары алда да жүре береді», — деді Қазақстан Қарулы Күштерінің Бас штабы ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті бастығының орынбасары Руслан Омаров.

Жиында бұдан бөлек, әскери саладағы жемқорлықтың алдын алу мәселесі талқыланды. Аймақ басшысының орынбасары Бақытжан Нарымбетов «Жемқорлыққа жол бермеу үшін адами факторды азайту керек. Өкінішке қарай, бізде қорғаныс саласында әлі барлық құжат адам қолымен толтырылады, анықтамалардың бәрі адам қолымен беріледі. Біз осыны азайтып, толық цифрлық жүйеге көшуіміз керек», — деді.

БҚО Қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары Альберт Бекмұхановтың айтуынша, биыл күзде облыс бойынша 600-дей адам әскер қатарына шақырылады деп жоспарланған.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,  
Батыс Қазақстан облысы

## ҚҰТҚАРУШЫҒА ҚҰРМЕТ БӨЛЕК

19 қазан — Құтқарушылар күні. Құтқарушылар — уақытпен санаспай адам өмірі үшін жан беріп, жан алыстан ардақты мамандық иелері. 1995 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен құрылған арнайы қызмет күні бүгінге дейін халыққа қалтқысыз еңбек етіп келеді. Батыс Қазақстан облысында да Құтқарушылар күні жоғары деңгейде аталып өтті.



Бұрын адамдарды, қоғамды апаттық жағдайдан құтқару жұмыстарын көбіне қоғамдық ұйымдар, құтқару бекеттері атқарып келген. Тек 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылып, осы құжат негізінде 19 қазан Құтқарушылар күні болып белгіленген.

Төтенше жағдайлар саласы үлкен жауапкершілікті талап етеді. Қауіпті қызмет кез келген тосын жағдайдың алдын алып, зардабын жоюға үлкен күш жұмсайды. Апатқа ұшырағандарды құтқарып, алғашқы жәрдем көрсетеді. Сол үшін де құтқарушылар қажетті құрал-жабдықтармен барынша қамтылуы тиіс.

Кешегі Түркиядағы зілзала кезінде де қазақстандық құтқарушылар тыным таппай еңбек етті. Құтқарушылар адамды нәсіліне, дініне бөлмейді. Оларда шекара жоқ. Барлық адамды құтқару жолында бастарын қауіп-қатерге тігіп жүре береді.

БҚО Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері жыл басынан бері 2000-ға жуық апаттық құтқару жұмыстарына шыққан. Нәтижесінде, 327 адам құтқарылып, 276 адам қауіпсіз жерге шығарылыпты. Оны ішінде 200-дей бала бар.

Құтқарушылар күніне орай өткен салтанатты жиында Батыс Қазақстан облысы әкімі Нариман Төреғалиев қатысты. Алдымен облыс әкімі төтеншеліктердің техникалық жабдықтармен танысты.

Биылғы жылы төтеншеліктерге бірнеше жаңа техника алуға қаржы бөлінген. Соның нәтижесінде 10 көлік, 9 суда жүзу көлігі, 60-қа жуық қажетті құралдар алыныпты.

Аймақ басшысы бейбіт күннің батырларын төл мерекелерімен құттықтады.

— Азаматтық қорғау органдарының әскери қызметшілерін, өрт сөндірушілер мен құтқарушыларын, апаттық медицина қызметкерлерін, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы міндеттерін орындап жатқан тұлғаларды кәсіби мереке — Қазақстан Республикасының Құтқарушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Біз құтқарушылардың жаһандық төтенше жағдайлардың салдарымен тек біздің елде ғана емес, бүкіл әлемде қаншалықты жанқиярлықпен күресіп жатқанын көреміз. Мысалы, Түркия мен Ауғанстандағы жер сілкінісіне көмектесті, еліміздегі орман өрті, су тасқыны, техногендік апаттар мен зіл-зала кезінде төтенше жағдайлар қызметкерлері ерқашан бірінші болып көмекке келеді. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан азаматтық қорғаныс саласын техникалық базасын нығайту үшін көп қаражат бөлінуде. Біздің өңірде Бөрлі ауданының Ақсай қаласында мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі салынғанын айта кету керек. Таяу болашақта Теректі мен Бәйтерек аудандарында өрт сөндіру депосының салу жоспарлануда. Сонымен қатар елді мекендерде ескірген өрт сөндіру депосының орнына жаңа заманауи ғимараттар салу жобасы әзірлену сатысында, — деді Нариман Төреғалиев.

Осы мерекелік кеште өз қызметінде белсенділік көрсеткен бірқатар төтеншеліктер Облыс әкімінің қолынан арнайы марапат алды.

Мереке концерттік бағдарламамен жалғасты.

Ж. ҚАЙЫРҒОЖИНА

## ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ КӨКЕСІ ЖЕТІСУДА МА?



Жетісу өңіріндегі білім саласын жайлап алған жемқорлықтың алғашқы шулы дерегі 2021 жылы ақпанда тіркеліп, ол кезде тұтас облыс болып тұрған Алматы облыстық білім басқармасы басшысын қоса алғанда, осы салада жүрген бірнеше адам ұсталған болатын. Ал 2022 жылы облыс Алматы және Жетісу облыстары болып, екіге бөлініп кетті.

Биылғы көктемде Талдықорған соты пара алды және алаяқтық жасады деп айыпталған Алматы облысы Білім басқармасының басшысы бастаған бір топ қызметкерге қатысты үкім шығарды. Олар тергеу материалдарына сәйкес, 2020 жылдың тамыз-қараша айлары аралығында мемлекеттік сатып алу саласында қылмыстық әрекетке барған. Шулы істің нүктесі қойылғандай болғанда, нақтырақ айтқанда, биылғы сәуірде Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласы білім бөлімінің бас есепшісі Панфилов ауданында мемлекеттік шекарада ұсталып, оның автокөлігінен қорап-қорап ақша табылады. Осы дабыралы оқиғаның барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтегілердің бірнеше ай бұрын қалалық білім бөлімі бастығын қамғау алғаны белгілі болды. Соған қарағанда, шектен шыққан жемқорлықтың түйіні басшының ұсталуынан соң біртіндеп тарқатыла бастағандай. Сәуірден бергі жарты жылда өңірдегі білім саласында елді аландатқан тағы біраз жағымсыз жағдайлар тіркелді.

Қолымызға келіп түскен соңғы ақпараттарға қарағанда, жемқорлыққа қарсы күресетіндер биылғы еліміздегі ең шулы жемқорлықтың бірі ретінде тіркеліп, жетісулық білім саласындағыларды жерге қаратқан оқиғаның жай-жапсарын анықтапты. Дәл қазіргі кезде шектен шыққан сыбайластықтың кесірінен бір ғана қалалық білім бөліміне қарасты мектептерде барлығы 4,6 млрд теңгенің қаржылық бұзушылықтары болғаны анықталыпты. Нақтырақ айтқанда, Жетісу облысы

орталығында орналасқан 29 мектептің төртеуі ғана жемқорлықтан таза болып шыққан да, қалғандарының барлығы былыққа батқан. Алды жүзлеген миллионды қалталарына басса, соңғылары бірнеше миллионды жымқырған. Талдықорған қаласы орталықтандырылған бухгалтериясының бас есепшісі мен мектеп есепшілерінің ісі бойынша жүргізіліп жатқан сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында 25 мектептегі 4,6 млрд теңгеге қаржылық бұзушылықтардың беті ашылыпты. Қалалық білім бөліміне қарасты 4 мектепте: №23 (ауылдық), №24 мамандандырылған лицей, №29 (жана мектеп), №3 Д.Рақышев атындағы мектеп-интернатта ғана қаржылық былық-шылық тіркелмеген.

Тергеу амалдарының қорытындысы шыққанға дейін қала бойынша 3 мектеп басшысы өз қалауы бойынша жұмыстан шығару туралы өтініш беруіне байланысты атқарып отырған лауазымдарынан босатылыпты. Бұлардың ішіндегі ең қомақты қаржы жымқырылып, мемлекеттің 85,5 миллион теңгесін қолды қылған №6 орта мектептің жетекшісі бар. Өз еріктерімен қызметтен кеткендердің тағы бірі Б.Жолбарысулы атындағы №18 орта мектебінің басшысы болса, екіншісі — №22 орта мектептің директоры. Осы үш мектепке жарияланған конкурс нәтижесінде жаңа басшылар тағайындалып, оларға мекемеде жұмыс істеп жатқан қызметкерлерге ешқандай қысым көрсетпеу, жаңа оқу жылын ойдағыдай өткізу туралы тапсырмалар берілді. Тергеу барысында ірі көлемде жымқыру

анықталған 6 мектеп басшысымен жеке әңгімелесу барысында оларға да өз қалаулары бойынша босатыпты. Бұл алты білім ошағының ішінде 299,8 млн теңге болатын ең ірі көлемдегі қаржылық жымқыру Б.Сырттанұлы атындағы №25 орта мектепте анықталған. С.Мұратбеков атындағы №9 орта орта мектептегілер де қалыспаған. Мұндағылар 262,8 миллион теңгені түгендеп бере алмаған. Қалған төрт білім ошағында: №2 орта мектепте 104,7 млн теңге, №20 мамандандырылған лицейде 64,8 млн теңге, №27 орта мектепте 45 млн теңге, №15 орта мектепте 41,2 млн теңге жымқырылған.

Тағы төрт мектептің басшысының мәселесі майшаммен қаралуда екен. Олардың ішінде 62,9 млн теңге қолды болған Ш.Уәлиханов атындағы №10 орта мектеп-гимназияның, 165,8 млн теңге жымқырылған М.Ломоносов атындағы №5 орта мектеп-лицейдің, бұрынғы жұмыс орны — №12 бойынша 178,6 млн теңге табылмай отырған №16 орта мектеп-гимназияның, бұрынғы жұмыс орны Н.Островский атындағы №8 орта мектепте 662 млн теңге жымқырылған №29 орта мектептің директорлары бар.

Орташа есеппен бір айлық жалақы қоры 40 млн теңге болатын мектептерде аударымдар жүргізілу барысында ауытқуларға жол берілген 8 мектеп басшысының тәртіптік жауапкершілігі қаралып жатқан көрінеді. Олардың қатарында қаладағы №13 орта мектептің (бұрынғы жұмыс орны №16 орта мектепте орын алған ауытқу үшін), №4 орта мектептің, М.Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназияның, №28 ІТ-лицейдің, №17 орта мектептің, №14 орта мектеп-гимназияның, №8 орта мектептің (бұрынғы жұмыс орны Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиядағы ауытқуға байланысты), №15 орта мектептің (бұрынғы жұмыс орны №13 орта мектептегі ауытқу үшін) директорлары бар.

Ал қалалық білім бөліміне қарасты, орталықтандырылған бухгалтерия арқылы қаржыландырылатын 4 ауылдық мектептегі (№11, 21, 22, 26) есепшілер арқылы жымқырылған сома — 1 млрд 208 млн теңгені құраған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресушілер мемлекеттік миллиондары жымқырылған білім ошақтарындағы қаржыға жауапты тұлғалар жауапкершіліктен құтылып кетпейді, алда әлі атқарылар жұмыстар, анықтар жағдайлар бар деп отыр. Шынында да, солай болуға тиісті. Өйткені еліміздегі білім ошақтарында оқу жылы басталысымен түрлі жұмыстарға ата-аналардан ақша жинау басталатынын жасырып қалуға болмайды. Баласы үшін аузындағыны жырып беретін көпшілік соған қарап, білім саласын қаржыландыру нашар екен деп ой түйіп жүрсе, мектептерге мемлекеттен бөлінген миллиондар «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетіп жатыр екен. Бұған айналдырған 29 мектеп қарайтын қалалық білім бойынша соңғы бірер жылда 4, 6 миллиард теңгенің сайда саны, құмда ізі қалмағаны, жымқырылып кеткені дәлел бола алады.

Болат АБАҒАН,  
Жетісу облысы



# Мәуліт мерекесі

**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Астана қаласы өкілдігінің ұйымдастыруымен елорда төріндегі Бейбітшілік және келісім сарайында «Ізгілік жаршысы Өз Мұхаммед» рухани мәуліт кеші өтті.**

Мәуліт (араб тілінде – «туу») – Мұхаммед пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) туған күнін мерекелеу. Бұл мейрам мұсылман ай күнтізбесінің үшінші болған рабиғ әл-әууәл айының 12-күні тойланады. Айтулы мерекеле мұсылман қауымы ай бойы мешіттерге жиналып, діни әндер айтып, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірі туралы уағыздар оқылып, басқа да іс-шаралар атқарылады. Мәуліт мерекесінің шымалдығын ашқан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы жиналған жамағатты ерекше мейраммен құттықтады.

— Аса рахымды, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Екі дүние сардары болған адамзаттың асылы пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) туралы қанша айтсақ та, артық етпейді және оның әр ісі мен сөзі үмметіне өнеге. Мәуліт мейрамы рабиғ әл-әууәл айында кіреді. Адамзат тарихында ең ұлы сүйікті Пайғамбарымыз хазірет Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дүниеге келуі жөнінде Алла Тағала қасиетті Құранда былай дейді: «Уа, адамдар, сендерге өз араларыңнан хак пайғамбар келді. Сендер тауқыметке ұшырасандар оған ауыр тиелі. Ол сендердің тура жолда болғандарыңды қалайды. Ол мүміндерге сондай жанашыр, өте мейірімді» («Тәуба» сүресі, 128-аят). Сондай-ақ «Ахзаб» сүресінің 56-аятында былай дейді: «Расында, Алла (ен сүйікті құлы, пайғамбарлардың ең ардақтысы Мұхаммед) пайғамбарға үнемі шексіз нығметі мен рақымын төгіп,



күннен-күнге мерейін өсіруде. Алла және Оның періштелері Пайғамбарға (шексіз рақымын төгіп) салауат айтады. Уа, иман келтіргендер! Ендеше сендер де оған шын жүректен салауат айтып, құрметпен сәлем жолдандар!» Біз Мәуліт айын ерекше күтеміз. Мәуліттің атап өтілуі кезінде ислам ғұламалары жоғары баға берді. Қазіргі біздің жағдайымызда Мәулітті мерекелеу тіпті міндет десек те болады. Өйткені басқаны қойғанда, мұсылмандардың өз арасында өмірдегі басты идеалы болуы тиіс. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) аты-жөнін де жөнді білмейтін, діни ұстанымдарды дұрыс түсінбейтін жандар бүгінде жетерлік. Сондықтан Мәуліт мейрамының аясында біз Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) туралы, оның алдындағы міндеттеріміз, сүннетін сақтау жайында мешіттерде, іс-шаралар мен жиындарда жалпы халыққа мол мағлұмат беріп, дініміздің тағылымдары жайлы үгіт-насихат жүргіземіз, — деді Бас мүфти.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы биыл «Дін саласында ислам және ізгі қоғам» жылы деп жариялап, бес

бағытқа басымдық берді. Алғашқысы – «Дін мен дәстүр».

«VIII ғасырдан бері ислам дінін қабылдап, күні бүгінге дейін момын мұсылман болып келе жатқан елміз. Ата жолын қадірлеп, анасын ардақтаған, салтын берік ұстанған жұртпыз. Сондықтан әрқашан исламды жіті менгеріп, салт-дәстүрімізді сақтап, қолдан келгенше қоғамға насихаттап, жастарға үйрету әрбір аға буынның міндеті», — деп атап өтті Наурызбай қажы Тағанұлы.

Кеш аясында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен «Дін мен дәстүр» республикалық жыр мұшайрасының қорытындысы жарияланды. Жүлделі I орын Әлібек Шегебайға, жеңімпаз Умира кіші қажылыққа жолдама алды. II орынды (200 мың теңге) — Бекжан Әшірбаев пен Бауыржан Әлқожа, III орынды (150 мың теңге) Рауан Қайдаров пен Салтанат Төребекқызы иеленді. Сондай-ақ биыл — Бейбарыс бабамыздың 800 жылдық мерейтойы. Осыған орай Қазақстан

**Ерсейіт Бралин – 141 келі тасты еркін көтеріп жүре алатын алапат күш иесі. Оған қоса, қарапайым темір емес, арматураны ие алады. Сонымен бірге Ерсейіт Бралин пауэрлифтингтен спорт шебері атағын да иемденген. 33 жастағы**



**толағай Атырау облысына қарасты Құрманғазы ауданындағы №7 өрт сөндіру бөлімінде өрт сөндіруші болып жұмыс істейді. Спорт – оның хоббиі ғана.**

## ҚАЖЫМҰҚАННЫҢ ІЗІН ЖАЛҒАҒАН ЕРСЕЙІТ



«Біздің жұмысымыздың ерекшелігі сол, өрт сөндіру, құтқару жұмыстарында физикалық мықтылық пен арнайы дайындық өте қажет. Сол себепті спортқа арнайы уақыт бөлемін», — дейді Ерсейіт Бралин.

Бастапқыда әуесқойлық қызығушылықпен спортқа келген Ерсейіт мектеп ішіндегі, кейін ауыл ішіндегі түрлі спорттық шараға қатыса бастаған. «Наурыз тойы, Желі күні, Ораза айт, Құрбан айт сияқты түрлі мерекелерде біздің ауылымызда міндетті түрде бұқаралық шаралар болады. Сол шараларда қазақша күрес, кір тасын көтеру, қой көтеру сияқты жарыстарға қатысатынымын. Сөйтіп, бірнеше рет жеңімпаз атанып жүрдім. Спортпен кәсіби тұрғыда айналысамын деген ниет осындай кішігірім жеңістерден туындады», — дейді Ерсейіт.

Жақында Ерсейіт Маңғыстау облысында өткен «Толағай» атты алыптар сайысына қатысып келді. Ол бір минут ішінде қашықтыққа салмағы 141 келі

табиғи тасты көтеріп жүру, ұзындығы кемінде 80 см және 150 см аспайтын, диаметрі 14-16 мм-ден кем емес арматураны мойынға қойып ию, ұзындығы 2-3 метр, салмағы 500 келі арбаны сүйреу, ұзындығы 150 см аспайтын, салмағы 10 келі ұшы темір, табиғи ағаштардан жасалған найзаны қашықтыққа лақтыру бойынша сынға түсті. Атыраулық алыптың мықтылығы мен ептілігіне көрермендер де тәнті болған. Осылайша, Ерсейіт Бралин жеңімпаз атанып, желтоқсан айында өтетін республикалық алыптар сайысына жолдама алды.

«Толағай» сайысы — батырларымыздың жүріп өткен жолын дәріптейтін, қазақтың этноойындарын жаңғыртатын ерекше жоба. Қазақ халқы қашанда темірден түйін түйіп, тау көтерген батырларымызбен ерекшеленген. «Толағай» — Балуан Шолақ, Қажымұқан аталарымыздың ізін жалғаушы батырларымызды танытатын ерекше жоба. Сондықтан мұндай алыптар сайысына қатысып, өнер көрсету мен үшін үлкен мәртебе болды», — дейді Ерсейіт Бралин.

Ерсейіт аптасына үш мәрте ұш сағатын жаттығуға арнайды екен. «Тренерім Александр Литвиновке алғис айтамын. Ол кісі спортшыны жеңіске жетелейтін мінез екенін үйретті. Спортшы үшін жеңіске деген ұмтылыстың болуы аз. Спортшыда өзіне тән мінез, жігер болуы қажет», — дейді Ерсейіт.

Ерсейіт есімі әлемге жайылған Қажымұқан Мұнайпасовты өзіне үлгі тұтады.

Баян ЖАНУЗАҚОВА

## СЕЛЖҰҚ ДӘУІРІНЕН СЫР ШЕРТКЕН ШЕБЕРЛЕР

**Астанадағы Has Sanat өнер галереясында «Анадолы гравюралары, шыны мен керамикалық бұйымдары Атажұртта» атты көрмесінің ашылуы өтті. Түркияның 100 жылдығы аясында ұйымдастырылған шарада түркиялық суретшілер Ибрагим Кушлу мен Джумхур Айгүннің еңбектері көпшілікке ұсынылды.**

Көрмеге келушілер қылқалам шеберлерінің жұмысын ерекше ықыласпен тамашалады. Себебі галереядағы әрбір туынды ежелгі түркі дүниесінен сыр шертеді. Мәселен, Ибрагим Кушлуның алып келген 280 бұйымының әрқайсысының өзіндік сыры бар. Оның айтуынша, керамикаға деген қызығушылық бала күнінен басталған. Сол 13-14 жасынан басталған қызығушылық есейе келе кәсіби түрде керамикалық жұмыстармен айналысуға түрткі болыпты. Осылайша, 25 жасынан бастап өзінің жеке ұстаханасын ашқан ол қазір түрік өнері мен мәдениетін насихаттауға үлес қосып келеді екен. Өз жұмыстарына тек дәстүрлі арнайы плиткаларды қолданатынын айтқан ол: «Бүгінгі туындыларымыздың арасында Селжүк, ертедегі Осман империясы кезеңіндегі керамикалық жұмыстарды байқауға болады. Өйткені біз барлық материалды көне технологиялық жолмен дайындаймыз. Бояуларды да өзіміз жасаймыз. Әр бұйымды жасар алдында әр кескіннің шығу тарихына үлкен мән береміз. Ол туралы тарих беттерін парақтап, ұлттық музейлердегі археологиялық заттарға

зер саламыз. Мысалы, кейде қазба жұмыстарынан алынған кескіннің бір бөлігін тарихтан қарап, ары қарай қалпына келтіреміз. Өкінішке қарай, қазір біздің елде мұндай техникамен жұмыс істейтін 3 ұстахана ғана қалды. Себебі бұл жұмыспен айналысуға жастар құлықсыз», — дейді Ибрагим Кушлу.

Ал Джумхур Айгүн графикалық дизайн және фотосуреттермен айналысып жүргеніне 30 жыл болыпты. Соңғы бес жылын тек гравюр дайындауға арнаған қылқалам шеберінің жұмысы шыдамдылық пен тиімділікті талап етеді екен. Оның туындыларында да ежелгі түркі елдерінің алғашқы коллекцияларының дизайны қазіргі заманға бейімделіп, заманауи дәстүрлі түрде басылғанын байқауға болады. Ерекшелігі сол, суретшінің туындысы қолдан жасалған қағазға басылған өрі бұл баспа өнеріндегі ең көне әдіс.

Тың технология мен көне әдісті шебер ұштастыра білген түрік колөнершілерінің туындыларын көргісі келетіндер үшін 8 қарашаға дейін галереяның есігі айқара ашық болады.

Ж.МҮСІПІМ



Асыл ТҰМАР



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ПАШЛАЕР:**  
Абзал ААПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Роза ШӘКЕН —  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНУЗАҚ —  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4366  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілегі көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,